


821.512.122-1

Т-90


ЖЫРҒА ҒАШЫҚ ЖҮРЕКТЕР



Айгүл ТҮСІПБЕКОВА
Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ

Айгүл ТҮСІПБЕКОВА
Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ

ЖЫРҒА
ҒАШЫҚ
ЖҮРЕКТЕР



Қарағанды – 2023

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Қаз)-5

T90

T90 Айгүл ТҮСІПБЕКОВА,
Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ, Жырға ғашық
жүректер. Өлеңдер, айтыс, естеліктер.
202 бет. Қарағанды-2023.

20

ISBN 978-601-7652-60-9

- 53952 -

Қарағандылық қаламдас "құда-құдағи" – белгілі қаламгер Төлеубай Ермекбаев пен әйгілі айтыс ақыны Айгүл Түсіпбекованың ортақ мұқаба иеленген осынау айтыс, жыр жинағынан бүгінгі адам-қоғам, өмір-өнер тынысы, кешегі жастықтың жалын қызуы мен елжіреген жүректің ерке лүпілі анық сезіледі. "Құда мен құдағи" арасындағы айтыс әлеуметтік желінің ғана емес, кітапсүйер қауымның да олжасы болары анық. Жыр әлемінде өзінің ерекше қолтаңбасы бар қос қаламдас-замандастың әр өлеңі өмірге іңкәрлік пен асқақ азаматтық ұстанымын паш етеді.

Өлеңсүйер оқырманға арналған.

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-601-7652-60-9



9 786017 652609

© Түсіпбекова А.
Ермекбаев Т.,
2023

ЖАҢҒЫРҒАН ДӘСТҮР

Кейінгі бір-екі жылдың көлемінде әлеуметтік желі бетінде Құда мен Құдағидың (Төлеубай Ермекбаев пен Айгүл Түсіпбекова) айтысы біраз жұрттың айызын қандырған тамаша жыр сайысы ретінде есімізде қалды.

Жазба айтыс (хат арқылы) үлгілері ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болып қалыптаса бастаған. Бұл үрдіс ХХ ғасырдың басында халық ақындары арасында дәстүрге айналып, қатты дамыған. Жазба айтыс үлгісі көбіне ақындардың бір-біріне хат арқылы жауаптасуы негізінде өрбіген. Мәселен, «Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Қаңлы Қожа» немесе «Алты ақынның өмірі туралы» айтыстар тарихта осылай қалған.

Міне, Төлеубай мен Айгүлдің арасындағы жазба айтыс жырларын оқи отырып, осы дәстүрдің жоғалып кетпей, қайта жаңғырғанына куә болдық. Әдемі, жеңіл әзіл-қалжыңға құрылған айтыс желіде отырған көпшіліктің көңілінен шығып, үлкен қолдауға ие болды. Құда мен құдағидың кезекті айтысын асыға күтетін өнерсүйер қауымның қарасы уақыт өткен сайын көбейе түсті. Әлеуметтік желідегі бұл айтыс түрінің көпшіліктің көңілінен шығуының да бірнеше себептері бар. Ең бастысы, Төлеубай мен Айгүл табиғатынан ақын жандар болатын. Төлеубай Ермекбаев — қаламы жүйрік журналист, публицист ретінде республикаға танымал азамат. Шығармашылық жолын өлең жазудан бастаған лирик ақынның жеке жыр жинағы жарық көрген. Ал, Айгүл Түсіпбекова — есімі жалпақ жұртқа айтыскер ақын ретінде танылған ару. Бір басына өнердің сан-алуан қыры қонған, талантты ақын. Әншілігі мен сазгерлігі өз алды-

на үлкен әңгіме. Осындай өлең өлкесінде еркін қанат қаққан шығармашылық жандардың айтысы неге осал болсын?!

«Құда мен құдағи» айтысының көркемдік деңгейі өте жоғары. Сахнадағы айтыстарға қарағанда жазба айтыстың артықшылығы да осы көркемдік деңгейімен өлшенсе керек. Бұл айтыс жырларынан таза қазақы таным мен астарлы қалжыңды мол ұшыратуға болады. Мәселен:

ҚҰДАҒИ:

...Құданың жылытырап тұр беті мүлде,
Сарыағаш суын ішіп, кекіруде.
Менімен жуа теріп қайтсам дейсіз,
Жарай ма тізең тасқа секіруге?

ҚҰДА:

Баяғы жас кезімдей лапылдадым,
Құдағи түсінер деп ақын жанын.
Сізге де сары майдай жақса керек,
Құдағи, Сарыағашқа шақырғаным...

Еріксіз езу тартқызар мұндай тұздықты шумақтар айтыс нәрін одан сайын кіргізе түсері сөзсіз. Екі жылдай әлеуметтік желінің көзайымына айналған «Құда мен құдағи» айтысы жеке жинақ ретінде жарық көргелі отыр екен. Заманы бір сырлас, мұраты бір құрдас ақындардың шығармашылық жолдарына сәттілік тілейміз!


Қойлыбай АСАН

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
ҚР Мәдениет қайраткері, филология
ғылымдарының докторы, профессор

ҚҰДАҒИ,
БІР ПАРТИЯ...

Айтыстар





**ҚҰДА – Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының
мүшесі**





**ҚҰДАҒИ — Айгүл ТҮСІПБЕКОВА,
Қазақстан Республикасының
Мәдениет қайраткері**



АРҚАНЫҢ АЙГҮЛ АҚЫНЫ

Айгүл Түсіпбекова!

Бұл есім Арқаның өнер сүйген қауымына өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында, тоқсаныншы жылдарының басында жақсы таныс еді. Қолына үкілі домбырасын ұстап, үстіне оқалы кәмшат көйлегін киген Айгүл ақын толған Айдай толықсып, сахна төріне жарқ етіп шыға келгенде, залда отырған қауымның делебесі қозып, қиқулап кететін.

Алаш арыстарының атамекені Ақтоғай ауданының текті топырағында дүниеге келген, құнарлы өлкеден тамаша тәлім-тәрбие алған Айгүл ару Мұхаңша айтар болсам, «қазақ даласының тасада өскен бір гүлі» еді!

Мектептен кейін Айгүл қыз арман қуып, жұмақ қала Алматыға барды. Қыздар педагогикалық институтына оқуға түсті. Сабағын оқи жүріп, өнер десе ішер асын жерге қоятын

сұлу қыз ЖенПИ-дің «Айгүл» халық ансамблінің белді де беделді бір мүшесі болды.

Бірінен бірі өтетін сұлу қыздар бозбалалардың жүректерін өртеп, өнер сүйген қауымды әйбат әндерімен, әсем билерімен қарық қылып, көпшілік қауымның көзайымына айналды. Еліміздің талай қалаларында өнер сапарымен болды. Тіпті шетелге гастрольге шығып, қазақ өнерінің даңқын аспандатып қайтты.

Өз басым Айгүлді сол өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңынан бастап жақсы таныдым. Құдайшылығын айтайын, өнеріне құлай ғашық болдым.

Газет редакциясында қызмет атқаратын кезім. Облыс аумағында өтетін дүбірлі өнер кештерін құр жібермейміз. Сондай шаралардың бірінде Айгүл теміртаулық дәрігер Қасым Ботановпен айтысқа шықты. Қасым ағамыз сол кезде медицина саласында жүрсе де, өнерге оң бүйірін беріп тұратын сері азамат болды.

Айгүл мен Қаскеннің сол айтысы көрермен қауымның ыстық ықыласына ие болды. Ел үлкен құрмет көрсетіп, екеуін біразға дейін сахнадан жібермей қойды. Жылдар бойы айта жүретіндей жарасымды айтыс болып шықты!

Амал нешік, Айгүл ақынның айтыстағы өмірбаяны қамшының сабындай ғана қысқа болды. Бір жағынан, етегіне оралған сәбиі бар тұрмыстағы келіншек еді. Екінші жағынан, сол өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының орта кезіне қарай елдегі жағдай өте ауырлап кеткен. Жұмыс жоқ, үй суық, адамдардың қабағы қату. Жалақы айлап берілмейтін. Жаппай қысқартулар кезеңі басталған. Мұндай кезде сахнаға шықпақ түгілі, тамақ асырап, жан сақтаудың өзі үлкен уайым еді.

Осындай жағдайларға байланысты Айгүл

ақын нағыз дер шағында ақ тұлпарын қаңтарып, айтыспен қош айтысты. Отбасына оралды. Мемлекеттік қызмет саласындағы болмашы жұмысын, жарытымсыз жалақысын қанағат етті. Дара дарынның бойындағы өнері осылай іште тұншығып қалды.

Айгүл ақын бүгінде – асыл жар, аяулы ана, ардақты әже. Қарағанды қаласында тұрады. «Фейсбук» әлеуметтік желісі арқылы өзінің өлеңдерін, ой-пікірлерін жариялап жүреді.

Өнер жолындағы қырық жылығы еңбегі кеш те болса лайықты бағаланып, «Мәдениет қайраткері» деген құрметті атаққа ие болды.

Тәуба деп айтайын, Айгүл ақын дүниеге келген текті топырақ Ақтоғай елімен алты жыл бұрын құда болдым. Қызық болғанда, менің құдаммен Айгүл ақын нағашылы-жиенді болып шықты. Ал, құдағыммен аттас көрінеді.

Осылайша ол бүгінде менің жақсы бір құдағымға айналды. «Көңіл көңілден су ішеді» дейді дана халқымыз. Тәңір тілеуін бергір «Фейсбук» желісі арқылы өнердегі құрдасым, өмірдегі сырласым, жаны жайсаң Айгүл құдағыммен бірер жылдан бері өзара қайым айтыс жасап, өзін-қалжың айтып жүрміз. Желі оқырмандары тарапынан бұл айтыс ыстық ықыласқа ие болып, жоғары бағалануда.

Әлеуметтік желідегі жанашыр достарымыз «Құда мен Құдағи айтысының» бір шоғырын шағын кітап қылып шығару туралы ұтымды ұсыныс білдірген еді. Қолдарыңыздағы бұл кітап өнер жанашыры, ақтоғайлық бір азаматтың шапағатымен жарық көріп отырғанын атап айтқым келеді.

Қабыл алыңыздар!

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

АЛПЫСҚА КЕЛДІМ АҢҚЫЛДАП...

Сынаптай сырғыған уақыт шіркінге не дауа бар екен? Күнді апта, аптаны ай, айды жыл қуалап, өмір көші алға заулап барады. «Бара жатқан зымырап, байқалмайды уақыт» деген осы да.

Несін жасырайын, өмірдің ағынымен аңқылдап жүріп, 60 жастың асуына қалай жеткенімді өзім де байқамай қалған жайым бар. 60 жас!

Бұл – азамат өмірінің үлкен бір асуы!

«Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,

Жүрегім, жалын атқан сөз дайында!» деп, қазақтың ақ алмас ақыны Қасым Аманжолов ақтарыла жырлағандай, өткен өмір белестерімді өзімнен артық кім біледі?! Сондықтан 60 жастың асуында отырып, артымда қалған өмір белестерін жадымда тағы бір жаңғыртуды жөн көрдім.

* * *

Менің туған ауылым – жазиралы Жанаарқа жазығындағы Атасу теміржол стансасы.

Атасу!

Базарлы балалығымның бадәурені өткен, асық атып, доп қуған, достарыммен алаңсыз асыр салып өскен ардақты ауылым менің! Ұланбайтақ Қазақстанның географиялық картасында кішкентай ғана нөкат болғанымен, оның орны мен үшін ерекше бөлек.

Менің туған ауылымды күретамыр секілді екіге бөліп, ортасынан қақ жарып өтетін теміржолдың арғы бетіндегі үйлердің сыртынан көзге таныс, көңілге ыстық Қазантау көрініп

тұрады.

Қайран Қазантау!

Сенің баурайыңда балалық балдәуренім қалды. Бір қараған адамға дала төсінде төңкеріліп түскен қазан секілді көрінетіні рас бұл таудың.

Әлі есімде, бала кезімізде ауылдың балалары осы Қазантаудың басына қыс айларында шаңғымен, шанамен шығып, ойынға қарық болып қайтушы едік. Қарға оранған тау басынан қолшанамен төмен сырғанаудың қызығына әсте тоймайтынбыз.

Кейде таудан төмен қарай зымырап келе жатқан шанамыз жол-жөнекей тасқа, тобылғының түбіріне соғылып, бірер мөңкіп қалса, өзіміз сыпырылып түсіп те қалатын кезіміз болады. Ал, қолшанамыз талай жерге дейін зырлап кетіп қалады.

Оны ерінбей алып келіп, тау басына қайта шығамыз. Сырғанап барып тоқтаған шанамызды сүйретіп, аюдың қонжығы сияқты қайтадан таудың басына қарай қорбаңдай жүгіріп бара жатамыз.

Сөйтіп жүргенде қыстың қысқа күні ұясына қарай құлдилап, қас қарайып бара жатады. Үйдегі шаруа, қорадағы мал, ертеңгі сабақ сол кезде ғана есімізге түседі. Үсті-басымыз қарға көміліп, бетімізді аяз қарып, маңдайымыз бусанып, ауылға масайрап келе жатамыз. Қандай ыстық, неткен тәтті десеңші біздің сол бір балалық балдәуреніміз!

Кейде Аралтөбе, Қужалтау, Ақшағат жаққа шаңғымен барып, қоян мен қарсақтың, түлкінің ізін қағамыз. Жанымызда жыламандаған тазы иттеріміз арсалаңдап жүреді.

Жаяу-жалпы балаларға қырдың ытқи секіріп тұрған ор қояны мен қу түлкісі ұстата қоя ма?

Ұстатпақ түгілі, құйрығын да көрсетпейді. Ал біз қанжығамыз майланбағанымен, қар жамылған тау бөктерінен із қаққанымыздың өзін олжа көріп, мәз болып қайтушы едік. Ақ көрпесін қымтай оранған дала төсінде шым-шытырық іздеріміз қалады...

Басқасын айтпағанда, туған жердің тұнық ауасының өзі неге тұрады, шіркін! Аяғыңның астыңда күн сәулесімен шағылысқан ақша қар сықыр-сықыр етіп, көз қарықтырады.

Айналаң — қарға оранған сайын дала мен тау жоталары, қозыкөш жерде — мұржаларынан қою түтін будақтаған ардақты ауылымыздың үйлері. Ол үйлерде асыл аналарымыз бен қамқор әжелеріміз біздің қамымызды ойлап, қысқы соғымның сүр еті мен қазы-қартасын былықтып асып, айрандарын ұйытып, жолымызды қарайлап жүреді.

Беу, дүние-ай! Туған жердің төсінде алаңсыз асыр салумен өткен қайғысыз-қамсыз балаалық балдәуреніміз-ай біздің!

Қақаған қаңтар мен ақырған ақпан айларында Арқаның ақтүтек бораны апталап соғатын күндерді де көрдік. Ауыл арасындағы алаңқайларды алып қалатын күртік қар үйлердің үстімен жүріп кететін.

Тіпті, кей күндері Қарабас, Айранбай, Жақан, Мақаш деген көрші ақсақалдардың үйлерін осындай ақ борандардан соң қалың күртік қар басып қалып, ауыл жігіттері бұл үйлердің сыртқы есігін төбесінен аршып, тесіп беретін. Өзіміз де үйдің айналасын басып қалған күртік қарды күрекпен қазып, «Тескентау» жасап ойнаушы едік.

Қыстың жағдайы осылай болғанда, көктем айларында ауылымызда күркіреп, су таситын. 13

Мол түскен қардың арты көгілдір көктемде ағыл да тегіл суға ұласпағанда қайтеді енді? Ондай күндерде теміржолдың бойына көтерілер тұстағы ойпатпен сарқырап аққан қар суынан өте алмай, мектептегі сабағымыздан бірнеше күн қалып та қоятынбыз.

1978-ші жылы Қаражал қаласындағы №1 мектепті бітіріп, орта білім туралы аттестатты қолыма алдым. Алдымда сан тарау өмір жолдары жатты. Журналистика факультеті жаныма жақын еді. Бірақ, ол кезеңде тек Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде ғана журналистика факультеті болды.

Тіл-әдебиет факультеті де журналистикаға бір табан жақын ғой. Соңдықтан, сол жылдың қоңыр күзінде Қарағанды Мемлекеттік университетінің филология факультетінің қазақ тобына оқуға түстім.

17 жасқа енді толған түбітмұрт бозбала кезім. Аудиторияға кіріп келсем, самсаған қалың қыздардың ортасында шошайып, екі жігіт қана отыр екен. Мен үшінші болып жандарына отырдым. Әзілхан ағаның «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы Ербол кейіпкері сияқты жанарлары жәудіреген қалың қыздың арасына жасқана енген сол бір сәт әлі есімде.

Тобымызда 22 қыз, 3 жігіт болдық. Ұстаздарымыз кейде аудиторияда отырған студенттерді түгендеуге ерінеді де, көзбен бір шола салады. 2-3 қыз сабақта болмаса да, білінбей қалады. Ал, үш жігіттің біреуіміз сабақта болмасақ, ұстаздарымыз:

- Ау, үшіншілерің қайда? - деуші еді.

...1981-жылдың сәуір айы енді ғана басталған.

Ол кезде Қарағанды Мемлекеттік университетінің филология факультетінің үшінші курсын аяқтауға

жақындап қалғанмын. Облыстық «Орталық Қазақстан» және «Жезқазған туы» газеттерінде балауса өлеңдерім жарияланып тұратын. Бірер өлеңім республикалық «Мәдениет және тұрмыс» журналына, шағын пародияларым «Қазақ әдебиеті» газетіне де шығып үлгерген.

Университетімізде сол жылдары жиі өтіп тұратын дүбірлі жыр кештерінде басқа да студенттермен қатар мінберге шығып, өрімтал өлеңдерімді оқитынмын. Филология факультетінің «Балауса» қабырға газетіне өлеңдерім жиі жарияланатын. Мұның бәрін сол кезеңде Қазақстан Жазушылар одағының облыстық бөлімшесін басқарған ардақты Жайық Бектұров ағамыз көңіліне тоқи жүріпті.

Бір күні сабақта отырғанымда шұғыл түрде мені деканатқа шақырған хабар жетті. Мұндайда студентте жан қала ма? Екі өкпемді қолыма алып, дереу жетіп бардым.

Филология ғылымының кандидаты, айда-рынан жел ескен айбынды деканымыз Болат Әбішұлы Байтанаев маған күле қарап:

- Жолағ жинал, бала! - деді.

- Қайда?

- Алматыға баратын болдың. Жақында Қазақстан жазушыларының кезекті республикалық съезі өтеді. Сені жас қаламгер ретінде сол съезге баратын Қарағанды облысының ақын-жазушыларының делегациясына қосыпты.

Мұндай аса қуанышты хабарды тосыннан естіген де қиын болады екен. Сол жерде айбарлы деканымызға:

- Сабақты не істеймін? - деппін.

Бөкең қарқ-қарқ күлді. Ер мінезді, асыл азамат еді. Кейін Түркістан университетінің проректоры болып жауапты қызмет атқарып

жүрген шағында беймезгіл өмірден өтті.

- Сабак қайда қашады дейсің? Алматыға барып қайт. Мұндай мүмкіндік бола бермейді. Сабағыңнан он күнге босатамыз. Әуелі ауылыңа барып кел. Содан кейін жазушылар делегациясымен бірге Алматыға жүресің. Қайтып оралған соң біздің факультеттің студенттеріне съезден алған әсеріңді айтып беруді ұмытпа! - деді деканым.

Сәуірдің ортасына таман Алматыға да жүріп кеттік. Республика жазушыларының съезін бетке алған облыс қаламгерлерінің делегациясына арнайы купе вагон бөлініпті.

Ардақты Жәкеңнің сол бір әкелік қамқорлығын күні бүгінге дейін үлкен ризашылық сезіммен сүйсіне есіме алып жүремін. Несін айтасыз, өмір бойы ұмытылмас жазап бір сапар болып еді ол!

Мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаевтің жарқын жүзін, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Бауыржан Момышұлы, Сырбай Мәуленов, Әзілхан Нұршайықов, Олжас Сүлейменов, Оралхан Бөкеев, Мұхтар Шаханов, Фариза Оңғарсынова, Исрайыл Сапарбаев сияқты аттарына сырттай табынып келген аяулы қаламгерлердің асыл бейнелерін сол сапарда көзіммен көрдім. Әңгімелерін өз ауыздарынан естіп, үлгілі сөздерінен өмірлік өнеге алуға талпындым. Қазақстан жазушыларының сол бір VIII съезінің әрбір сәті жадымда мәңгілік жатталып қалды.

- Мен бұл сапарға жас та болсаң сені алып барайын деп ұйғардым. Үлкен жазушыларды жақыннан көріп, сөздерін өз ауыздарынан тыңдағанға не жетсін, шырағым! - деді Жәкең қайтар жолда.

«Мың да бір мәрте рахмет сізге, қамқор қариям менің!» деймін мен іштей үнсіз тебіреніп. Содан кейін жазушылар құрылтайынан алған көл-көсір әсерімді студент достарыма жеткізіп бере алсам жарар еді деп қобалжымын. Ардақты Фариза Оңғарсынова апайдың «Өмірде де, өнерде де мақтан етер азамат бол, айналайын!» деп «Шілде» атты жыр жинағына өз қолымен жазып берген мен үшін өте қастерлі қолтаңбасына елжірей қараймын.

Көңіл төріндегі әсер көл дариядай еді. Сайын дала төсінде жүйткіген жолаушылар поезының доңғалақтарымен бірге жас жүрегім дүрсілдей соғып, қиял құсы шартарапқа самғай қанат қағып келе жатты...

Үшінші курсты бітірген соң мені М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға ауыстырды. Кеңес Одағы заманында сондай бір жақсы дәстүр болған еді.

Ұлттық кадрларды даярлау мақсатымен одақтас республикалардың жоғары оқу орындарының студенттері арасынан оқу озаттарын таңдап алып, Мәскеу, Ленинград, Қазан, Омбы, Новосибирск университеттеріне оқуларын жалғастыруға ауыстырып тұратын. Осылайша үлкен оқу орнында орыс тілінде оқытып, жазғы демалыс кезінде өндірістік тәжірибеден өтуге өз елдеріне жіберетін.

Ал, журналистика факультетінде оқу менің мектептегі кезімнен ақ арманым еді. Сол кезеңде Қазақстанда екі университет қана болды. Журналистика факультеті Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде ғана бар еді. Алматыға жол түспеді де, Қарағанды университетінің филология факультетін қанағат



256699 -

етуіме тура келген.

Осылайша ойламаған жерден ақ арманым орындалып, атақты Мәскеу университетінің журналистика факультетінде оқуымды жалғастырудың сәті келе кетті. Факультетіміз басқа болғандықтан, пән айырмашылықтары көп болды да, үшінші курсты қайта бастауға тура келді. Алайда, бұған тіпті де өкінген жоқпын. Мәскеуде оқу, аты әлемге мәшһүр университетте білім алу деген бақыт емес пе!

Дегенмен, Қарағандыда қалған қимас достарыммен арадағы байланысымды жоғалтқан жоқпын. Сәті келген шақта ұшаққа отырып, елге тартып кетуші едім.

Қарағандының ескі әуежайы басынан Талғат Байсарин, Шапағат Жалмаханов, Мәлік Белгібаев, Мұрат Хасенов, Құрманғазы Сембиев бастаған ақкөйлек студент достарым құшақ жая қарсы алатын. Содан жатақханаға барып, думан кешіміз одан әрі жалғасып кете барушы еді-ау. Ол дәурен де қазір санадағы сарғайған сағынышқа айналды.

Мәскеу қаласында оқыған үш жылым — өмірімнің ең бір сәулелі сәті, керемет кезеңі!

Шверник көшесінің бойында айқара ашылаған кітап түрінде айырықша сәулет үлгісімен салынған 16 қабатты ДАС (Дом аспирантов и студентов) жатақханамызда өзінің үлкен асханасы, кафесі, кинотеатры, кітапханасы, спортзалы, тұрмыстық бөлмелері болды. Одақ көлеміне аты танымал белгілі қаламгерлермен, өнер адамдарымен кездесулер жиі өтіп тұратын.

М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің ғимараты қаланың Моховая көшесінің 18 бойындағы №9 үйде орналасқан. Бұл арадан

Қызыл алаңға дейін таяқ тастам ғана жер.

Факультет ғимараты — ескі үлгіде салынған үш қабатты сары үй. Алдында М.В.Ломоносовтың еңселі ескерткіші бар.

Бір қараған адамға сыртынан қарапайым ғимарат сияқты болып көрінетін бұл ғимараттың іші көрген адамның көңілінде көркем театр үлгісімен безендірілгендей әдемі әсер қалдырады. Мәрмардан өрілген баспадақтар мен колонналар, жарқыраған шырағандар, еңсесі биік ғимарат кімді де болса сүйсіндірмей қоймайды.

Біз оқыған жылдар Кеңес Одағы заманы болғандықтан, факультеттің үлкен екі аудиториясының бірі Ленин аудиториясы, екіншісі Коммунистік аудитория деп аталатын. Бір ғажабы, студенттерді сабақ сайын атын атап, тексеру деген мүлдем болмайтын. Солай болғанымен, әдебір дәлелді себеп болмаса, сабаққа қатыспайтын студенттер сирек еді. Себебі сабақтар өте қызықты өтетін. Факультеттің «Журналист» газеті, фотозертханасы, баспаханасы мен телестудиясы бізді қатты қызықтыратын.

Қазақстандық студенттермен байланысымыз жақсы болды. Мерекелік шараларда бірге болып жүрдік. Бірде барлығымыз Мәскеу түбіндегі Дубосеково разъезіне арнайы барып, 28 панфиловшы жауынгерлердің жаумен соғысқан жерін, болашақ ұрпақтарға арнайы сақталып қойған траншеясын, қазақстандық жауынгерлердің қыр басындағы алып ескерткіштер кешенін, Нелидово деревнясындағы панфиловшыларға арналған мұражайды тамашалап қайтқан едік.

...Әлі есімде, 1986 жылдың қаңтар айының соңы еді. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің журналистика 19

факультетін бітіріп, одан кейін Кеңес Армиясы қатарында Отан алдындағы әскери міндетімді өтеп, жаңа жыл қарсаңында елге қайтып оралғанмын.

Облыстық «Орталық Қазақстан» газеті редакциясының еңбекшілер хаттары және бұқаралық жұмыс бөліміне тілші болып, қызметке тұрдым.

Көз салып қарасам, газет редакциясында қызмет атқарып жүргендер шетінен «сен тұр, мен атайын» дерлік кілең ығай мен сығай журналистер көрінеді. Олардың арасында аға буын өкілдерін айтпағанда, Өтен Ахметов, Зарқын Тайшыбаев, Шайхан Жандаев, Еркін Лұқпанов, Сүйіндік Жанысбаев, Айқын Несіпбаев, Бағдат Мекеев, Мағауия Сембаев, Гүлсім Оразалиева, Оңайгүл Тұржанова, Саттар Тұрғамбеков, Дәулетбек Мақашев сияқты атынан ат үркетін мықтылар бар екен.

Ал ендеше! Университет табалдырығынан кеше ғана шыққан мен сияқты көкөрім жас тілші мұндай қабырғалы қаламгерлер арасынан топ жарып шыға ала ма? Бұлар тіпті газет бетінен орын бермес. Есім барда елімді тапқаным жөн шығар-ау осы менің! «Жаңаарқа» аудандық газеті де тақияма тар келе қоймас. Сонда барсам ба екен?

Осылай қобалжып жүргенімде осы ардақты ағаларым мен абзал апаларым мені өздерінің қатарына қолтықтап, қосып алды. Содан өмір ағынымен газеттің қара жұмысына жегіліп кете бардық.

Газет жұмысына енді араласқан алғашқы айларымда «Орталық Қазақстан» газетінің сол кездегі редакторы, ұлағатты ұстазым

көзге көрінуіме тікелей өзі ықпал етіп отырды. «Даңқ» орденінің үш дәрежесінің толық иегерлері, қарағандылық соғыс ардагерлері Мүтәш Сүлейменов, Иван Карабанов, Николай Покатилов жайлы очерктер топтамасы, Кеңес Одағының Батыры Мартбек Мамыраев туралы поэма-очеркім, Социалистік Еңбек Ері Қасым ТәуKENOV пен медицина ғылымының докторы, профессор Қани Мұсылманбеков жайлы көлемді материалдарым газет редакторы Тілеухан Жүсіповтың тікелей тапсырмалары бойынша жазылған еді.

Жеңіс мейрамы қарсаңында орыс тіліндегі бір кітаптан қарағандылық қазақ жауынгері жайлы жазылған бір тарауды да маған аудартқызып, газетіміздің үш санында жариялатқаны есімде. Осының барлығы қаламымның ұшталуына, жазуға төселуіме игі ықпалын тигізді.

Тілекеннің берген тапсырмасын ойдағыдай орындап шығуға жан-тәнімді сала кірісуші едім. Ол кісінің сенімін ақтап, газетке жақсы материал дайындауды өзімнің басты борышым деп білдім. Редакцияның апталық лездемелерінде менің газет бетінде жарияланған материалдарым жақсы бағаланып жүрді. Редакциямыз орналасқан ғимараттың бесінші қабатындағы «Қызыл тақтаға» да бірнеше рет ілінді.

Ол кезде облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясында сондай бір тамаша дәстүр бар еді. Аптаның таңдаулы деген материалы редакцияның шолу лездемесінде анықталып, секретариаттың жігіттері оның қиындысын бір апта бойы «Қызыл тақтаға» іліп қоятын. Мұның өзі журналистердің арасындағы шығармашылық бәсекеге жол ашатын.

1988 жылғы сәуір айының басында маған 21

республикалық «Лениншіл жас» газетінің редакторы Уәлихан Қалижанов телефон соғып, осы жастардың беделді басылымының орталық облыстар бойынша меншікті тілшісі болуға ұсыныс жасады. Менің алдымда бұл қызметті абыроймен атқарған талантты журналист Қайнар Олжаев республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің аппаратына қызметке шақырылаған.

«ЛЖ» менің қаламымды ұштап, қанатымды қатайтты. Материал дайындаудағы ұшқырлық пен жазу мәнеріндегі тіл жеңілдігіне үйретті.

Сол кезеңде газет бетінде жастар өміріне қатысты көптеген материалдарым жарияланды. Соның ішінде үш материал күні бүгінге дейін есімде сақталып келеді.

Бірінші материал — «Комсомол болғым келмейді» деп аталатын проблемалық мақала. Ол республикалық жастар газетінің бір бетіне жуық көлемде жарияланып, комсомол органдары мен жастар арасында қызу пікірталас тудырды. Тіпті орыс тіліне аударылып, «кіші ЦК-ның» бюро отырысында қарастырылды.

Екінші материал — Жезқазған қаласынан арыз хат жолдаған Айжан Сүтбаева деген студент қыздың арызын тексерудің нәтижесі бойынша жазылған «Арын арашалаған Айжан» деп аталатын мақалам. Сол күндері Жезқазған пединститутындағы озбыр деканның қуғынына түсіп, қорлық көрген Айжан қызға араша түскен бұл материал да оқырман қауым тарапынан ыстық ықыласқа ие болды.

Үшінші материал — сол кездегі Целиноград облысында астық жинау науқанына байланысты жазылған «Төгілген тердің төлемі» деп аталатын очеркім. Ол кезде электронды пошта да, факс те жоқ. Целиноград қаласындағы мейманхананың

бір бөлмесінде қолмен жазылып, жолаушылар ұшағымен жөнелтілген материалым ертеңінде «Лениншіл жас» газетінің бетінде етектей болып, жарқ ете қалған еді.

Республикалық «Лениншіл жас» газетіндегі жаңа қызметімді бір жарым жыл атқардым. Бұл бір жарым жыл мен үшін он жылға тең өмір мектебі болды десем, асыра айтқандық болмас. Өмір белесіндегі арайлы бір кезеңім еді ол менің. Бүгінде сол кезеңді сағына еске аламын.

Осы басылымда қызмет атқарған уақытымда Ерғали Сағатов, Жарылқап Бейсенбаев, Несіп Жүнісбаев, Дүрәлі Дүйсебаев, Өтеген Оралбаев, Сапарбай Парманқұлов, Ертай Бекқұлов, Қонысбек Ботбаев, Төрехан Данияров сияқты есімдері елімізге танымал қаламгерлермен етене таныс болдым. Бауыржан Омаров, Қыдырбек Рысбеков, Бейбіт Исабаев сияқты адал достар мен Әнуарбек Әуелбеков пен Гүлнар Мұқашева сияқты жаны жайсаң жақсы құрбы-құрдастар таптым. Сері күндерімнің серігі болған «Лениншіл жас» газетіне ризашылықтан басқа айтарым жоқ.

Республикалық жастар газетіне ауысқаныммен, қара шаңырағым «Орталық Қазақстаннан» да қол үзіп кетпедім. Жастар тақырыбына арналған материалдарым облыстық газет бетінде жиі жарияланып тұрды.

1989 жылдың қыркүйек айында мен облыстық комсомол комитетінің кезекті пленумында жаңадан ашылған «Қарағанды жастары» газетінің редакторлығына бекітілдім. Шығармашылық еңбек жолымдағы жаңа белес басталды. Жас журналистер Құлтөлеу Мұқашев, Әшімхан Жәмпейісов, Қойлыбай Асанов, Жомарт Оспанов, Балқан Ахметовтармен бірге 23

қазақ тіліндегі көлемі 8 беттік апталық жастар газетін тартымды да қызғылықты шығаруға күш салдық.

Осы кезеңде республикалық «Лениншіл жас» газетінің орталық облыстар бойынша өз тілшісі ретінде атқарған қызметім мен жинақтаған тәжірибем молынан кәдеме жарады. Жастардың проблемалық мәселелерін көтеруге күш салдық. Материал дайындаудағы ұшқырлық пен тіл жеңілдігі басты қағидамыздың біріне айналды.

Газетіміз аз ғана уақыттың ішінде 5 мың дана таралымға жетті. 1991 жылдың тамыз айында Кеңес Одағының шаңырағы ортасына құлап түскенше бәрі ойдағыдай жүріп жатты.

Ал, содан кейін...

Содан кейін «Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан ізде» дегендей, байтал түгілі, бас қайғы күндер басталды. Газет шығару былай тұрсын, елге тамақ асыраудың өзі уайымға айналды.

Жалақы айлап төленбеді. Үй суық. Адамдардың қабағы қату. Дүкендердің сөрелері жылан жалағандай бос қалды. Азық-түлікті талон жүйесі арқылы беріп жатты. Ол енді өз алдына бөлек бір хикая ғой...

1991 жылдың бірінші тамызынан бастап облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясына репортерлер тобының жетекшісі болып жұмысқа ауыстым. Ол кезде газет редакторы ардақты Нұрмахан Оразбеков ағамыз еді. Еңбек жолымды бастаған қара шаңырағым ғой бұл менің! Сондықтан Нұрмахан ағаның шақыруын қуана құп алдым.

Сол жылдың екінші қазанында қазақ халқының атынан Байқоңыр космодромынан ғарышқа қанат қаққан Токтар Әубәкіров ағамыздың ұшу сәтін көзіммен көру бақыты

бұйырды. Токтардың ғарышқа ұшу сәтін көру үшін арнайы шақырылған қазақстандық журналистер құрамына «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясы атынан қатыстым.

Сол тарихи оқиға туралы «Орталық Қазақстан» газетінің екі санында «Сұңқардың самғау сәті» деп аталатын деректі репортажым жарияланды. Бұл журналистік еңбек жолымдағы жарқын сәттердің бірі ретінде жадымда қалды.

* * *

20 жылдан бері мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп келемін. Тәуба деп айтпайын, бұл саладағы жұмысым да жеміссіз емес. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігінің жоғары ведомстволық наградасы болып саналатын «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен марапаттадым.

Қарағанды облысындағы қазақ баспасөзінің қара шаңырағы, торқалы 90 жасын күні кеше ғана салтанатпен атап өткен «Орталық Қазақстан» газетімен тығыз шығармашылық байланыста екенімді мақтанышпен айтамын.

90 жыл топта толғаған «Орталық Қазақстан» газеті менен тура 30 жас үлкен. Өзім еңбек жолымды бастаған «Орталығымның» мерейтойының соңы менің мерейтойыма жағасып жатады. Мұны да жақсы ырымға жоримын.

60 жас — ата жасы! Бұл жастың да өз қызықтары бар.

10-15 жыл бұрын ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, ұрпақ өрбітіп, ел ағасы жасына жетіп, байсал тартқан кезің бұл. Атың барда жер танып, асың барда ел таныған күндерің

артта қалып, жалаулы жастық дәуреніңді сағына
еске алып жүретін кезің. Сыйлы құдаларыңды
төріңе отырғызып, қылықтары балдай тәтті
немерелеріңді айналып-толғанып жүретін кезің
де – осы кезең.

Тәуба, өмір көші жалғасып жатыр!

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.



ЖАРТАС

(Қаламдас дос Төлеубайға)

Қаламы қара сөздің жорғасындай,
Тайпалған төрт тұяғы жолға сыймай.
Салмағы ойларының –
Сақасына
Сақ бабам құя салған қорғасындай.

Кекілін құлын кезде Күн бояған,
Тобығын ұрын кезде түн бояған.
Сүйетін Жаңарқасын – жан алқасын
Таппайсың жер бетінен мұндай адам.

Өзі ақын, өзі сері ісі батыл,
Дарытқан қаламының ұшына тіл.
Көзінде Сәкен аға сәулесі мен
сөзінде Махамбеттің сұсы жатыр.

Етене келетұғын ел ісімен,
Еріңнің ежелден-ақ өрісі кең.
Ақбозат мінбесе де «Тау ішінде»,
Топ жарып келе жатыр торысымен.

Жасында атанбаған тегін сылқым,
Жүйрікке берген емес тебін сыртын.
Арыны басылмаған арғымақтай,
Алау ғой алпыста да көңіл шіркін!

Демейтін, - уақытқа тізе бүктім,
Демінен демеу алып, мұз еріттім.

Арқардай жас бейнесі келеді әлі
Тарқалмай жанарында жүз еліктің.

Не керек қаласы мен қырға еңселі,
Сезімтал жүрегі бар білген соны.
Жасай бер Қазақ деген заңғар таудың,
Жартас боп жаратылған бір бөлшегі.

Абзал БӨКЕН,
Алматы қаласы.



БАЙҒАЗЫ ЖЫР

(Төлеубай бауырыма)

Иә, солай, өмір деген, Төлеш інім!
Бір шығар аман болса ер есімі.
Сен де бір Сарыарқаның сұрмергені,
Ұшы алтын сөз садағы жебесінің.

Тайыңнан жүйрік едің елге біткен,
Алдыңнан төр де күткен, бел де күткен.
Араға жылдар салып артын шолар,
Санада сәулесі бар пенде біткен.

Кезіңнен соңыма ердің асық атқан,
Өмірден ұйқас іздеп, басы қатқан.
Сен де бір Атасудың арлы өзені,
Бір жоғалып, содан соң тасып аққан.

Көгертіп көңіліңді жаздай көктем,
Қалқиды қанаттылар қаздай көктем.
Заманда уақыт тұрақ таптырмайтын,
Ақындар бақыттырақ жазбай кеткен.

Жаныңды жабырқатса бір сыдырғы ән,
Тұнықтың тұнбасы боп тұншы нұрдан!
Қолыңда қауырсыннан қаламың бар,
Қазақы қара сөзден қыл суырған.

Жолыңа Шолпан алаң, Айман алаң,
Айсызда адаспадың айдаладан.
Бауырым, 60 деген асуыңның,
Басына байлап кетсін байрақ ағаң!

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,
Нұр-сұлтан қаласы.

ДОС ЖҮРЕКТІҢ ЛЕБІЗІ

«Біз де үшеу едік, олар да үшеу еді» дегендей, Қарағанды Мемлекеттік университетінің филология факультетінің 1-курсына оқуға түскеннен кейін 1979 жылдың қазан айының екісі күні қас қарая картоп теруден келіп, ертеңіне таңғы сағат 8.15-те университеттің алғашқы студенттік сабағына барып едік. Мен, Мұрат Хасенов, Мәлік Белгібаев үшеуіміз сабақтан сілеміз қатып келіп, енді ұйқыға жатамыз ба дегенде, университеттің №4-жатақханасының 212-бөлмесіне үш жігіт сау етіп, кіріп келді.

Қорықпасак та, аздап сескеніңкіреп қалғанымыз рас еді. Бірақ, бейтаныс жігіттердің сөздері де, жүздері де жылы екен. Бұл жігіттер біз оқитын факультеттің 2-курс студенттері Ақылбек Отынбаев, Талғат Байсарин, Төлеубай Ермекбаев болып шықты. Сөйтсек, олардың бізге келгендегі мақсаттары өздерінен кейін оқуға түскен «інішектерімен» танысу екен. Бүгін алпыстың асқарына шығып отырған қадірлі Төлеубай досыммен бұдан бақандай 42 жыл бұрын осылай танысып едім.

Филология факультетіне оқуға жігіттер көп түсе бермейді. Сондықтан да төменгі, жоғарғы курс жігіттері бір-бірімен етене араласып, дос-жаран болып кете беретін. Біз де Төлеубаймен алғашқы айлардан-ақ тонның ішкі бауындай жақын араласып кеттік. Негізі адамдарды ортақ мақсат пен мүдде біріктіреді ғой. Біздің қоян-қолтық араласып кетуімізге себеп болған — факультеттің қабырға газеті мен «Балауса» студенттік әдеби-шығармашылық бірлестігі.

30 Кейбіреулер ойлайтындай, студенттік өмір қыз-жігіт болып, қызық-думан қуу емес.

Филфактың жігіттері бас қосқанда ақын-жазушылардың жаңа туындыларын ортаға салып, Мұқағали, Қадыр, Тұманбай, Фариза ақындардың өлең шумақтарын жатқа біріміз бастап, қалғанымыз аяқтап, жыр жарыс та ұйымдастыратынбыз. Төлеубай, Болат Асанов, Еркін Өкімбаев өз өлеңдерін, ортамыздағы жалғыз прозаик Талғат Байсарин новеллаларын, Мәлік Белгібаев өзіне тән позаға тұрып алып Олжастың, Мұхтардың өлеңдерін жатқа оқып, ортаға салатын. Ол кезде қазіргі ақтүйғын ақын Ғазиз Ештанаев өзінің бойындағы тамаша дарынын бес жыл бойы бізден жасырып жүріпті.

Мереке күндерінде жолаушылар поезымен Төлеубай досымыздың Атасу стансасындағы үйіне қонаққа жиі баратынбыз. Көпбалалы үй болса да, Мансұр әкей мен Бәтеш шешей топырлап барған жігіттерді өздерінің ұлындай қарсы алып, бар дәмді асын алдымызға тартатын. Жастықтың жалыны мен қызыл шарап қыздырған біздің артық-кем отырыстарымыз бен у да шу ән-жырларымызға әсте қабақ шытпайтын. Төлеубай досымыздың өзінен кейінгі інілері аға сыйлағаны сонша, бәйек болып, жағдайымызды жасап, алдымызда тік тұрушы еді! Мұның бәрі текті де бекзат ата-ананың тәрбиесі, өздеріне Құдайдың санасына берген әдемі әдептері екен ғой...

1987 жылдың шілде айында Кеңес әскерінің құрамына, одан әрі Ауғанстанға 25 жастан енді асқан қазақ аспиранты «керек» бола қалыпты. Содан мені Төлеубай досым мен жары Жамал өздері сол кезде университеттің отбасылық жатақханасында тұрып жатса да, аға-жеңгемдей таңға дейін әскерге шығарып салу мерекесін жасағанын қалай ұмытайын?! Ертеңіне қазіргі 31

облыстық әскери комиссариаттың жинау бекетіндегі темір шарбақтың арғы жағында маңдайым күнге күйіп, таңдайым кеуіп, өте қатты шөліркеп тұрғанымда, Төлеубай досым редакциядағы жұмысын Құдайға тапсырып, маған жүгіріп жеткені әлі жадымда. Қанатымен су сепкен қарлығаштай бәйек болып, салқын сыраны қолыма ұстатқанда, маңдай терім бүрк ете қалғаны-ай!

Балалықтың балдәуренін бірге өткізген Бектөре Бөкенов, Болат Сыздықов достарының айтуына қарағанда, Төлеубай бала кезінде анау айтқандай аса момақан бала болмапты. Ауылы Атасудағы орыс кемпірлердің бірі керексіз болып жатқан шыны бөтелкені алып, дүкенге өткізе қояйын десе, үшеуі одан озып барып, шынының аузына таспен жарықшақ салып, жарамсыз етіп кетеді екен. Ауылындағы орыстардың жайқалып тұрған бау-бақшасына жасаған «түнгі жорықтары» және бар...

Тәңірі адамдардың өмір сапарына ортақ сүрлеу мен соқпақ беруі мүмкін. Бірақ, әр адам сол соқпақты әртүрлі бағытта жалғастырады. Тағдыр, пешене, жазу деген осы шығар. Төлеубай бастаған сол үшеудің ешқайсысы біздің факультетті бітірмеді. Ақылбек екінші курстан кейін қайғылы жағдайда өмірден озса, ораддық досымыз Талғат оқудан шығып қалып, Сарандағы зауытқа жұмысшы болып кетті.

Ал, Төлеубай досымыз 1981 жылдың жазында 3-курсты бітірген соң, М.Ломоносов атындағы Москва университетінің журналистика факультетіне оқуға ауысты. Алыс қала, шағай жерде туған елден жырақта жүрсе де, Қадыр ақын айтпақшы, студент кезімізде оны «бір елдің басшысындай» шығарып салуымыз бен

қарсы алуымыз толастаған жоқ.

Төлеубай бұл оқу орнын ойдағыдай бітіріп, одан кейін бір жарым жыл әскери борышын өтеп келген соң өзінің еңбек жолын Қарағанды облысындағы қазақ баспасөзінің қара шаңырағы «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясында тілші болып бастады. Қаламы қарымды, жазуы жүйрік журналист қана болған жоқ, облыстық жастар газеті «Қарағанды жастарын» ұйымдастырып, артынан «Орталық Қазақстан» газетін басқарды. Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Саттар Ерубәев, Тоқтар Әубәкіров жайлы елді елең еткізген очерктерімен есімі елімізге танылды.

Бүгінгі күні де еліміздің ақпарат құралдары мен «Фейсбук» әлеуметтік желісінде оның оқырман олжасы болып табылатын материалдары жиі жарияланып тұрады.

Әсіресе, Арқаның айдын көлінің аққуы іспетті ақын, әнші Айгүл Түсіпбековамен біздің Төлеубай достың арасындағы «Құда мен Құдағи айтысы» — өнер сүйген қауымның бағалы рухани қазынасы. Сол қазына жырлар топтамасы кітап болып басылып, халықтың қолына тиіп отыр екен.

Ақ жол болсын!

Шапағат ЖАЛМАХАНОВ,

филология ғылымының докторы, профессор.
ҚАРАҒАНДЫ қаласы.



Қыздар педагогикалық институтының «Айгүл» вокалды-аспаптық халық ансамблінің қызғалдақ қыздары. Алматы қаласы, 1980 жыл.



Айтыскер Айгүл Түсіпбекованың айтыстан алған ақ тұлпары. 2007 жыл, маусым. Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы.

АҚТОҒАЙ ДАЛАСЫНЫҢ ҚЫЗҒАЛДАҒЫ

Айгүл Түсінбековаға

Шыққанда айтысуға Айгүл ақын,
Көңілін көрерменнің жай қылатын.
Әншілік, айтыскерлік дарынымен,
Халыққа қылған еді әйгілі атын.

Жасынан өнер болған ізгі арманы,
Ақтоғай даласының қызғалдағы!
Айтыста сахнаның сәні болып,
Жырларын жүректегі бізге арнады.

Басында бір шоқ үкі бұлақтаған,
Айгүлдің бұл суреті қымбат маған!
Тұрмыстың тауқыметі тұншықтырып,
Өнерін кеудесінде құндақтаған.

Ашылды бүгін қайта жыр бұлағы,
Қолдайды өнер сүйген құрбылары.
Айтысып Фейсбукте Құдасымен,
Өмірін өткендегі сыр қылады.

Құдасы шабытына қайрат беріп,
Биігін Ақсораңдай сайлапты елі.
Еңбегі 40 жылығы бағаланып,
Атаңды «Мәдениет қайраткері».

Көңілін Құдасының жай қылатын,
Беу, шіркін!
Айгүл әнші!
Айгүл ақын!
Еліңді өнеріңмен сусындатып,
Халыққа тарай берсін әйгілі атың!



«Құданың құтты болсын марапаты,
Жаһанға жатыр, міне, тарап аты...»
36 Қарағанды қаласы. 2021 жыл, маусым.



«Бүгінгі заманның Біржан салы» ақын,
қаламгер Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ.
Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы. 2022
жыл, маусым.

СЫРЛАСЫП ЖҮРЕР МЕ ЕДІМ ҚЫРАТ-ҚЫРДА...

Айгүл құдағи «Фейсбук» әлеуметтік желісіне ауылындағы қара шаңырақ үйінің қасында тұрған ардақты әкесінің ескі көк тракторының жанында түскен суретін жариялапты.

«Көк тракторды көргенде осы үйде өткен балалық балдәуренім мен қызғалдақ қыз-ғұмырым есіме түсті» деген мазмұнда көңіл сырымен бөліскен екен.

Құдағиға қалжыңдап, мына жыр шумақтарын жолдаған едім.

ҚҰДА:

Құдағи менен өлең сұрап тұр ма,
Мінгісі келді ме екен тракторға?
Сағынған жас дәуренді көңіл деген,
Тұяғы жер тарпыған құр ат бұл да.
Шіркін-ай, Құдағимен қолтықтасып,
Сырласып жүрер ме едім қырат-қырда...

ҚҰДАҒИ:

«Сырласып жүрер ме едім қырат-қырда»,
Құданың деген сөзі ұнап тұр да!
Қыр асып кететұғын жастан астық,
Әйтпесе, Құда мені сынап тұр ма?
Мінгізіп алсам ба екен тракторға,
Бір гәп бар сияқты ғой бірақ мұнда..?

ҚҰДА:

Құдағи, мені осылай күлдіріңіз,
Бір күннен қызық болсын бір күніміз.
Сағындық сынғырлаған даусыңызды,
Естілмейді домбыра күмбіріңіз.

Қол бұлап көгалдары жасыл майда,
Қыр асып кететұғын жасың қайда?
Тым болмаса мінейік тракторға,
Әде, оның да есігі ашыламай ма?

Құдағи, еліктірдің, желіктірдің,
Едің ғой уәдеге берік құрбым.
Сырласып отырайық тым болмаса,
Отыр ғой тракторға келіп мінгім...

15 сәуір, 2021 жыл.

ҚҰДАНЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН МАРАПАТЫ!

2021 жылдың маусым айында мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында осы салада 20 жылдан бері атқарып келе жатқан еңбегім лайықты бағасын алып, «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен марапатталған едім. Бұл мемлекеттік қызмет саласының ең жоғары ведомстволық наградасы болып саналады.

Әлеуметтік желі арқылы осы қуанышты жаңалығыммен бөліскенім сол еді, Айгүл құдағиым ізінше бір шумақ өлеңін желіде жарқ еткізді. Мұның арты Құда мен Құдағидың кезекті қалжың айтысына айналып жүре берді...

ҚҰДАҒИ:

Құданың құтты болсын марапаты,
Жаһанға жатыр, міне, тарап аты!
Жамандық көрмей жағы түскенінше,
Жұртына тие берсін шарапаты.

ҚҰДА:

Құдағи, майдай жақты лебіңіз,
 Көңілшек адамдармыз негізі біз.
 Өмірде – Құда менен Құдағимыз,
 Фейсбукте жазбаша айтыс егізіміз.

ҚҰДАҒИ:

Құдағи болғаннан соң, назым басым,
 Ал, Сізде маған айтар әзіл басым.
 Басымыз түйіспепті мына өмірде,
 Фейсбукте жұбымыз жазылмасын!

ҚҰДА:

Сөзіне Құдағидың «әмин» дедім,
 Өзіңсіз келмейді ғой сәнім менің.
 Жалғасып сізден – назың, бізден – әзіл,
 Келеді жүрек сөзін мәлімдегім.

Басымыз түйіспепті бұл өмірде,
 Құдағи – менің ғазиз жүрегімде!
 «Жұбымыз жазылмасын «Фейсбукте»
 Деп айтқан ұнап отыр тілегің де.

...

...Ұстайтын күн туа ма білегіңнен?!

ҚҰДАҒИ:

Құданың іске асса екен ойлағаны,
 Жып-жылы лебіңіз бойды алады...
 Бас аман, ден сау болсын – ең бастысы,
 Біздің де көшемізде той болады!

ҚҰДА:

Отырсыз жарқыдатып жыр ұшқынын,
 Жас дәурен – қайта оралмас қылыш күнім!
 Сөзіңе сары майдай еріп барам,

40 Тілеймін енді түннің тыныштығын.

Құдағи, тасада өскен гүл едіңіз,
Не деген нәзік еді жүрегіңіз!
Жүрейік аман-есен алшаң басып,
Деп айтқан ұнап отыр тілегіңіз!

ҚҰДАҒИ:

Мақтауға Құдам мені епті деймін,
Жанымды Күндей жарық етті деймін.
Өңімде жүздесуді жазбаса да,
Бүгін түн түсіме енсін деп тілеймін!

ҚҰДА:

Тірлікті тастап бір сәт мына күйбін,
Түсіне ендім бе екен Құдағидың?
Өзі – ақын, өзі – әнші, өзі – ісмер,
Құдағи – бір өзі ғой Жұмағы үйдін!

Құдағи, не бітірдім түсіңізде,
Кедергі келмеді ме ісіңізге?
Жасасам әбес қылық, кешіріңіз,
Сыр сақтай білесіз ғой ішіңізде...

ҚҰДАҒИ:

Өлеңім тұнған әзіл түсінгенге,
Құп көрем Құданың қай ісін мен де.
Шарқ ұрып, қиялыммен Сізді іздедім,
Таба алмай өңім тұрмақ, түсімнен де.

Елестеп жалынды жас шақтарымыз,
Атады армандаумен ақ таңымыз.
Құда мен Құдағиға жарасымды,
Алыстан «сіз-біз» десіп жатқанымыз.

ҚҰДА:

Әттең-ай, түсіңізге кірмедім бе,
Көк белде қолтықтасып жүрмедім бе?

Жарайды, оқасы жоқ, олай болса,
Желіде болайықшы күнде бірге!

Жақсы еді жалыңды жас шақтарымыз,
Атуда армандаумен ақ таңымыз.
Бір түні түсіңізге кірерім хақ,
Құдағи, ұйықтағанда, сақтаныңыз!

ҚҰДАҒИ:

Өлеңмен жазған ойлы, батыл, ізгі,
«Фейсбуктен» күнде оқимын хатыңызды.
Таяқ жеп қап жүрмейін күйеуімнен,
Түсімде атап қойып атыңызды.

Алаңсыз қыз-бозбала шақтарым-ай,
Жанымды жауратпасын тапқаным-ай.
Тілеймін отбасының тыныштығын,
Құдам түске кіргеннен сақта, Құдай!

ҚҰДА:

Білемін жүрек сөзін дос ұғарын,
Дей алман бұл сөзіңе қосыламын.
«Түсіме кірсең» деген өзіңіз ғой,
Бұл қалай, айтып алып, шошығаның?

Өзіңдей Құдағимен мақтанам шын,
Өмірде сүйген жармен бақ табарсын.
Атымды атап қойсаң түсіңізде,
«Сыйлы бір Құдам ғой» деп ақталарсын.

ҚҰДАҒИ:

Құдам-ау, мені үркіткен өзіңіз ғой,
Бір ауыз «сақтан» деген сөзіңіз ғой.
Өзіме сенбей, Құдайдан сұрадым,
Әлі де көштен қалмас кезіміз ғой.

Жарыма «Құда» десем түсінер бек,
Сыйласып жүрген жақсы кісі ғой деп.
Әндетіп жүрмейін тек бір күндері
«Кірмеші жиі менің түсіме» деп...

25 маусым, 2021 жыл.

ӨТІРГЕ ТЕҢЕЙМІН МЕН ҚҰДАҒИДЫ...

Сарыарқаның сайын даласының бүгінгі Сара ақыны Айгүл Түсіпбекова – топырағы киелі Ақтоғай ауданының тумасы. Мен ақтоғайлықтармен құдамын. Оның үстіне құдаларыммен Айгүл ақынның нағашы-жиендігі және бар. Сол себептен Айгүл ақын екеуіміздің арамызда «Фейсбук» желісі арқылы біраздан бері «Құда мен Құдағи» айтысы жүріп жатыр.

Қазақы қалжың мен құдалар арасындағы жарасымды сыйластықтан тұратын біздің осы жазба айтысымызға оқырмандар тарапынан риза көңілден шыққан жылы лебіздер шабыттымызға шабыт қосады.

Біздің бұл жолғы айтысымызға себеп болған – Айгүлдің желіге жүктеген бір суреті. Оны Айгүлге жіберген құрбысы осы суретте темекі тартып отырған қызды менің Құдағиыма ұқсатқан көрінеді.

Ал Айгүл болса, «Мен өмірі шылым шегіп көрген емеспін» деп ақталып әлек.

«Мылатықтың басылуына – құланның қасынуы» деген осы да. Айтысқа ілік іздеп отырған Құдаға да керегі осы еді...

ҚҰДА:

Құдағи, Сізге шылым жараспайды,
Шеккендер алты қырдан әрі аспайды.

Өзім де ұнатпаймын сол құрғырды,
Құдағи бұл сөзіме таласпайды.

Сұлудан жұпар аңқып тұрады игі,
Балқытып бойыңдағы бұла күйді.
Әйгілі француздық «Шанель» деген
Әтірге теңеймін мен Құдағиды!

ҚҰДАҒИ:

Қыздарға шылым шегу сән бе тегі,
Жүздерін түтін ыстап, әр кетеді.
Күркілдеп, кемпір құсап сыр-сыр етіп,
Жасына жетпей қуат, әл кетеді.

Көңілім бұл суретке сенгісі жоқ,
Түрімнен басқа ұқсайтын белгісі жоқ.
Құрбымның китұрқылау қалжыңы ғой,
Армандап, мені осылай көргісі кеп.

Құданың ырза болам жиі ісіне,
Әр сәттен әдемі ой түйісіне.
Француздың «Шанелі» тең келмейді
Күн сіңген қолаң шаштың иісіне!

ҚҰДА:

Шылымқор қыз кеудесі сырылдайды,
Құдаңыз ондай қызға бұрылмайды.
Күн иісі қолаң шаштан бұрқыраған,
Өзіңдей сұлуларға қырындайды.

Құдағи, білемін ғой өнеріңді,
«Шанельден» қашатындай не көріңді?
Күн сіңген қолаң шашты бір иіскемей,
Біле алмай отырмын мен не дерімді...

ҚҰДАҒИ:

Тұрғанда шыр айналып ұршығыңыз,
Сұлудың құшағында тұншығыңыз!
Күн иісіне иісіне қоймас, бірақ,
«Шанель» иіскеп үйренген тұмсығыңыз.

ҚҰДА:

Құдаға қарсы келмес ақылды қыз,
Құдағи, тұмсығымды қатырдыңыз!
Қызғаныш деген пәле қызыл ит қой,
«Шанельге» неге ашу шақырдыңыз?

Жырыңнан күлімдеген Күн шығардай,
Құдағи, сен жанымнан жүрші қалмай.
Отызда ордабұзар кезім емес,
Сұлудың құшағында тұншығардай...

ҚҰДАҒИ:

Беу, Құда, ардақтым-ай, асылым-ай!
Жүремін лебізіңе тасып ұдай.
«Шанельді» армандамас әйел бар ма,
«Аспандағы еттің сасығын-ай!»

Кезінде құрақ ұшқан «жанеркелеп»,
Жүремін «жігіттерге» әлі еркелеп.
Алпысты талтүс дейді білетіндер,
Сізге әлі қартаюға сәл ертерек!

Сұлулар өмірінді етер нұрлы,
Сезімге бөлеп әрбір өтер күнді.
Алпыс тұрмақ, жетпісте ұл таптырған,
Құдам-ау, болмадыңыз Көпен құрлы!

ҚҰДА:

Көңілдің құйқылжыған асқағын-ай,
Кім айтар Құдағидан басқа бұлай?



Сөзіңе риза болдым қыз құшқандай,
Көтерсін көңіліңді патша Құдай!

Қыз қайда 60 жаста, қызық қайда,
Құдаңның тілек-назын қыз ұқпайды, ә?
Итеріп отқа қарай, икемдейсін,
Арыстан ұйқыдағы қызықпай ма?

Өлеңің нөсер жауын төпегендей,
Емес қой сенің жырың көп өлеңдей.
Кім білсін, менің-дағы қаным қызып,
Бір сәби туғызармын Көпекеңдей!

Осы арадағы бір үзілісте менің Тараз қаласында тұратын журналист досым Амангелді Әбіл өз тарапынан сөз қосты.

Амангелді ӘБІЛ:

Құдағи да, сен де сойқан!
Түскі үзілісте аздап мызғып алушы едім, мынадай тамаша айтыс ұйқымды шайдай ашты ғой! Құдағи да көп күттірмей, жауабын беріп қалар.

ҚҰДА:

Құдағи асықпайды, найқалады,
Бүр жарған сияқты ғой қайта бағы.
Таразда тықыршиды Аужеке дос,
Айтысқа құмарлығы байқалады,
Оқымай, қалай көңілі жай табады?

Амангелді ӘБІЛ:

Қап, қайда кетті Құдағи?
Жалғасын кешке күтейін, ақын достар.
Жұмыс...

ҚҰДАҒИ:

Қап, үйден шығып кетіп едім...

ҚҰДА:

Аужекең Құдағиға жақтасады,
Көңілін сұлулардың тап басады.
Ол да бір Сарысудың серісі еді,
Қай күні Құдағиды ап қашады?

Амангелді ӘБІЛ:

Қап, мына досты ма?
«Біржан-Сара» айтысын тамашалағандай керемет әсер алып отыр едім. Ақын қыз шаруасымен шығып кеткен екен. Бұл жерде әділ төреші Фейсбуктағы жүздеген достар ғой. Сенің сыбағанды Айгүл ақын берсін, не дейін басқа, досым. Қарсыласың – Құдағиың, қыз бала болған соң, ептеп тілеулес болып, бүйректің бұрғаны рас енді...

ҚҰДА:

Аужекең бұл сөзіме ақталады,
Ол да бір серілердің Ақтабаны.
Таразға алып кетіп жүрер ме екен
Айгүлге майдай жағып мақтағаны?!

ҚҰДАҒИ:

Сыртымнан жүргендер көп ғашық болып,
Жырыңа марқаюшы ем, тасып-толып.
«Сенген қойым сен болсаң», енді, міне,
Отырсыз ұзатуға асық болып!

Жайым жоқ сөзден, бірақ, ұтылмақ та,
Тараздың қармағына тұтылмақ та.
Досына «алып қаш» деп қолқа салып,
Осылай Құда менен құтылмақ па?!

Осы арада Құдағидың желідегі құрбы досы
Алма Мұқатаева пікір қосты.

Алма МҰҚАТАЕВА:

Қатырдыңыз!

Өзі икемдеп келе жатқандай болып еді Құдаңыз.
Орта жолда тайқыды! Не де болса, обедте
бірдеңе болды. Үйдегі Құдағи бірдеңе деді ме?!.
Арындаған Құдаңыз соңына жетпей, позиция-
сын беріп қойды.

ҚҰДА:

Мен Сізді ұзатуға оқталмадым,
Келмейді солай ғой деп көпті алдағым.
Азырақ шамдандырған еді мені,
Құдағи, бір көрініп, жоқ болғаның.

Тараздық Амангелді досым еді,
Сізді іздеп, бірталай сөз қосып еді.
Сол досқа әзіл-қалжың айтамын деп,
Құдағи, шатастырған осы мені.

Алма да қажап мені, сын айтады,
Бұл сөзі Құдаңызды мұңайтады.
Серісін бүгінгінің мен сияқты
Сөзінен таяды деп кім айтады?!

Құдағи, жүріңізші маңайымда,
Ән салып, өлең жазып Абайыңда.
Өзіңдей Айдай сұлу Құдағиды,
Жырлаудан жалықпаймын ағайынға!

ҚҰДАҒИ:

Әйелдің тіршілігі бітпейді ғой,
Өлеңмен Құда мені үптейді ғой.

Тамағы әзір болмаса біздің кісі,
Айтысып болғанымша, күтпейді ғой.

Еркектердің көңілі – асқазанда,
Ешқашан түспесе екен тас қазанға.
Таразға ұзатылып кетпейін деп,
Мен отырмын қатырып басты азаңда.

ҚҰДА:

«Азаңда» деп Таразша сыр айтасыз,
Құдаңызды осылай мұнайтасыз.
Сіз жолдаған шумақтар – жан азығы,
Қуат алып, табамын бір ай табыс!

Беу, Құдағи!
Сырыңды түсінемін,
Бағалайтын сыртымнан кісім едің.
Сіз қазанды айтқан соң, оқыранып,
Қара айғырдай алыстан кісінедім.

Қызыл оттан түспесін қазаныңыз,
Жақсылықпен басталсын азаныңыз.
Құда менен Құдағи айтысының
Қызығына тоймасын қазағымыз!

Қайнай берсін сақырлап қазаныңыз,
Сұлуларға бермейміз мазаны біз!
Құдағи, Сіз – Ақтоғай бүлдіргені,
Құдаңыз – жаңаарқалық таза қымыз!

Алма МҰҚАТАЕВА:

Керемет!

Суырып салып, дәл сіздердей ешкім ай-
тыспас! Бір рахаттанып оқыдым! Сыпайы,
қазактық болмысқа сай құда мен құдағидың
айтысы – өлең сөздің өлмегенінің куәсі. Аман 49

болыңыздар!

ҚҰДА:

Ешқашан бұлт баспасын үміт көгін,
 Мен деген сын айтатын жігіт пе едім?
 Бір оқпен екі қоян атып алып,
 Көңілін Алманың да жібіткенім...

Амангелді ӘБІЛ:

Сарыарқаның дәстүрлі айтыс өнерін
 жасадыңыздар, достар. Құдаға да, құдағиға да
 риза болдым! Төкең достың айтыс аламаныңда
 жүрген, айтыстың майын ішкен дүлдүлдерше
 төгіп-төгіп тастауы да, Айгүлдің ұтымды жауабы
 да жажап енді!

Екеуіңізді Таразға қонаққа шақырып, та-
 рихи шаһардың жәдігерлерімен танысты-
 рып, Әулиеата өңірін армансыз аралатайын,
 келіңіздер!

ҚҰДА:

Аужекең шақырады Таразына,
 Құдағи әлі маған наразы ма?
 Барайық дос тілегін қабыл алып,
 Салыңыз сабырлы ой-таразыға.

Алма МҰҚАТАЕВА:

Көрдім де айтыстағы сөз саптасын,
 Жігіттің мен де білдім нарқасқасын.
 Ортаға килігіп жатқаным сол,
 Қарамай әу-жәйіне басқасының.

Сіздердей ақын емен оза шабар,
 Сөзім бар біразырақ ой-қайтарым.
 Аламанға жарамас бәйгеторы ем,

50 Ауыл-үйден алыстау шаба алмайтын.

Атып алған екі қоян бірі менмін,
Оғына ілінген сөз мергеннің,
Құдағи мың жыл бойы құданікі,
Менікі қанжығада бос байлану.

ҚҰДА:

Қыздырдық біз Алманың бүйірін де,
Секірді «Айтыс» деген иірімге.
Бабадан мирас болып келе жатқан,
Бұл айтыс қалады өз биігінде!

Айтыста керек тегі босқа лақпау,
Бұл сөзім деп ойлаймын досқа жақты-ау.
Алмадай ор қоянды алдыма алдым,
Жараспас қанжығада бос салақтау...

Алма МҰҚАТАЕВА:

Ор қояндай кез қайда ойнақтаған,
Қыз болдық қылымсып, сыр сақтаған.
Жиырма бес деп жігіттер аһ ұрады,
Он сегізім қайда қалды бұлақтаған?

Ақындар көп ел ішінде суырып салма,
Сөзіңізге бір көргеннен тәнті болып,
Түстім бе өзім келіп торыңызға?
Еркімен түскен жанға кешірім жоқ,
Көнеміз іреп сөзбен сойсаңыз да!

ҚҰДА:

Қанжығам бүгін менің майланғаны,
Ор қоян өзі келіп, байланғаны!
Әттең-ай, артымызда қалып қойды-ау
Жалаулы жас күндердің сайран бағы...

Апырай, Айгүл қайда? Айгүл қайда,
Жарқ етіп, көңілімді жай қылмай ма?

болыңыздар!

ҚҰДА:

Ешқашан бұлт баспасын үміт көгін,
 Мен деген сын айтатын жігіт пе едім?
 Бір оқпен екі қоян атып алып,
 Көңілін Алманың да жібіткенім...

Амангелді ӘБІЛ:

Сарыарқаның дәстүрлі айтыс өнерін
 жасадыңыздар, достар. Құдаға да, құдағиға да
 риза болдым! Төкең достың айтыс аламанында
 жүрген, айтыстың майын ішкен дүлдүлдерше
 төгіп-төгіп тастауы да, Айгүлдің ұтымды жауабы
 да ғажап енді!

Екеуіңізді Таразға қонаққа шақырып, та-
 рихи шаһардың жәдігерлерімен танысты-
 рып, Әулиеата өңірін армансыз аралатайын,
 келіңіздер!

ҚҰДА:

Аужекең шақырады Таразына,
 Құдағи әлі маған наразы ма?
 Барайық дос тілегін қабыл алып,
 Салыңыз сабырлы ой-таразыға.

Алма МҰҚАТАЕВА:

Көрдім де айтыстағы сөз саптасын,
 Жігіттің мен де білдім нарқасқасын.
 Ортаға киіліп жатқаным сол,
 Қарамай әу-жәйіне басқасының.

Сіздердей ақын емен оза шабар,
 Сөзім бар біразырақ ой-қайтарым.
 Аламанға жарамас бәйгеторы ем,

50 Ауыл-үйден алыстау шаба алмайтын.

Атып алған екі қоян бірі менмін,
 Оғына ілінген сөз мергеннің.
 Құдағи мың жыл бойы құданікі,
 Менікі қанжығада бос байлану.

ҚҰДА:

Қыздырдық біз Алманың бүйірін де,
 Секірді «Айтыс» деген иірімге.
 Бабадан мирас болып келе жатқан,
 Бұл айтыс қалады өз биігінде!

Айтыста керек тегі босқа лақпау,
 Бұл сөзім деп ойлаймын досқа жақты-ау.
 Алмадай ор қоянды алдыма алдым,
 Жараспас қанжығада бос салақтау...

Алма МҰҚАТАЕВА:

Ор қояндай кез қайда ойнақтаған,
 Қыз болдық қылымсып, сыр сақтаған.
 Жиырма бес деп жігіттер аһ ұрады,
 Он сегізім қайда қалды бұлғақтаған?

Ақындар көп ел ішінде суырып салма,
 Сөзіңізге бір көргеннен тәнті болып,
 Түстім бе өзім келіп торыңызға?
 Еркімен түскен жанға кешірім жоқ,
 Көнеміз іреп сөзбен сойсаңыз да!

ҚҰДА:

Қанжығам бүгін менің майланғаны,
 Ор қоян өзі келіп, байланғаны!
 Әттең-ай, артымызда қалып қойды-ау
 Жалауы жас күндердің сайран бағы...

Апырай, Айгүл қайда? Айгүл қайда,
 Жарқ етіп, көңілімді жай қылмай ма?

Жүр ме екен қазанымен жанталасып,
Шаруасын Аллаһ оның сай қылағай да.

Бұл айтыс Айгүлменен арамызда,
Төтеден кеп, кимелеп барамыз ба?
Ал, енді сабыр сақтап, күтіңіздер,
Құдағи оралуын арамызға.

Тойдырып алсын әбден Ерекеңді,
Кіргізер содан кейін берекемді.
Айгүлді шығармайтын ас бөлмеден,
Ерекең деген нағыз ер екен-ді...

ҚҰДАҒИ:

Құданы мен өзіме тең көрдім көп,
Әйтсе де өкпе артпаймын «өзгердің» деп.
Көзім тайып кетіп ед, мәз боп отыр,
«Алдыма ор қоянды өңгердім» деп.

Өлеңмен күнім де егіз, түнім де егіз,
Алдында ақын қыздың сүрінбеңіз.
Жаңаарқа қымызының қызуымен,
Бүлдірген жегіңіз кеп бүлінбеңіз.

Ақталып күнді айтыспен батырғаным,
Өлеңді әрлі-берлі сапырғаным.
Мен-дағы қуанышпен қабылдар ем,
Аужекеңнің Таразға шақырғанын.

Таразда күтеді көп сауық анық,
Көңілді көтерген жөн ауық-ауық.
Төбемнен орғып кетсе, неғыламын,
Ол жакта да ор қоян тауып алып?



Арамыз айтыссақ та, жақындасып,
52 Фейсбукте жұртым отыр мақұлдасып.

Құдамен қолтықтасып кете бармай,
Көрейін күйеуіммен ақылдасып...

ҚҰДА:

Аяғы Құдағидың шідерлеулі,
Ерекең ойлайды ғой жібермеуді.
Әрине, ақылдасып алған дұрыс,
Айтпаңыз әсте «өзім білем» деуді.

Таразды Аужекең дос аралатар,
Десеңіз дайынмын ғой маған апар.
Қолтықтап жаныңызда жүрер едім,
Ол деген жер емес қой қоян атар.

Құдағи, бірер апта ойланыңыз,
Құдамен сапар жайын ойға алыңыз.
Алаулап дидарымыз жүрмейміз бе,
Толқытып ішкендей боп тойда қымыз...

ҚҰДАҒИ:

Жарыма жаутаңдаймын жандай ғаріп,
Жырлаудан жағым, бірақ, талмайды анық.
Жеме-жемге келгенде, жүрмеңізші,
Мен емес, Сіз өзіңіз бармай қалып!

ҚҰДА:

Құдағи, жазғырмаңыз бекер мені,
Серіге сертте тұрмау — екі өлгені.
Жанымды жадыратқан жырларыңды,
Бейне бір шайға салған шекер дедім.

Құдайым демеймін ғой қыз қылмасын,
Дегенмен, күйеуіңіз шыжғырмасын.
Бірталай жерге біз де шаптық, білем,
Осымен тарта тұрсақ тізгін басын...

ҚҰДАҒИ:

Мысыңыз, Құда, әрине, Сіздің басым!

ҚҰДА:

Жасаңыз, беу Құдағи, 100-дің жасын!

10 қаңтар, 2022 жыл.

АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН...

Құдағи желіге жолдасымен, отбасылық достарымен түскен бір суретті жариялап, «Алпыстан асып барамыз» деп мұң шаққан екен.

Бұған қалай жауап бермеске?

ҚҰДА:

Құдағи, қалай екен алпысыңыз?

Алпыс жас дейді әлі талтүсіңіз.

Ерекең жігіт еді сыптығырдай,

Кім анау қасындағы шал кісіңіз?

Сұлуды жабырқатпау бізге ләзім,

Құдағи, түскені ме сізге де әжім?

Алпыс пен жетпіс жастың арасында,

Бар шығар айтатұғын бізге назың?

ҚҰДАҒИ:

Әзірше жаман емес алпысымыз,

Бойда әлі қажыр-куат, әл-күшіміз.

Қырықтағы кезіндей қылашыдап тұр,

Сіз айтқан суреттегі «шал кісіміз».

Жастық шақ қайта айналып келмес, шіркін,

Кәрілік ол да мұрша бермес бір күн.

«Бетім оттай береді», ал көңілім,
Сол баяғы келіншек кербез, сылқым!

17 ақпан, 2022 жыл.

АЛМАТЫ ҚАЛАЙ БОЛДЫ САПАРЫҢЫЗ?

Айгүл құдағи 2022 жылғы сәуір айының басында «Фейсбук» әлеуметтік желісі арқылы өзінің үлкен қуанышымен бөлісті. Өнер жолындағы 40 жылғы еңбегі лайықты бағаланып, «Мәдениет қайраткері» деген құрметті атаққа ие болған екен. Сол қуанышымен бөлісіп, кеудесіне мәртебелі марапат төсбелгісін тағып түскен суретін желіге жариялапты.

Құдағидың бұл қуанышына Құдасы қалай үн қоспай отырады?

ҚҰДА:

Сапарға сізбен шықпай қапалымыз,
Алматы қалай екен шаһарымыз?
Құдағи, құтты болсын аты дардай,
«Мәдениет қайраткері» атағыңыз!

Кеудеге төсбелгіңіз айбат берген,
Бақыт қой құда болу қайраткермен!
Бұл атақ 30 жылға кештеу келді,
Қашанда өнер жолы тайғақ келген.

Айтыста қарсыластың белін үзген,
Ығатын біраз ақын лебіңізден.
Ожалы оралыпсыз Алматыдан,
Қауышып қыз кездегі тегіңізбен.

Жақсылық шапағатын тарататын,
 Құдағи, құтты болсын марапатың!
 Бұрын да «Ақын Айгүл» даңқыңыз бар,
 «Қайраткер» деген жатыр тарап атың.

Өлеңмен ақ таңымды атырамын,
 Өлеңмен әр күнімді батырамын.
 Мәдениет қайраткері Құдағиды,
 Айтыстың алаңына шақырамын!

Көңілді біз осылай көтерелік,
 Өнерге демейміз ғой бөтен едік.
 Ұрымтал тұстан Құда сөз бастады,
 Фейсбук әлеміне төте келіп.

Құдағи, келдіңіз бе бабыңызға,
 Ерекен отыр ма екен жаныңызда?
 Ал, енді әрі қарай сіз жалғаныз,
 Айфонды қолыңызға алыңыз да...

ҚҰДАҒИ:

Фейсбукты шулатса да атағымыз,
 Түйіспей қойды-ау, өттең, сапарымыз.
 Құдам жоқ Алматыда Сіз секілді,
 Әйтпесе тамаша ғой шаһарымыз!

Алматы – ару қала, арман қала,
 Жұлдызы талайлардың жанған қала.
 Бауырында Алатаудың жаутаң қағып,
 Қызғалдақ қыз ғұмырым қалған қала.

Ұға ма тебіренген ел күйімді,
 Армандау, өткенді аңсау – ең қиын-ды.
 Сарғайған сағыныштың күйін шерттім,
 Есіме алған сайын ЖенПИ-імді.

Құттықтап жатыр Құда елеп, атап,
Жан едім үркіп жүрген менен атақ.
«Айгүлдің» арқасында бұйырды ғой
«Мәдениет қайраткері» деген атақ.

Әйтсе де келгенім жоқ бабыма әлі,
Құда сәл шыдай тұрса, неғылады?
Айфон емес, жайфоным жайбасарлау,
Саусағым смартфонға бағынады.

ҚҰДА:

Құдағи, көзім талды сізге қарап,
Ұшарға болмай отыр бізде канат.
Жауабың жарты күнде әрең келді,
Балаққа түскен еді бізде тағат.

Шабытым дүр сілкініп, қайта өрледі,
Апыр ай, қолыңызда жайфон ба еді?
Сұрауда сізді іздеген көп ағайын,
Сабырға шақырамын қай пендені?

Алматы – ару қалаң, сайран қалаң,
Жастығың өткен қала жайраңдаған.
«Айгүлдің» сәні болған Айгүл қызға,
Атақ кеш келгеніне қайран қалам.

Құдағи, мен өзіңмен мақтанамын,
Айтыста топты жарған Ақтабаның.
Тым ерте қаңтардың да тұлғарыңды,
Бәйгеге қосамын деп баптамадың.

Сырыңды, беу Құдағи, түсінемін,
Сыртымнан бағалайтын кісім едің.
«Құдам сәл шыдай тұрса» дегеннен сон,
Еріксіз тізгін тартып, кісінедім...

ҚҰДАҒИ:

Дейсіз-ау «Құдағи көп найқалды да,
Жауабын жарты күнде қайтарды ма?».
Лып еге түсетұғын жаста емеспін,
Шау тартып қалғандығым байқалды ма?

Разы мені іздеген елге көңілім,
Келеді «ақынмын» деп кеуде кергім.
Қолма-қол Сізге жауап берер едім,
Интернет ұстамайтын жерде болдым.

Мәреге жорғалаумен жетер жорға,
Бұйырған, өтіп кетпей бөтен қолға.
Кеш келген атағыма таңғалмаңыз,
Өзімдей жайбасарлау екен ол да.

Ол рас, көкке самғап, шырқады үнім,
Десе де ел «ұлы өнердің біл қадірін».
Күйкі тірлік құм қылды жігерімді,
Қан түсті аяғына тұлпарымның...

Десем де, бар әлі де «бір атарым»,
Ақынды анау-мынау құлатамын.
«Шыдай тұр» дегеніме көне салмай,
Батылдау болсаң, Құда, ұнатамын!

ҚҰДА:

Сізді емес, Интернетті кінәладым,
Дегенмен, таптыңыз ғой бір амалын.
Алпысы құрғыр келді қай жағыңнан,
Көңілім жас кезіңе құмар әлі.

Ол кезде сәні едіңіз сахнаның,
Сүйсініп сыртыңыздан бақыладым.
Жалт етіп өте шыққан жас дәуренді,

Мен сізді айта алмаймын жайбасар деп,
Жайбасар адам болса, май басар көп.
Мәдениет қайраткері — қарсыласым,
Қолымды мен отырмын Айға сермеп.

Дегенмен, мен де қара жаяу емен,
Жаяудан шығады ғой баяу өлең.
Құдағи, сіз бен бізді табыстырған,
Құдірет Айтыс деген аяулы өнер!

Батылдау болғанымды ұнатасыз,
Қырдағы қызғалдақтай гүл атасыз.
Әлі де екпініңіз бойыңызда,
Босаңдау ақындарды құлатасыз.

Демеймін сізге сойыл сайлап келдім,
Беделін сақтаймын ғой қайраткердің.
Құдағи, «Батыл қимыл баста» деген,
Өзіңді сөзіңізбен байлап бердің...

ҚҰДАҒИ:

Жұрт отыр екеумізді жырлатып ап,
Кетейік жыр-теңізге шым батып-ақ.
«Қайраткер» деген сөзден гөрі маған,
«Құдағи» дегеніңіз қымбатырақ!

Жас дәурен бізге қайтып келмейді енді,
Егделік шығарса да төрден мейлі.
Ата сақалы аузына бітсе-дағы,
Кейбіреу «ғашықпын» деп өңмеңдейді.

Біреудің менде алмаған ақысы көп,
Біреудің әйелдермен шатысы көп.
Алпыстан асқан небір «серілер» бар,
Бұл сөздің, Құда, Сізге қатысы жоқ!

Жігіттің бәрі Сіздей оңса деймін,
Аузына аталы сөз толса деймін.
Жетпістен асқанынша желік қумай,
Жастарға үлгі-өнеге болса деймін.

Демеймін, Құда, Сізді бөгедім ғой,
Мен-дағы жырдан нәсер төгемін ғой.
«Батыл бол» дегенімді бұрмалама,
Сәл ширатып алайын дегенім ғой.

ҚҰДА:

Құдағи мені осылай ширатады,
Құдаңыз енді нені қиратады?
Қайраткер атағына желпілдемей,
Құдағи сый қосады сыйға тағы.

Ер жігіт кұр болмайды үміттен де,
Құдағи, мен туралы күдіктенбе!
Әдемі сыбағаны беріпсіз ғой,
Жетпісте желік қуған «жігіттерге».

Жігітпін жат мінезі байқалмаған,
Тәңірім, жас дәуренді қайтар маған!
Құдайым сақтасын кей замандастан,
Алпыста аталы сөз айта алмаған.

Оралтқан жастық шақтың бұла күйін,
Ақтоғай алтыны ғой Құдағиым.
Айтыста әзіліміз жарасады,
Әзілсіз өмір сүру, сірә, қиын.

Құдағи, тасада өскен гүл едіңіз,
Дүрсілдеп қатар соқсын жүрегіміз.
Қара орман қазағымыз аман болсын,
Осы ғой біздің айтар тілегіміз.

Жүрейн сыртыңыздан бақ тілеп мен,
Құдағи, 100 жасаңыз ақ тілекпен.
Әзірше осы арадан тізгін тартып,
Айтысты аяқтайық тәтті леппен!

01 сәуір, 2022 жыл.

ҚҰДАҒИ, ҚАЙДАСЫЗ?

ҚҰДА:

Бойыма қуат жинап Сарыағаштан,
Арнадым Құдағиға жаңа дастан.
Шабытым жер тарпыған сәйгүліктей,
Тізгінге ие бермей ала қашқан.

Тұлпармын аламанда арындаған,
Жастығым қайта оралды жалындаған.
Арқаның ақын қызы Айгүл еді,
Құдағи мен сияқты бабында ма?

Тізгінді ал ендеше жіберелік,
Қазағым қолын соқсын түрегеліп.
Қапыда ұрынды деп кінәламас,
Бар шығар маған деген бір өлеңі.

Құдағи, сәлем айттым Сарыағаштан,
Арқаға ақ тұлпарым ала қашқан.
Тағы бір әдемі айтыс біз жасалық,
Біреудің көңіліне қарамастан.

Кітапқа хатталады айтысымыз,
Сіз бен біз қара өлеңге бай кісіміз.
«Мәдениет қайраткері» атыңыз бар,
Құданың деңгейіне сай түсіңіз!

ҚҰДАҒИ:

Құдамыз қуат жинап Сарыағаштан,
 Арнапты Құдағиға жаңа дастан.
 «Көк дөнен дейді көңілім ала қашқан»,
 Жарына жанындағы қарамастан.

Бабына келіп Құда, балбырапты,
 Алмадай екі беті албырапты.
 Келгендей қайта айналып қайран жастық,
 Татқан соң зәмзәм сулы балбұлақты.

Шарқ ұрып, «Құдағиым қайдалайды»,
 Құяды маздап тұрған ойға майды.
 Сарыағаш маған әзір арман боп тұр,
 «Аш бала тоқ баламен ойнамайды».

ҚҰДА:

Құдаңыз Сарыағашта балбырапты,
 Тізгіндеп Шабыт деген арғымақты.
 Тосайық сусап жүрген ағайынның,
 Алдына Айтыс деген балбұлақты.

Жанымда күзет күшті «охранам»,
 Дегенмен, жыр нөсерін сапыра алам.
 Құдағи, жас шағыңда мөлдір едің,
 Ақтарған жыр шумағын сахнадан.

Ол кезде Құдаңыз да — қызыл жалын,
 Кішкентай сәби еді қыз-ұлдарым.
 Жүректі өнеріңмен өртесең де,
 Жол беріп, бейпіл сөзге бұзылмадым.

Сый көңіл содан бері жарасымды,
 Келемін жырға қосып Алашымды.
 Қырық жыл өнер жолы бағаланып,

Алпыстың шыққан кезде алдан белі,
Сарыағаш мына тұрған арман ба еді?
Тордағы тоты құстай қамығасыз,
Қыранның биік болар самғар көгі.

Жасына жетпей қажып, қара басқан,
Бейнеміз ұқсамасын кәрі ағашқа.
Ерекең рұқсатын берер болса,
Келіңіз, шақырамын Сарыағашқа!

Осыдан кейін Құдағидан бір тәулік жауап болмай кетті. Күйбең тірліктің қамымен басқа шаруаларымен айналысып кеткен болуы керек. Ал, айтыстың қызығын тамашалап отырған желідегі елдің де, Құданың да төзімі таусылып барады.

Осы кезде ұлтымыздың ұясы Ұлытауда жатып, желідегі айтысты тамашалап отырған «Дәридай ақын» Мұқаш Сейітқазинов үн қосты.

Мұқаш СЕЙІТҚАЗИНОВ:

Қалай болар екен шын алда тірлік?
Бойларыңда ұлтқа тән бар батырлық.
Жауабын Құдағидың күте-күте,
Біз де, Төлеш, желіде таңды атырдық.

Біржан болған өнерде ірі кісі,
Төзімнің сырт етпесін шыны ыдысы.
Сыбағаңды дайындап жатқан шығар,
Күтейік, Сара ақынның сіңілісін.

ҚҰДА:

Үн қосты Ұлытаудан Мұқаш ағам,
Жүрген жері — береке, құт осы ағам.
Даланың балдай тәтті бір жемісі,
Құдағи бүлдірген ғой, жұта салам!

Мұқаш СЕЙІТҚАЗИНОВ:

Күлдір-күлдір кісінеп, күлдірледің,
Одан соң Біржан болып күмбірледің.
Енді отырсың жұтынған жайын болып,
Қайда кетті, Құдай-ау, «бүлдіргенің»?

ҚҰДАҒИ:

Беу, Құда, асқақ екен тіпті арманың,
Жұта алмай «бүлдіргенді» жұртты алдадың.
Әдеті жұқты ма әлде жаныңдағы,
Түйені түгіменен жұтқандардың?

Қиянат ешкімге ақын етпейді ғой,
Халқының батасымен көктейді ғой.
Деген бар «Бүлінгеннен бүлдіргі алма»,
Бүлдірген де өңештен өтпейді ғой...

ҚҰДА:

Жүрегім нұрды аңсады, жырды аңсады,
Шарықтап шабытымның тұрған шағы.
Сараның сіңілісін іздеп тұрмын,
Мен болып бүгінгінің Біржан салы!

Бар еді көңілімнің көп арманы,
Жас дәурен Сарыағашта оралғаны.
Әттең ай, жүрегіме қаяу болды,
Жалт етіп, Құдағидың жоғалғаны.

Құдағи айтыса алмай болдырды ма?
Арқаның суық желі тондырды ма?
Немесе шау тартқанда шабыт қашып,
Шықпай ма айтыс деген мөлдір мұра?

Құдағи, жан сырыңды түсінемін,
Сыртымнан сыйлап жүрген кісім едің.

Шабытым бойды кернеп шипажайда,
Тұлпардай күлдір-күлдір кісінедім.

Іздеймін Сара ақынның сіңілісін,
Сонымен болсын деймін бүгін ісім.
Хас тұлпар тұяғымен жер тарпиды,
Естілсе аламанның дүбірі шын...

ҚҰДАҒИ:

«Жауап жаз» деп құдамыз қинап жатыр,
Халықтан жақсы лебіз жинап жатыр.
Лепсіде лепіріп мен де жүрмін,
Құрбым сірне жегізіп, сыйлап жатыр.

Құдағи кейде өлеңмен мұң шағады,
Көңілімді көтердіңіз бір шамалы.
Қызғалдақтай құлпырған қыз кезімді
Есіме Сізден басқа кім салады?

Беу, Құда, шабыттанып, төгіліңіз,
Аспанға шарықтасын көңіліңіз!
Еш кетпей қырық жылғы еңбегіңіз,
Зейнетпен өтсін қалған өміріңіз!

Шипа бар Сарыағаштың әр тасында,
Тірліктің қалып қоймай қалқасында.
Алаңсыз, уайымсыз демалыңыз,
Аяулы жарыңыздың арқасында.

ҚҰДА:

Құдағи тойып Лепсі сірнесіне,
Зарыққан Құда бары кірді есіне.
Бір тәулік үш шумақпен қатырдыңыз,
Ел отыр көзін тігіп жыр көшіне.

Құдаңыз Сарыағашта, сіз Лепсіде,
Қосады жас жайнақтар бізді ескіге.
Жас дәурен өте шықты сылаң қағып,
Дауылы қарттық шақтың күзде есті ме?

Құдағи Құдасына мұң шағады,
Ауыр деп ойламаймын мұнша халы.
Қиқулап қазағымыз отырғанда,
Жүрекке нұрын шашсын жыр самалы.

Бойымды ерітеді лебіңіз,
Фейсбук айтысының егіміз.
Өнерге деген іңкәр жүректермен,
Рухани жақын жанбыз негізі біз.

Құдағи, көп тостырып, жырды бұзба,
Рахмет сірне берген құрбыңызға!
Сірнені сізбен бірге жегендей боп,
Хош иіс келіп отыр мұрнымызға...

ҚҰДАҒИ:

Сермеген мен бір жанмын қолымды Айға,
Арманға жетпесе адам, қорынбай ма?
Әспеттеп, мені аспанға көтересіз,
Сарадай саңлақ ақын болу қайда?

Жырлайын Құда «жырла» дегеннен соң,
Ақын боп жұрт қатарлы еленген соң.
Ауылын ақындардың жағалаймын,
«Болмасаң да, ұқсап бақ» дегеннен соң.

Ақындық болғаннан соң туа серік,
Әзірше бойда шабыт, қуат, ерік.
Қаланың у-шуынан шаршаған соң,
Құрбыммен тауда жүрмін жуа теріп.

Аңсайды акын жырды, акын әнді,
Байқаймын, Құдамыздың тақымы әлді.
Жуаменен ашылап басқандаймын,
Кеудемдегі жиналған запыранды.

Құданың әр шумағы маған мәнді,
Көзі қарақты оқырман бағамдар-ды.
Қоғамда небір жағдай болып жатыр,
Көңілім соған менің алаңдаулы.

Ел-жұрт аман, зерліміз, оқалымыз,
Алатаудай асқақпыз, жоталымыз.
Ұрпағымыз көрмесін соғыс өртін,
Қашанда тыныш болсын Отанымыз!

ҚҰДА:

Болмайды сіз жолдаған өлеңде мін,
Құдағи, сізбен жуа терер ме едім?
Өнерде 40 жылдық еңбегің бар,
Содан ғой Қайраткер боп еленгенің.

Жуаның ащы болар запыраны,
Құдағи тауға қашан шақырады?
Ащының енді бізге керегі жоқ,
Жүзімдей тәтті болсын акын әні.

Расында Құдаңыздың тақымы әлді,
Кеуденнен алайыншы запыранды.
Сара да заманының бұлбұлы еді,
Ұрпаққа Ақын Сара аты қалды.

Құдағи, сіз Сарасыз Арқадағы,
Өнердің әр түріне бар талабы.
Күәгер сенің жақұт жырларыңа,
Ақтоғай, Қарағанды, Қарқаралы!

Тордағы тотыдайын торықпаңыз,
 Құдамен айтысуға қорықпаңыз.
 Дүлдүлі Орта жүздің Біржан сал мен,
 Айтысы Сара қыздың болыпты аңыз.

Айтыссақ Біржан менен Сарадайын,
 Қолпаштап қошаметтер бар ағайын.
 Құдағи, Айтыс деген асқар таудың,
 Төсінде жайқалған Сіз дара қайың!

ҚҰДАҒИ:

Құданың жылтырап тұр беті мүлде,
 Сарыағаш суын ішіп, кекіруде.
 Менімен жуа теріп қайтсам дейсіз,
 Жарай ма тізең тасқа секіруге?

«Тілеулес екеуімізге ел де дәйім,
 Мен-дағы сый-құрметке тең болайын.
 Қинамай Сізді тауға, тасқа салып,
 Одан да Сарыағашқа мен барайын» –

Дейін деп, артын ойлап қиналамын,
 Қиялдың сыйғыза алмай миға бәрін.
 «Бай қайда, бала қайда, Айеке?» - деп,
 Үйіме қарай үнсіз жиналамын...

Айтысы Біржан-Сара болды аңыз,
 Біз-дағы екі араны жол қыламыз.
 Құда мен Құдағи да осал емес,
 Қалдырар ұрпаққа осы мол мұрамыз!

ҚҰДА:

Құданың тізелері бабында әлі,
 Ешкімге қолтықта деп жалынбады.
 Сарыағаш шипажайы қуат қосып,

68 Көңілім ақша бұлтта дамыладады.

Баяғы жас кезімдей лапылдадым,
Құдағи түсінер деп ақын жанын.
Сізге де сарымайдай жақса керек,
Құдағи, Сарыағашқа шақырғаным.

Біздікі көңіл ғой жай сірәғысы,
Жалт берді дей көрмеңіз мына кісі.
Аяқта тұсау бары еске түссе,
Адамның келеді екен жылағысы.

Көңілін Құдасының жай қылатын,
Беу, шіркін!
Айгүл әнші!
Айгүл ақын!
Осылай жыр сайысын жалғастырып,
Халыққа тарай берсін әйгілі атын!

ҚҰДАҒИ:

Көңілімді Құда осылай жай қылады,
Тарқай ма бұдан жұрттың, әй, құмары?
Бүгінше «қанағат» деп тарқасайық,
Әлі талай сырымыз айтылады.

Мен-дағы әр сөзімді безбеңдедім,
Басқадан мұндай құрмет сезген бе едім?
Жігіттің падишасы едің, Құда,
Аман бол қайда жүрсен, Көзкөргенім!

10 мамыр, 2022 жыл

ҚҰДАҒИ, БІР ПАРТИЯ!

ҚҰДА:

Айттысам Құдағимен көңілденем,
Шарлайды біраз белді көңіл-дөнен.
Айттыса Құдағимен қолқалайды,
Айгүлдің бір ұстазы Өмір деген.

Өмкеңнің өтінішін қабыл алдым,
Ауылда қарап жатсам жабығармын.
Қиялдың көк дөненін мініп алып,
Келіп тұр Құдағиға тағы барғым.

Ұйқысы Құдағидың қалың дейді,
Құдасы қалжың айтып, жанын жейді.
Ұйқыға Құдағиым кірмей тұрып,
Жаңа айтыс басталғанын мәлімдеймін!

Құдағи, шабыт құсын шақырыңыз,
Айттыскер ақын болдық ақыры біз.
Өмкеңдей ұстазыңыз қолқа салып,
Атына тағы мінді пақырыңыз.

Кісінеп жер тарпиды Нарқызылым,
Айтыстың көрсетуге бар қызығын.
Ауылда демалыста жатыр едім,
Сіміріп Атасудың бал қымызын.

Құдағи – Ақтоғайдың бүлдіргені,
Тұлпары Құдаңыздың күлдірледі.
Кеше бір сұлу сурет салғаныңда,
Құдағи Алматыда жүрмін деді.

Құдағи, қалай екен Алматыңыз,
Шөліңді басатұғын бар ма қымыз?

Ал енді жыр кезегін Сізге бердім,
Арқаға шабыт құсын самғатыңыз!

Айжан ИМАНТАЕВА: (Құдағидың құрбысы)
Астына ерттеп мініп Нарқызылын,
Сіміріп Атасудың бал қымызын.
Құдамыз шабыттанып отыр екен,
Жырдан тауып өмірдің бар қызығын.

Не теңім десем-дағы бәйге менің,
Сізді көріп қанатын жайды өлеңім.
Жоқтығын білдірмейін дегенім ғой,
Кешігіп жатқаннан соң Айгөлегім.

Есіне алып жастық шақ, арда күнін,
Азырақ берейін деп жанға тыным;
Айгөлек біраз болды демалып жүр,
Құшағында арайлы Алматының.

Екеуіміз бір айдынның аққуы едік,
Арманның үлбіреген ақ гүлі едік.
Көздегі мұң-тамшыны сүртіп талай,
Бірімізге біріміз бақ тіледік.

Дауысыңыз шыққан соң: «Қайдалаған?»
Жауап қатып жатырмын айдаладан.
Ұтымды сөз айтпасам кешіріңіз,
Дәл Айгүлдей айтысу қайда маған?

ҚҰДА:

Құдаға жауап қатты Айжан құрбы,
Көңілді алаңдаулы қайдан білді?
Намысын құрбысының жыртып отыр,
Еске алып бірге өткізген сайран күнді.

Айжан ау, сені Айгүлге сай көремін,
 Дегенмен, үнсіз неге Айгөлегің?
 Төтеден қосыладың деп жазғырмаймын,
 Мен бүгін Айтыс атты бәйгедемін!

Қайда жүр Айгүл ақын? Шықсын бері!
 Сөзімнен тосып алып, жықсын мені.
 Арқаның аңқыдаған самалымын,
 Емеспін қу даланың сыпсың желі.

Секіді бай-манаптың жалғыз ұлы,
 Әлі де құшағымда бар қызуым.
 Алатау жаққа қарап кісінейді,
 Тұяғы жер тарпыған Нарқызылым!

ҚҰДАҒИ:

Шабытқа Құда тағы мінген екен,
 Ұйықтап қалғаным-ай түнде бекер!
 Атасудың сап-сары бал қымызы,
 Өн-бойын балбыратып, сіңген екен.

«Айтыс» деп қиын боп тұр қысқаныңыз,
 Әзірше фейсбук – шыққан ұшпағымыз.
 Мен-дағы орындайын тапсырмасын,
 Әйтпесе «екі» қояр ұстазымыз.

«Ұстазым» десем, жарқын шығады үнім,
 Тұмасы мендік білім бұлағының.
 Ұстаздың айтқан сөзі заң ғой бізге,
 Разы болсын Өмір мұғалімім!

Жырымен Құда мені үптейді ғой,
 Әйелдің тіршілігі бітпейді ғой.
 Десем де, мен де алаңға қайта шықтым,
 Фейсбуктегі қалың ел күтпейді ғой.

Ақынның жырмен айтар сыры нәр ғой,
Мен-дағы жыр-кәусарға құнығам ғой.
Құдамыз бүлдіргенге теңей берді,
Кезіксем жұтып қояр түрі бар ғой.

Әйткенмен қадірлейін қолда барды,
Құданы қолдағаным оң болар-ды.
Жер тарпып жыр-тұлпармен шыға келсе,
Айтыскер ақындарым жолда қалды.

Қорғаштап жатыр мені Айжан досым,
Жерлесім, сырлас, мұңдас қайран досым.
Үйренген жау жақсы ғой атыспаққа,
Құдамдай жер тарпыған қайдан болсын!

ҚҰДА:

Күткізген екі тәулік зарықтырып,
Құдағи шықты түнді жарық қылып.
Құданың шыдамы да сарқылғанын,
Отырған шығар өзі халық біліп.

Алайда, кешпірмді құда деген,
Отырған жоқпын ойдан құрап өлең.
Сынаған шығар мүмкін Айгүл мені,
«Құда болсаң, бопсаға шыда» деген!

Айгүлдің шыдаймын ғой сынағына,
Келгендей күміс даусы құлағыма.
Қаңтарып қойып едім тұлпарымды,
Нарқызыл қайта міндім пырағыма!

Өмкең де шәкіртіне алаңдаулы,
Желіде салып отыр маған дауды.
Айжаңдай Құдағидың құрбысына,
Құданы үйретеді «жамандауды».

Сіміріп Атасудың бал қымызын,
Өзінен қаймықпаймын Хан қызының!
Кісінеп күлдір-күлдір жер тарпиды,
Аламан бәйге іздеген Нарқызылым!

Жарқ етіп қайта шықты Құдағиым,
Жас дәурен оралғандай бұла күйім.
Шабытым келген кезде Айгүл ақын,
Жауабын жазбай қойса, бұ да қиын.

Отырған шығар Өмкең «А, Құдайлап»,
Шабайын Алатауға «Ағыбайлап».
Құда мен Құдағидың айтысындай,
Ел болып күтер қызық тағы қайда?

Бұл айтыс кітап болып шығады әлі,
Себебі — қазағыма ұнағаны!
Ысқылап екі қолын Ахат досым,
Көп болды қолжазбаны сұрағалы.

Демеңіз Құдам сайрап, тіл безеді,
Жырымның жарқырайды нұрлы өзегі.
Нарқызыл тұлпарымнан қарғып түстім,
Ал, енді Құдағида жыр кезегі!

ҚҰДАҒИ:

Құда мен ырғалғанша жүз қыр асты-ау,
Құдағи отыр дей ме мызғымастан.
Жалп етіп мұнда жарық өшіп қалып,
Еш қылды еңбегімді Тұздыбастау.

Көпшілік Фейсбукте күтіп қалды,
Құда, сірә, қабағын шытып қалды.
Қырсыққанда, қымыран іриді екен,
Соткамның зарядкасы бітіп қалды.

Татпаған соң Атасу бал қымызын,
Көтерілмей тұр бойда қан қызуым.
«Құдағи, бір партия» деп бастайтын
Құданың көрсем деп ем бар қызығын...

ҚҰДА:

Құдаңыз расында да жүз қыр асты-ау,
Құдағи әлі отыр ғой мызғымастан.
Мен сізді Алматыда жүр ме десем,
Құдағи, қайдан шықты Тұздыбастау?

Ол да бір деп ойлаймын оңды мекен,
Телефон қуатыңыз толды ма екен?
Атасу қымызына бойым балқып,
Тағы да жыр маржанын мөлдіретем.

Құдаңыз Нарқызылын тақымдасын,
Құдағи, қайда бұрам атым басын?
Қай жақта жарығы өшкен Тұздыбастау,
Құдаңыз солай карай жақындасын.

Құданың көрсем дейсіз бар қызығын,
Сіз барда керегі жоқ Хан қызының!
Алдыңа жал-жаяны қояр едім,
Секілді бай-манаптың жалғыз ұлы.

Қандырып Атасудың қымызына,
Өлеңнің тойдырар ем уызына.
Айтысты содан кейін жалғастырсақ,
Қазағым қарық болар қызығына.

Құдағи — Ақтоғайдың бүлдіргені,
Бұл сөзді айтпадым мен күлдіргелі.
Атасу қымызына қанып алып,
Құдаңыз жүр деменіз бүлдіргелі.

Арқаның хас сұлуы Құдағиым,
 Құданның түсінерсіз бұла күйін.
 Жалп еткен жарығыңыз жанды ма екен,
 Жарықсыз жауап жазу сірә қиын.

Мен деген – Атасудың мұзбалағы,
 Құрметтей білемін ғой қыз баланы.
 Сіз жақтан жауабыңыз көп кешігіп,
 Құдаңыз Фейсбукты жүз қарады.

Ал енді телефонды қолға алыңыз,
 Құдаға жауап жазып, толғаныңыз.
 Мен де енді телефонды былай тастап,
 Алайын тостағанмен қолға қымыз!

ҚҰДАҒИ:

Шіркін-ай, бітпесе ғой күндер шегі,
 Болмаса ақын жазған жырда өлшемі.
 Тұздыбастау тұзды деп сескенбеңіз,
 Ол-дағы Алматының бір бөлшегі.

Не жетсін Алматыдай қала, тауға,
 Қараймын көзім тоймай Алатауға.
 Қаланың у-шуынан алысырақ,
 Отырмын нұрға толы дара отауда.

Құданың жазған жыры тым ұзын, ә?
 Жарыған ұл секілді уызына.
 Мені де шала мас қып қойдыңыз ғой,
 Тамсантаып Атасудың қымызына.

ҚҰДА:

Құдағи қысқа ғана қайырыпты,
 Құдасы абыржыған жайын ұқты.
 Қуаты аз болды ма телефонның,
 Немесе майшамының майы бітті.

Тамсанып қарайды екен Алатауға,
Отырмын дейді нұрлы дара отауда.
Құмарым қанбай қалды жауабына,
Құдыққа салдым тағы жаңа қауға.

Құдағи, мөлдір еді жыр бұлағын,
Қолпаштап отыр сізді құрбыларың.
Баяғы жас кездегі айтысыңдай,
Көрсетші ақбөкеннің ырғығанын!

Ақтоғай жазығында сіз бір бөкен,
Көркіңе ғашық жігіт жүз бір ме екен?
Айтыста толған Айдай толықсыған,
Шағыңда өнеріңді үздің бекер.

Дегенмен, көзін аштың жыр-бұлақтың,
Ал енді ақбөкендей ырғып аққын!
Құдамен қапталдаса заулатыңыз,
Болдыртпай пырағыңды ұрғылап тым.

Көңілін көрерменнің жай қылатын,
Арқаның ару қызы Айгүл ақын!
Байлыққа әуел бастан қызықпадық,
Өнер ғой сіз бен бізді бай қылатын.

ҚҰДАҒИ:

Е, Құда, енді бізге ырғу қайда,
Жүруші ек топты жарып дырау-тойда.
Жармасқан шалғайыма күйбең тірлік,
Кей кейде жігерімді құм қылмай ма?

Құда да беті қайтпас ер екен бір,
Кіргені-ай өз жырымен берекемнің!
Құдағи бабында, зар шағында әлі,
Қуаты бітсе-дағы телефонның.

Жер-көкке қоймай мені мақтадың-ай,
 Жақұтты жырдан алқа таққаным-ай!
 Өнерім, бала-шағам – бар байлығым,
 Жаны кедей жандардан сақта, Құдай!

Жасымнан аңсарым – жыр, құмарым – ән,
 Қыз едім көмейінен жыр ағылған.
 Құдай қосып, құда болдық өзіңізбен,
 Асатын бақыт бар ма, сірә, бұдан?!

Мың жылдық Сіз бен бізді құда қылаған,
 Тағдырға шашу шаштым бұла жырдан.
 Құданы бал қымызбен баптап жатқан,
 Айналдым Атасудай тұрағыңнан!

ҚҰДА:

Өнерден сіз сияқты бақ табайын,
 Өзіңмен шаттанайын, мақтанайын.
 Арқаға өзіңіздей ақын берген,
 Ардақты атамекен Ақтоғайың!

Әрқашан биік болсын бақ-талайың,
 Құдағи, сізді қалай мақтамайын?
 Маған да атамекен болып кетті,
 Аяулы алтын бесік Ақтоғайым!

ҚҰДАҒИ:

Десем де Құда жырын арнаса екен,
 Лебізін жаңды ерітер жалғаса екен.
 Біз мұнда жырлап-жырғап отырғанда,
 Бел құдаңыз өкпелеп қалмаса екен.

Қылады бұл айтысты ел бір аңыз,
 Танысын құдаңызды енді нағыз.
 Баян қызын ұзатқан Дастаныңа,

78 Нәсерғали нағашым – бел құдаңыз!

Құданың бабын табу жүдә қиын,
Сыйлайды жанға рахат бұла күйім.
«Құда бізді ұмытты» деп жүрмесін,
Менімен аттас нағыз құдағиың.

Байлығы ер жігіттің – ұрпақ, жар, үй,
Ұрпақсыз өркендер ме, өсер ме әр үй?
Дастаныңыз жүз жылдық күйеу болса,
Мың жылдық құда сізге Нөсерғали!

Жасадық тамаша айтыс біз бір ерек,
Жалғыз мені мақтамай, Сізді де елеп.
Сейдіғали ағатайым тірі болса,
Қос тұлпар екеуімізге мінгізер ед!

Қашанда пейіліміз дұрыс болсын,
Көңіліміз алаңсыз, тыныш болсын.
Немерелер көбейіп, өсіп-өніп,
Ордаңа құт-береке-ырыс қонсын!

5 маусым, 2022 жыл.

ҚАРА ТОҚАЛ ҚОЛТЫҚТАП ҚАЙТАР ЕДІҢ...

(Аға мен іні арасындағы өзіл айтыс)

Кениялық желаяқ қыз Нора Джеруто жеңіл атлетикадан әлем чемпионатында Қазақстан қоржынына тұңғыш рет алтын медаль алып беріп, Айды аспанға шығарған жайы бар.

«Дәридай» ақын Мұқаш Сейітқазинов осы жарқын жеңіске байланысты ұлт ұясы Ұлытаудан үн қосып, «Фейсбук» әлеуметтік желісіне Нора қыздың суретімен бірге екі жол

өлең арнаған екен. Мұқаш ақынмен аразымыз
біраздан бері ағалық-інілік әзіл-қалжың бар еді.
Ақын ағаның мына екі жол өлеңіне орай мен де
оған екі жол өлеңмен әзіл жауап жаздым.

Ойлағанымдай Мұқаң әдемі әзілдерінің
тиегін ағытып қоя берді. Мен де қарыз болып
қалмай, қарымтасын қайтаруға тырыстым. Осы-
лайша біраз жерге барып қалыппыз. Аға мен
інінің арасындағы әдемі әзілге құрылған жыр
шумақтарымыз жарасымды шыққан сияқты.

Бұл қалжың айтысымыздың соңына қарай
«Фейсбук» әлеуметтік желісіне Айгүл құдағи
төтеден қосылып, жыр бәйгесін жалынды
шумақтарымен жандырып жіберді...

Мұқаш СЕЙІТҚАЗИНОВ:

Ішкен асын ақтады ақ ожаудан,
Нора қыз Джеруто – Қара маржан!

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ:

Желпідетіп жіберген бір ай бізді,
Бір қазаққа қосайық Нұрай қызды...

МҰҚАШ:

Қазақтың танып жатыр елін әлем,
Құда болсақ дейсің ғой Кениямен!

ТӨЛЕУБАЙ:

Қара бала қаптасын ауылыңда,
Той жасайық Ұлытау бауырыңда!

МҰҚАШ:

Бұл бала түсіп жатса «бұғалыққа»,
Өзің барып қайтарсың құдалыққа.

ТӨЛЕУБАЙ:

Нұрай қыз келін болса жұпарланып,
Қазағым жарыстарда ұтар-ды анық.
Несі бар, Кенияға барып қайтам,
Жаныма азулы ақын Мұқанды алып...

МҰҚАШ:

Ұзақ жолға бұл ағаң слабий-ды,
Қараларың жеп қояр мына миды.
Менен гөрі ерткенің дұрыс шығар,
Өзі ақын, өзі әнші Құдағиды.

ТӨЛЕУБАЙ:

Ақындық арыныңды байқады елің,
Қайтадан жас дәуреннің шайқа көлін.
Кенияға құда боп бірге барсаң,
Қара тоқал қолтықтап қайтар едің...

МҰҚАШ:

Кімге енді лақтырылар қамшы мына,
Нора қыз биікке ту шаншыды ма?
Құдаалық көшіріне мені салып,
Болайық дейсің бе, қу, қарсы құда?!

ТӨЛЕУБАЙ:

Құдаға арнау айтсаң «Дәридайлап»,
Қояды алдымызға сары қаймақ.
Қолтықтап Сіз қайтқанда қара тоқал,
Ініңіз салт қайтпасын соры қайнап...

МҰҚАШ:

Ойыңнан туа берсін ордалы өлең,
Елміз ғой «Бөрі азығы — жолда» деген!

ТӨЛЕУБАЙ:

Қолтықтап Сіз қайтқанда қара тоқал,
Ініңіз қайтсын қара жорғаменен!

МҰҚАШ:

Әр айтыстың басы мен соңы бар-ды,
Жақсылардың қалдырған жолы бар-ды.
Бұл қараға қарайды қандай көзбен,
Арғы атам – Қара Қыпшақ Қобыланды?!

ТӨЛЕУБАЙ:

Бұрыннан бар екен ғой қара атыңыз,
Нора қызды кәдеге жаратыңыз.
Асығыңыз әманда алшы түсіп,
Бәйгеден келе берсін дара атыңыз.

Мұқаш ағам әр іске епті мына,
Ұлытауға бермеңіз көп тығыла.
Қобыланды атаңыз риза болар,
Қараларды көбейткен текті ұлына...

* * *

Мұқаң екеуіміз осылай «Қара тоқал» тақырыбын желіде жырлап, жырғап отырғанымызда бұлт астынан шыққан Күндей болып, Айгүл құдағиым жарқ ете қалды. Жарқ етті де, жыр-дан жасын ойнатты!

ҚҰДАҒИ:

Фейсбукте ғажап айтыс басталыпты,
Тойдырып қара өлеңге аш халықты.
Қазаққа Нора қызды айттырмақшы,
Мұқаңның идеясы баста мықты!

Ағамыз осындай іс қылады игі,
Ізгі іске бағыттапты жүдә миды.
Кенияға Бас құда боп өзі бармай,
Отыр ғой итермелеп Құдағиды.

Құдағи жолынан еш жығылмайды,
Әрнені сылтауратып, тығылмайды.
Бір нәрсе айдан анық – Қара құда,
Аққудай Құдағиға қырындайды!

Құдалық- ата-баба салған із бар,
Дәстүрін қазағымның жалғаңыздар.
Қара қыз, қара тоқалды аңсап жүріп,
Құдағидан айырылып қалмаңыздар!

ҚҰДА:

Құдағи, жөн сөзіңнен тосыламын,
Расында ойламаппын осы жағын.
Қағынып, қара тоқал іздейміз деп,
Жоғалтып алсақ Сізді...
Шошынамын!

Қара құда тасада тығылмайды,
Ақ тоқаш Құдағиға қырындайды.
Айдынның аққуындай ақын Айгүл,
Ондай Қара құдаға бұрылмайды.

Дегенмен, бір бұлқынды жүрегіміз,
Айгүл елде жүрсінші – тілегіміз.
Бізді осылай тәубаға бір келтіріп,
Жүректерге жырыңмен гүл егіңіз!

ҚҰДАҒИ:

Сақтай гөр, қарамасын күн Қараға,
«Алтын алып бердім» деп бұлдана ма?

Жүрегі жырға толы, сырға толы,
Құдама тең келмейді мың Қара да!

ҚҰДА:

Құрысын қара тоқал, Нора қыз да,
Құдағимен теңіздей толамыз да!
Қара тоқал – Құдағи садағасы,
Жол түгілі, жүрмейді жораңызға!

27 шілде, 2022 жыл.

* * *

Бірде Айгүл құдағи біраз жыл бұрын
Қойлыбаймен түскен фотосуретін жария-
лапты. Суретке қоса мынадай өлең жолдары
тізбектелген:

Есімде өткен күндер елесі әлі,
Есімде қазылардың кеңесі әлі.
Қойлыбай академик емес әлі,
Өмірдің алда талай белесі әлі,
Көзімді жұмдырып тұр жылы сөзі,
Кіrmесін көңілімнің неге сәні...
Мен де қарап отырмадым.

ҚҰДА:

Есінде ол кезеңнің елесі әлі,
Алдыңда көп еді ғой белес әлі.
Қойлыбай ол кезеңде ат үстінде –
Жауына жалғыз шапқан Кенесары!
Құдағи, сен болмасаң осы менің,
Кірмейді өмірімнің неге сәні?

ҚҰДАҒИ:

Беу, құда, шабыттанып, төгіліңіз,
Жібісін тоң боп жатқан көңіліміз.

Сырттағы тіршілікте шаруам жоқ,
Көңілді-ақ фейсбуктегі өміріміз!

ҚҰДА:

Көңілді фейсбуктегі өміріміз,
Құдағи, өзіңіз де төгіліңіз.
Сырттағы шаруаны не қыламыз,
Жарасып тұрған кезде көңіліміз?!

ҚҰДАҒИ:

Отырмыз құда екеуіміз қайымдасып,
Сырт жақты неғыламыз уайымдасып?
Кетіпті шумағымыз қойындасып,
Айтсайшы неғылса да жайыңды ашық!

ҚҰДА:

Күтпеп ем құдағидан мұндай дауды,
Оқырман қарап отыр.
Тіл – байлаулы.
Жайымды ашық айтсам бүлдірермін,
Құдағи біледі өзі ыңғайлауды...

ҚҰДАҒИ:

Тағасыз «Ә» дегеннен неге мінді,
Білмеймін сенбесімді, сенерімді.
Құдасын құдайындай сыйлар қазақ,
Ойланам сізді елемес, елерімді.
Көңілі құрғыр, бірақ, күтіп отыр
«Құдағи, бір партия» дегенінді.

ҚҰДА:

«Құдағи, бір партия!» көмейімде,
Ортаға салып оны өлейін бе?
Тізгінді осы арадан тартайын мен,
Көңілдің «Сап-сабына» көнейін де.
Әлгі сөз қалып қойды көмейімде...

ҚҰДАҒИ:

Жырымнан жетер құда сыр ұқса анық,
Көмейге қойдым мен де құлып салып.
Фейсбуктің құлағына – алтын сырға,
Жүрмесін үйдегілер бүлік салып!

ҚҰДА:

Теңепсіз тұлпарға да, сұңқарға да,
Мен едім өрт өлеңге іңкәр бала.
Айтыстың ақ тұлпары өзің едің,
Тұлпарды таниды ғой тұлпар ғана.

Бұл өмір беріледі бір ақ рет,
Жырыңа елтіп қалды бұла жүрек.
Жаныма жақсы сөзің майдай жақты,
Құдағи, пейіліңе рахмет!

Құдағи ақ тұлпарын шідерледі,
Жақсы едің аттын басын жібергені.
Осылай Құдағимен қайымдасып,
Аспанның ашылды ғой түнергені.



МЫСТАН ШЫБЫН

Қалтыдап әрең шыққан қыстан шыбын,
Ежелден адамзатқа дұшпан шыбын.
Быладың адал ас пен табағымды,
Кірдің де пәтеріме тыстан, шыбын.
Өзің бір тойымы жоқ пәле екенсің,
Су жұқпас, зуылдаған мыстан шыбын.
Жүрмесін екі аяғың көктен келіп,
Жөн болар бір жеріңді қысқан, шыбын!

*Фейсбукке салған осы өлеңімді оқып, ақын
Құдамыз маған өлең жазып, гүлдің суретін
жіберіпті.*

ҚҰДА:

Желіге Құдағидың сырын жайған,
Айгүл-ау, қалай болды шыбын майдан?
Бүгінде сол болды ма қарсыласың,
Өлеңнің суырушы ең қылын майдан.

Айтыстың кіргенінде базарына,
Жігіттер ғашық еді ажарыңа.
Кәдімгі бозбаладай елтіп қалам,
Өлеңім түсе қалса назарыңа.

АЙГҮЛ:

Бұл тағдыр талайларды сүріндірді,
Жарқырап тұра бермес күнің нұрлы.
«Бұлаңдап асау тайдай жүрген басым»,
Бұл күнде қауқарым жоқ шыбын құрлы...

Айтыстың кірдім біраз базарына,
Өткенді Төкең жыр ғып жазады ма?

Еске алып қыз күнімді назданайын,
Құданың жаңды ерітер ғазалына.

Демігіп жатса да бар ғалам бүгін,
Құдамыз ұсыныпты маған гүлін.
Үні өшсін ковидтің де, көп иттің де,
Тілейік адамдардың амандығын!



**ШАЛҚЫТҚАН ШАЛДЫ
НҰР-ЗАМАН!**

(Фейсбуктегі оқырмандарымыздың сұрауы бойынша көкшетаулық ақын Құдайберлі Мырзабеков екеуіміздің айтысымыздың толық нұсқасы)

Қазақстанның Халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов 82 жасында 82-ші жылғы келіншекке үйленді деп фейсбуктегілер «қырылып жатыр».

Көкшетаудың перісі Құдаш екеуіміз сол үшін қызылкенірдек болып, айтысып қалдық.

ҚҰДАЙБЕРЛІ:

Үйленген жақсы сексенде,
Тыйым жоқ оған еш жерде.
Шалқадан түсіп жүрмеңдер,
Кіндігін ұлдың кескенде!

АЙГҮЛ:

Үйленген жаман сексенде,
Ұқпайды мұны еш пенде.
Алжығаны-ай атамның
«Сүйем» деп жас қыз бөскенде!

ҚҰДАЙБЕРЛІ:

Айгүлжан, босқа өштенбе,
Кеш жақсы деген ештен де.
Темірді нанша илесе,
Құнды ғой балға төстен де.

АЙГҮЛ:

Босаған басы балғаның,
Сала алмаса салмағын.

Темірдің иі қанбаса,
Шайнаумен өтер бармағын.

ҚҰДАЙБЕРАІ:

Сексеннен, Айгүл, сескенбе,
Қызғанба бақыт кешкенге.
Еркегі сыйлы әйелдер
Еркекті сөкпейді еш жерде.

Ұғарсың бәрін «өскенде»,
Көрмеген затты тексерме.
Сенбейсің сонша, қызуың
Елуге жетпей, өшкен бе?!

Арқада ару сен едің,
Айдында аққу деп едім.
Сексенге неге шүйліктің,
Ұға алмай қалдым себебін?

АЙГУЛ:

Көкшедегі серісің,
Айтысқанда перісің!
Сексеннен асқан атам бар,
Теріс киген кебісін.
Сол атама ұқсайды
Шалдың бәрі мен үшін.

ҚҰДАЙБЕРАІ:

Атаң — ата сен үшін,
Тексере алмайсың желісін.
Әркім жейді өзінше
Қолы жеткен жемісін.



АЙГҮЛ:

«Құнажын көзін сүзіпті,
Бұқа бұйдасын үзіпті».
Бұл тақырып шынымен
«Екі сиырдан» қызықты.
Ал, халайық, ендеше,
Нұрғалиұлын әкелер
Күтейік «қос сызықты»!

ҚҰДАЙБЕРЛІ:

Қоймадың, құрбым, тек сен де,
Еркекті таптап өкшеңде.
Жаратқан жоқ қой әйелді
Еркекті билеп-төстеуге.
Кім айтты саған сексенде
Болмайды деп төс жеуге?

АЙГҮЛ:

Айтыстың кердік желкенін,
Қарық болды ел тегін.
Есім шығып кетеді,
Есіме түссе ертеңім.
Сексенге жарым келгенде,
Мен қандай күйді шертемін?
Тапқаны жөн-ау әйтсе де,
Тезек — қабын, тең — теңін.

ҚҰДАЙБЕРЛІ:

Мен сен болсам байыма
«Тоқал әперем» деуші едім!

АЙГҮЛ:

Жас тоқалдан әдемі
Барлық еркек дәмелі.
Бәйтеректей боп мәуелі
Сексенге келсін әуелі.



Ал әзірше жетеді
Бір қатынның әлегі!

ҚҰДАЙБЕРАІ:

Кетірме, Айгүл, зәрені,
Байың қандай «шал» еді?
Кебісін теріс киетін
Шал етпексің, әне, оны.
Басымызға құдайым
Бермесін ондай бәлені!

АЙГҰЛ:

Сексенде шалдар «қуады»,
Белді өзінше буады.
Өгізге туған күн, Құдаш,
Бұзауға да туады!

ҚҰДАЙБЕРАІ:

Алланың түссе шуағы,
Дүниенің болмас дуалы.
Шалдың да шалы болады,
Қуа алатындар «қуады».
Еңбегін шалдың еш етпей,
Туа алған қатын туады!

*Осы тұста айтысымызға желілер де қосыла
бастады.*

Абзал ҚАСЕНОВ:

Табылып жастан сыңары,
Біріне бірі ұнады.
Махаббат – үлкен құдірет,
Сүйгеннің қансын құмары.
Интернетте ел шулап,
«Ерсі» деп жатыр бұлары.

Жадыраны жар еткен
Нұрғали – елдің қыраны!

АЙГҮЛ (Абзалдың осы шумағына тоқтадым):

Кері кеткен заманның
Сиқынан қайда қашасың?
Шал да болса, қатқан шал,
Шаң қаппасын шашасын!
Сексендегі серілер –
Нүрекеңдер жасасын!

*Айтысымызды Абзал әдемі аяқтады. Нұрғали
ағамызға ұзақ та, бақытты өмір тілейміз!*

Артық кетсек, айып етпеңіздер!

АБЗАЛ:

Өтпелі өмір – бір ғалам,
Нұрғали – мықты тұлға адам.
Шалдарың бұлай желіксе,
Дейсіңдер кімнен үлгі алам?
Жас қырандай келіпті,
Сұлуға қолды бұлаған.
Нұрғали көкем ер екен,
Әйелден сағы сынбаған.
Шайнауда қалмай бармағың,
Өмірге келсін ұл балаң.
Нүктесі сонда қойылып,
Жабылар ауыз мыңдаған.
Айтыстың сәнін келтіріп,
Айгүл де мықты жырлаған!
Басына бақыт тілейік,
Тәуекел етпес күнде ағаң.
Осындай іске апарған
Бойдағы қаны тулаған.
Өмір өзен секілді
Заманың өтер зырлаған.

Тісің барда тас шайна,
Көмбеге қалды жүз қадам.
Шалдардың бағы жанып тұр,
Шалқытқан шалды Нұр-заман!



ОҢАША
ҚАЛЫП
ӘЛЕҢМЕН...





Айгүл ТҮСІПБЕКОВА

1960 жылы 16 қыркүйекте Қарағанды облысының Ақтоғай селосында дүниеге келген.

1981 жылы Қыздар педагогикалық институтының музыка факультетін бітірген. «Тоқырауын толқындары» халық ансамблінің, Қыздар педагогикалық институтының «Айгүл» вокалды-аспаптық халық ансамблінің мүшесі болған. Ансамбльдердің құрамында бірқатар гастрольдік сапарларға шыққан.

Облыстық, республикалық ақындар айтысының жеңімпазы.

Мәдениет мекемелерінде және мемлекеттік қызмет саласында еңбек еткен.

«Мәдениет қайраткері» құрметті атағымен марапатталған.

Бүгінде зейнет демалысында.



АЙГУЛ ҚҰДАҒИДЫҢ
ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН



ӨНЕР ІЗСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Тіршіліктің қамыты кеп мойынға,
Түскеннен соң, ән мен жырға, ойынға.
Қайрылуға мұршаң болмай, сүрлігіп,
Жүргеніңді мойында, қыз, мойында.

Көңіліңді мұң шалды ма – күрсіндің,
Сәуле болып көлеңкені түрсін жыр.
Жасындайын жарқ еткейсің, мына жұрт,
Өнер ізсіз қалмайтынын білсін бір.



ЖЫРЛАРЫМ, КЕТШІ МЕНІ ҚИЫРҒА АЛЫП

Ілесіп қалмайтұғын бұрын менен,
Бұл күнде қайда қашып, тығылды өлең?
Күндерім әнсіз-сәнсіз өтіп жатыр,
Басына ошағымның бұғуменен.

Жел ойнап, мизам ұшып, күз де келді,
Жүрегім біреуді аңсап, іздеп еді.
Қалатын сұхбаттасып, жыр жаттасып,
Бір іздеп келмедіңіз Сіз де мені.

Шертеді бір сарынды өмір күйін,
Жабырқау күз күніндей көңіл-күйім.
Қойғандай жан-тәніме бұғалық сап,
Тар қапас, тас қамал боп көрінді үйім.

Адам жоқ ұғатұғын күйімді анық,
Өртенем жыр отына күйіп-жанып.
Көңілден мұнның бұлтын серпіп тастап,
Жырларым, кетші мені қиырға алып...

ШАНАҒЫН ШАҢ БАСПАСЫН
ДОМБЫРАМНЫҢ

Болғасын басқалардан жасығырақ,
Бұл күнде қалдым біраз басылып-ақ.
Әуелде әйел болып жаралған соң,
Күйбеңі тірлігімнің басымырақ.

Кезім жоқ азаматқа сыйынбаған,
Жарымның көңілінің күйін бағам.
Отбасым, отағасым, үйім, балам –
Солардан ұзап шығу қиын маған.

Тілеймін отбасының тыныштығын,
Өзіме көрінеді дұрыс мұным.
Өмірге келгеннен соң кешіп жүрмін,
Тірліктің бір суығын, бір ыстығын.

Жанымның тілегесін тыныштығын,
Жүректен орын таппай, ығысты жыр.
Кей кезде көре де алмай дал боламын,
Жылат еткен жыр отының бір ұшқынын.

Қынға сап сөз қанжарын жарақтандым,
Сырымды өлеңменен сан ақтардым.
Шайлығып, талай жерде бетім қайтып,
Қоймақ боп осы айтысты сан оқталдым.

Әйтсе де «ақын» деген жақсы атым бар,
Арманым, алға қойған мақсатым бар.
Ақындар ұран салып, жатса шулап,
Жүрегім аласұрып, атша тулар.

Кез келер домбырамды оң бұрар күн,
Кеудеме жырдың құсын қондырармын.
«Асыл пышақ жатпайды қын түбінде»,
Шанағын шаң баспасын домбырамның.

ҚЫРКҮЙЕК

Күз айының ең тәуірі – қыркүйек,
Қыркүйекте туған мен де бір түлек.
Гүлдей нәзік жүрегіммен үндесіп,
Жапырақтар дірілдейді жыр тілеп.

Сары алтындай сәуле шашқан қыркүйек,
Берекесі, дәулеті асқан қыркүйек.
Туған жерін қимаса да, қиналып,
Жылы жаққа құстар ұшар дүркіреп.

Мамыражай, жаймашуақ қыркүйек,
Қазан емес, түйдек-түйдек бұлты көп.
Қаһарланып, күн де жиі күркіреп,
Мазаны алар жаңбыры да сіркіреп.
Жаңа өмірге, жаңа өңірге айналар,
Табиғат та қыркүйекте бір түлеп.
Қыркүйекте туған жақсы жандарға
Тілеулестер айта берсін мың тілек!

ТОҚЫРАУЫНҒА

Екеуміз перзенті едік бір даланың,
 Шарлаған туған жердің жылғаларын.
 Күләштің аққу әні жанды еріткен —
 Елітіп Сен де, Мен де тыңдағаным.
 Ең алғаш сүйіктіммен қол ұстасып,
 Сыңғырлап саған келгем сырғаларым.
 Өзіңнен мен өзімді таныдым да,
 Жүрек сыздап, оранды мұңға жаным.
 Ай ару айдынында шомыла алмай,
 Төбеңде шытынатты түн қабағын.
 Байланды сенің-дағы құмға бағын,
 Талайсыз тағдырыңа тұлданамын...

Торқалы туған жердің сәні едің сен,
 Әсеттің әуелеген әні едің сен.
 Сарқылған арнаң қайта толар ма екен
 Ерте-кеш саған қарап сан егілсем?

Сен-дағы Хауа Анамен тұстас па едің,
 Аймалап перзентіңді құшпас па едің?
 Толқынында толықсып өскеннен соң,
 Тағдырым да өзіңе ұқсас менің.

Тау-тасың құлазиды құнсыздана,
 Жаныңды жабырқатып гүлсіз дала.
 Тал бойың төмен тартып, жер астымен
 Балқашқа кеп құясың үнсіз ғана.
 Күйкі тірлік қажытқан мына мен де
 Баз кешермін фәниден жырсыз, дара.

Тусам да шағылысып Айға маңдай,
 Табаным қара жерде тайғанардай.
 Осылай бір күндері жоғалармыз,

102 Сен — көлге, мен — өлеңге айнала алмай.

ҚЫЗЫМА

Алабұртып мен жүрсем жыр-ағында,
Сен бойжетіп, бойыңды сыладың ба?
Саған қарап, келеді қуанғым да,
Саған қарап, келеді жылағым да...

Көңілім-ай, неғылаған осал едің?
Қыз болыпсың тал мүсін, аса керім.
Кеудеңдегі қос түйін көзді ұялатып,
Жүрегім де сыздайды қоса менің...

Толықсыған тұлғана қарадым да,
Толқып кеттім, шынымен Анамын ба?
Мен сені де аядым, өзімді де,
Шыр айналды дүние жанарымда...

Шөлім қанбай жастықтың ән-жырына,
Көзім талмай, таңғалып барлығына.
Жүруші едім, мен де енді Ана болып,
Алаңдаймын қызымның тағдырына.

Қызым менің, қызғалдақ гүлім менің,
Жаным нұрға толғандай бүгін менің.
Анаң барда құлама, сүрінбегін,
Күлімдеген көгімде Күнім менің!

ЕНЕГЕ СЫР

Армандаушы ем келінің болсам-ау деп,
Бак құсын боп бағыңа қонсам-ау деп.
Мамық көрпе астыңа төсеп қойып,
Жылы суға қолыңды малсам-ау деп.

Ойлайтынмын суыңа барсам-ау деп,
Ерте тұрып, сиырың саусам-ау деп.
Осы күнді ол-дағы аңсады-ау деп,
Аңсады-ау деп талай жыл, шаршады-ау деп.

Ақ босаған аттадым, күлімдедің,
«Гүлім» дедің сен мені, «Күнім» дедің.
Түске дейін төсектен тұрмасам да,
Қабағыңнан реніш білінбеді.

Ал мен болсам болмасты армандадым,
Өзің жайлы ойланып, толғанбадым.
Қызық қуып, қол бұлғап, кете бардым,
Үмітіңнің жібі боп жалғанбадым.

Жастық шақта мән берер ісіне кім –
Барлығын да соңынан түсінермін.
«Құлынымдап» отырған сізге қарап,
Жан анамды есіме түсіремін.

Асыл тұлға, жаныма жақын тұлға,
Ойлап бізді, мұңайып отырсың ба?
Әлде ежелгі әдетпен тыным көрмей,
Шалпыдатып кір жуып жатырсың ба?

Кетсек-тағы өзіңе қолды бұлғап,
Үмітіңді енді сен жол қылып ап.
Қоржыныңды арқалап кеп тұрасың,

104 Жанарыңа қос көлді толтырып ап.

АҚТОҒАЙ — ДҮЙІМ ҚАЗАҚ ТАНЫҒАН ЖЕР

Тағдырдың мұзбеттенген айлағында,
Қарамай табанымның тайғанына.
Елеңдеп Шатыршаның сайларына,
Айналып келе берем аймағыма.
Құдайым туған жерден алысқа ұзап,
Кетпестей кіндігімді байлады ма?
Перзенттік махаббатпен басымды ием,
Туған ел, құшағыңды жайғаныңа.

Ақтоғай — дүйім қазақ таныған жер,
Өнердің уызына жарыған жер.
Манарбек, Әсет, Күләш, Аққыз туған,
Қыдыры ән мен жырдың дарыған жер.

Елім бар байлық емес, бақыт қуған,
Жаралған жан-жүрегі жақұт-нұрдан.
Ақтоғай — үш арыстың құт мекені —
Әлихан, Әлімхан мен Жақып туған.

Халықтың мысын ешкім баса алмайды,
Халқы үшін қан жылаған Асан Қайғы.
«Елім» деп еңіреген Әлихандар,
Тексіздер ошағынан аса алмайды!

Жырақта жаным жүдеп қайдағыға,
Қанықпын қамыққан күй-жайларыңа.
Тойып ап қазандағы қаймағына,
Өлерменің өңешін майлады ма?
Әкімдерің әлденіп, елден кетті,
Үптеп-сүптеп жан-жағын жайғады да.
Артында қалған өңшең жандайшаптар,
Мәз болар бір күн қарыны тойғанына.

«Жайнай бер, жайнай бер» деп әңдетеміз,
Ақтоғай, бірақ, содан жайнады ма?
Ауылын әнге қосқан Дәртай марқұм
Тірлігінде бес ешкі айдады ма?

Күн тимей селдіреген айдарына,
Мәз болған өткен-кеткен тойларына.
Қытайдың күпісіне оранып ап,
Мәз болған күлемін мен байларыңа.
Айтқандарым – ақиқат Айдан анық,
Мен емес сөз шығындар қайдағыға.
Ел үшін туған ерлер ешқашанда
Елінің шаң тигізбес байрағына!



СЕНІҢ ӘНІҢ...

Жанымды сенің әнің арбайды анық,
Елітіп, елжіреймін таңдай қағып.
Елесі өткен күннің есімді алды,
Қол бұлғап кете барған әнге айналып.

Домбыраң бебеулеген шертеді мұң,
Соңынан қоңыраулатқан ертеді үнін.
Әніңнің кәусарына суарайын
Жанымның елеңдеген ерке елігін.

Сезімнің үздің нәзік қыл бұрауын,
Мәңгілік сенің әнің жыр қыларым.
Жауһардай жанды арбаған әуеніңе
Тарқамай өтер, сірә, бір құмарым.

* * *

Осы сенің әніңде бір сыр бар-ау,
Мүмкін емес күйіп-жанып тыңдамау.
Періште жыр бұлқынады кеудемде,
Байғұс жүрек бірде – қырау, бірде – алау.

Алабұрттым, өрекіпідім, күрсіндім,
Жаным нәзік гүл сынды едім, мың сындым.
Өзімнен де жасыратын бір сырдың
Күпиясын сездіруге қымсындым.

Іңкәр әуен күйдіргенде жалын боп,
Есім кетіп, елітетін шағым көп.

Көкке самғап кетсем ұшып, дариға-ай,
Шырқап салған сенің арман-әнің боп.

Ілесе алмай сонда ақсұңқар құсың да,
Қалар еді қанат талған тұсында.
Ән ғұмырың көкке самғап барады,
Шарықтаған сиқырлы әуен ұшында!



Ертеңінен әркім-ақ етеді үміт, әлди-ай,
Әр сөзімді көпшілік кетеді іліп, әлди-ай.
Құлындарым төсекте әрлі-берлі аунайды,
Жатыр ма екен ыстығы көтеріліп, әлди-ай?

Шырқалғандай Біржанның асқақ әні, әлди-ай,
Қосылуға жүрегім жасқанады, әлди-ай.
Түні бойы ақын боп тебіренем, таңертең
Күнделікті күйбеңім басталады, әлди-ай.

Әлди, бөпем, әлди-ай,
Әлди, бөпем, әлди-ай...



АДАСҚАН АҚҚУ ҚҰСТАЙ...

Шалқыған шалқар шабыт, ерекше едің,
Өзіңе бөбегімдей өбектедім.
Талансыз тағдырыма тізгін беріп,
Өлеңім – өзегімді бөлектедім.

Шалғандай Күнді – бұлт, Айды – мұнар,
Айрылды асау көңіл айбынынан.
Жабырқап, жаным жүдеп, жаутаңдаймын,
Адасқан аққу құстай айдынынан.

Тынымсыз тіршілікке тынды құмар,
Жанымды ой жегідей жеп, жынды қылар.
Домбырам өксіп-өксіп, ішін тартты,
Төгіліп шанағынан мұңды бір ән.

Домбырам, күңіреніп, қозға мұңды,
Сезгенмін ботадайын боздарыңды.
Қиянға дауысымды жеткізе алмай,
Байлаған мен бір бейбақ өз бағымды...



АРДАҒЫ ЕДІҢ АҚТОҒАЙДЫҢ

*Төлеубай құданың үлкен құдасы,
ақтоғайлық даңқты шопан, Қазақ ССР
Жоғарғы советінің депутаты, марқұм
Сейдіғали Сейілханов ағатайыма*

Ардағы едің, Ағатай, Ақтоғайымның,
Асқақтаған жер мәртебе, бақ-талайыңның,
Ақжарқын күлкің көңілімді көкке самғатқан,
Сағынышымды жырыммен ақтарайын бір.

Балықтыбұлақ шалқитын өзен-көлдей боп,
Қадірін білер тірі жан сезем сендей жоқ.
Еңбегің жанып, еліңе елеулі болып,
Өркенің өсіп, көсегең көгергендей көп.
Жататын жусап, ыңқылдап, қозғала да алмай,
Еділбай қойлар құйрығы тегенедей боп.
Қарындасыңыз Жамалдың қайынсіңілісі,
Қымызға тойып, семіргем бөденедей боп.
Үйіңіз толған топ бала жүгермек өңшен,
«Көбелек қуған көркем қыз неге мендей жоқ?»
Деп қапаланғам, дүниеге Қарлығаш келді,
Тәңірі тілегімізді елегендей боп.

Найзағай ойнап, нөсер де жауып өтетін,
Абыр-сабырмен биенің сауыны жететін.
«Нөсерғалиым бір дөкей болып кетер» деп,
Қазына апам көңіліне қауіп ететін.
Ерғали құрдас оқыранып қасымнан менің,
Таяққа мініп, кісінеп шауып өтетін.

Тауыса алмай сол қызық, салтанаттарды,
Қиял қуалап, көңілімде ән қанаттанды.
Санамыз жетпей санауға сарсылушы едік,

112 Үй сыртындағы жабысқан жарқанаттарды.

Саналы ұрпағың сарабал шаққа үйлеседі,
Ордаңызды жұрт «базарлы, бақты үй» деседі.
Сәнін де, мәнін кіргізіп, көз тартушы еді,
Дәкен тәтемнің кестелі ақ кимешегі.

Даңқыңыз асқақ шарлады шартараптарды,
Жинаудан талмай марапат, мархабаттарды.
Аттандың, Аға, бабалар кеткен жолменен,
Әспеттейді елің атыңды алқалап тағы.
Сағышымыз сартаптай тарқамапты әлі...



* * *

Аллаға пенде шіркін ермек пе еді,
Аздай-ақ бұ дүниеде сенделткені.
Айырылып арқасүйер арысынан,
Аһ ұрды қаралы жар жерлеп сені.

Көз жасы көл боп аққан кермек пе еді,
Назданып кімге айтады енді өкпені?
Анасын жұбатуға жарап қапты,
Біз көрген Абылайың жөргектегі.

Жаныңа жақын тарттың тең деп мені,
Ұмыттым саған деген мен де өкпені.
Бізді тастап, бақиға кете бардың,
Хор қыздары ертерек кел деп пе еді?

Мені ұғар жалғыз жан ең Жер-Көктегі,
Құлазып қалды Арқаның бел-бөктері.
Шарқ ұрып, шыр айналып бұл шаһардан,
Мені ешкім іздемейді сен кеткелі.

Ғұмыры бір ақынның тәмамдалды,
Жазылмай мың сан өлең қараң қалды.
Ат басын бұратұғын ауылыма,
Досым жоқ, тек елесі санамды алды.

ҚАЙТЫП КЕЛІП КӘРІ ҚЫС...

Аңсай күтіп жүргенде Көктен нөсер жауынды,
Қайтып келіп кәрі қыс, бұзды тәуір сәуірді.
Иығыма қонған қар зіл батпаңдай ауыр-ды,
Елді аядым, мал-жанды, діңкелеген ауылды.

Он тоғызы сәуірдің Жерді қайта қар басты,
Албасты қыс алжасты, гүл-көктеммен арбасты.
Қыршынынан қимақ боп жас бұтаққа
жармасты,
Татулыққа табынды, тірлік қайта жалғасты.

Қуанғаннан шуақты төкті көктен Күн нұрын,
Сай-салаға жүгіртті бұлақтарды сыңғыр үн.
Адамзатқа не дауа Жер-Анадан жаралған,
Табиғат та сақтайды татулығын, бірлігін.



АНАМА

Мейірімін төккен әрбір баласына,
Көзінің балап ақ пен қарасына.
Несіне «ақынмын» деп күпінемін,
Бір өлең арнамасам анашыма?

Әлпештеп, бағып-қақты бәрімізді,
Келтіріп салтанат пен сәнімізді.
Бұл күнде бірі – ұстаз, бірі – заңгер,
Біріміз жүрміз шырқап әнімізді.

Біз үшін болды анамыз тас қамалдай,
Айбынды еді мың қол басқарардай.
Жанымды ауыртады, кәрілік кеп,
Жаутаңдап отырғаны жас баладай.

Тағдырдың шыдап тартыс, талқысына,
Бөленген әйел еді ел алғысына.
Айығып кететұғын құлан-таза,
Ауырып келген адам жаны қысыла.

Елемей жауын, боран, ештеңені,
Белшеден қиындықты кешкен еді.
Кіндігін сан баланың кескен еді,
«Майрашсыз күн жоқ бізге» дескен елі.

Әкеміз анам десе жанын берді,
Жұртшылық жарасымды сәнін көрді.
Ақ адал еңбек етіп, терін төгіп,
Жеткізді жетеуімізді, тәлім берді.

«Арғы жақ» жаулап күнде тағат, ойын,
Шешеміз санап отыр сағат, айын.

Жұмақтан жай тапса да, анамды аңсап,
Күтумен жүрген шығар ағатайым.

Аңсарға айналады-ау анашым да,
Көруге зар болармыз қарасын да.
Ұрпағы барда ата-ана мәңгі жасар,
Сақталып әр баланың санасында.



БАР МА ЕКЕН АҒАЛАРЫ...

Нарықтың нағыз қаһарына мініп, мен түгілі атандай жігіттердің өзін қоянша қалтыратып тұрған кезі болатын. «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясында Алаштың адуын ақыны Серік Ақсұңқарұлы ағатайыммен кездесіп қалдым. Менің жүдеулеу түрімді көріп: «Әй, Айгүл, сен баяғыда Қасымханға тиюің керек еді. Ол қазір миллионер. Алматының ақындарының бәрі содан қарыз алады» - деп қалды.

«Ой, Секе, осы ақылыңызды баяғыда неге айтпағансыз?» - дедім күліп.

«Құлыным-ай, сен ол кезде періште едің ғой, аузым барып қалай айтамын?» - деп мұңайып қалды ағатайым.

«Енді ше, Қасымханға тоқал керек емес пе екен?» - дедім әдейі — не дер екен деп.

«Енді ол сені қайтеді?! Алматының барлық сұлулары соның соңында қазір!» - деп салды әй-шайға қарамайтын ағатайым.

Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылағым келді...

* * *

...Қайтам мұңды ойға батып нетүрлі,
Алатаудың лебі сипап бетімді.

Аэропорт «Ақсұңқарға» қарасам,
Әкем қалып бара жатқан секілді...

С.Ақсұңқарұлы

Самал жел жүзімізді желпіп күзгі,
Асфальтқа жапырақты шертіп тізді.

Сәбила, есінде ме, қыдыртқаны
Ағалар соңдарына ертіп бізді?

Арайлап Алматының нұр таңдары,
Тілінен Қасымханның жыр тамғаны.
Үмітай, Серік – жігіт сұлтандары,
Ақындар арасында Ақ Сұңқарлары.

Қызған соң кілең жорға тақымдары,
Жыр оқып, таңдайлары тақылдады.
«Ақсұңқар» әуежайы жолда қалды,
Секеңнің әкесінің атындағы.

«Ой, өмір-ай, көңілді бұзып тұрып,
Қоясың-ау біреуге қызықтырып.
Он екіде бір гүлі ашылмаған,
Аруларға қарау да – қызық қылық.
Кешіріңдер осы бір өлеңімді,
Жазып едім шарапқа қызып тұрып».

Деп бізге жыр оқитын, о несі екен?!
Үш мүшел – өмірден бар көресі екен.
Қыздарды көзмоншақтай қастерлеген,
Жігіттің Үмкең марқұм төресі екен!

Қорғаған ашкөздерден мені бөтен,
Ағама асқар таудай сеніп өтем.
Қарындасын үкідей үлгідеткен,
Жігіттердің сұлтаны – Серік екен!

Қорқаулар көп қой әлі жол торыған,
Қыздардың қымбаттысын қолқа қылар.
Бар ма екен ағалары ара түсер,
Шыр-пыр боп қызғыш құстай көл қорыған?!

БАЛАЛЫҚТЫҢ ЖЫРЫН АЙТЫП
ТАУЫСА АЛМАН...

Арқада әсем жер болатын аяулы,
Қоңыр тірлік, қазақтың бір жай ауылы.
Он үшімде алып барды анашым,
Бала көңіл білмейтін еш қаяуды.

«Алтыншыны» Ақтоғайда бітіріп,
Бір нәрседен қалатындай ұтылып.
Өз-өзімнен желпідедім құтырып,
Апам қалды кемсең қағып, шытынып.

Асты-үстіме түсіп анам үзілген,
Менен басқа ел шығып қалды «тізімнен».
«Айыртастың» әппақ шаңқан үйлері-ай,
Көше бойы қаз-қатар боп тізілген.

Алып-ұшып жүрек шіркін тулады,
Мұндай ауыл көрмеп едім туғалы.
Тоқырауындай өзені жоқ бірақ-та,
Келгелі бір түскен жоқпын суға әлі.

Көз алдымда сурет болып тұр бәрі,
Алтыбақан, Ойрантаудың шыңдары.
«Қозы Баянды алып қашқан тау бұл», - деп
Ұқтыратын Айыртастың ұлдары.

Су әкелу сылтау болып бұлаққа,
Баратынбыз гүл теруге жыраққа.
Жетіншінің жігіттері, қыздары
Үлгергенбіз бір-бірімізге ұнап та.

Жанымды арбап сары даланың сағымы,
Толқып жатқан көк шалғынның ағыны.

Менің алғаш ғашық болған «жігітім» —
Шура апайдың көзі тұздай сары ұлы.

Оған қарап көңілім әркез толатын,
Үздікпеймін жамандарға бола тым.
Кластағы ұлдың оқу озаты,
Және-дағы староста болатын.

Есепті ол шемішкеше шағатын,
Тарихта да тақылдап-ақ бағатын.
Діні қатты Исина апай ырза боп,
Мақтап-мақтап арқасынан қағатын.

Кім бар, кім жоқ, көзбен бәрін түгендеп,
Кердеңдейтін «сендерден көп білем», - деп.
Кластағы жиырма қыздың жүрегін,
Жаулап алды жаның шыққыр жүгермек.

Кім айтады енді бізді «сәби» деп,
Махаббаттан мұңға баттық зар илеп.
«Нұрсланнан, айтшы, қай жерім кем?» - деп,
Жыныма ығи тиетін-ді Дәнибек.

Қу қыздардың аз ба, сірә, әлегі,
Қырсық мінез маған-дағы тән еді.
Бойы да ұзын, көзі де оның қоп-қоңыр,
Нұрсланнан шынында да әдемі.

Сол сезімін дей алмаймын жай ермек,
Әлі айтады «Сен қол жетпес Ай ең», - деп.
Естіп қалам осы күні, сақтай гөр,
Дәнибекке шақ келмей жүр әйел деп.

Кластағы батыл жігіт сол ғана,
Басқа ұлдар жоламайтын қорғана.

Дейтін маған «сезімімді қорлама»,
Көнбегенім қандай жақсы болған, ә?

Жүрдік солай бір-бірімізді ұнатып,
Жауқазындай нәзік сезім гүл атып.
«Айыртастың әнші қызы» атандым,
Домбырамды Тұр-ағаңа бұратып.

Тіке қарай алмай отты көзіне,
Елтуші едік мәнерлі, ойлы сөзіне.
Арқаланып «Юран-айға» басқанда
Деп қалушы ек «Манарбектің өзі ме?!»

Мен де ән салсам кететінмін жайнап тек,
Жүрмін әлі өз бағымды байлап көп.
Елестейтін (біреуіне ғашықпын),
Көрші үйдегі Құрман аға Қайрат боп.

Өнер қонып, Алла маған жар болды,
Енді менің аңсарым – тек ән болды.
Сахнада бір қырындап отырып,
Сұңқылдатып тартатынмын гармоньды.

О, Тәңірім, неден бірақ жазықты ем,
Күле алмадым қабағымды жазып мен?
«Айыртастың» әртістері кішкентай
Гастрольге шығатынбыз «газикпен».

«...Жаздың күні барқыт еді әдемі,
Ашық еді бүкіл аспан әлемі.
Ай сәулесі түсіп тұрды жүзіңе,
Қабағыңда сәл көлеңке бар еді...»

Әсем әуен тіршілікті мәнді етіп,
Дүрсілдейді жүрек, бойдан әл кетіп.

Көңілімді ойран-топыр қылады,
Қу Нұрслан маған қарап әңдетіп...

Сол Нұрслан ең білімді, ақылды ұл,
(Кеш, «ғашығым», бұл шатпағын ақынның.)
Ғұлама емес, ғалым емес, бұл күнде,
Күйін кешіп жүр дейді ол да пақырдың.

Көктем өтті, жаз да өтті, күз келді,
Өсіп кеттік таңғалдырып күллі елді.
«Екіден» бір көз ашпайтын Уәлихан,
«Мазда» мініп, мазак қып жүр бізді енді.

Түсініксіз көп қой тірлік тылсымы,
Кейбіреудің қиылды ерте қыршыны.
Майра, Мылтыш, Сейтбек ағай Гүлсімі,
Еске түссе, көзімнен жас ыршыды...

...Каникулда Айткөн елге баратын,
Қайтарда апам қимай жылап қалатын.
Ағатайым, бауырларым у-шу боп,
«Беларусьпен» мені күтіп алатын.

Апамды да, өзімді де толқытып,
«Қайтпай қоям», - деймін бәрін қорқытып.
Шулататын «Айыртастың» иттерін
Ағатайым «көк дөненін» мөңкітіп.

Қаршадайдан мың құбылып, бүлініп,
Кейде тіпті өз-өзімнен түңіліп.
Сағынышым қалқып бара жататын,
«АН-2-ның» қанатына ілініп...

Аймаласа анам түсін жылытып,
Жан шуағы жүрегімді жібітіп.

Әуресімен және алғашқы сезімнің,
Апамды да кетіп едім ұмытып.

Балаалықтың жырын айтып тауыса алман,
Өткен күндер – ертегі, аңыз, алыс арман.
Қиялыма қанат бітіп, таалпынып,
Сусындадым «өнер» атты кәусардан.

Айыртасым, сенде өмірден сыр ұқтым,
Сезім жырын тыңдап тұңғыш жігіттің,
Жетегінде желбіреген үміттің,
Сол күндерді келмейді әлі ұмытқым!..



ДАРХАН ӨМІР, МАҒАН БӘРІН СЫЙЛАДЫҢ

Дархан өмір, маған бәрін сыйладың,
Өнер-білім — тал бойыма жиғаным.
Сүйсінерлік сымбат бердің, өң бердің,
Тек байлық пен мансабыңды қимадың.

Ақын болдым адамдықты жыр қылар,
Жырым барда сағымды кім сындырар?
Қызыл-жасыл көйлектері көзді арбап,
Миығынан күлді кейбір құрбылар.

Байлық, мансап — өмірінің бар мәні,
Алтын-жақұт — ең аяулы арманы.
Есім кетіп мен де жүрдім өлеңге,
Қызықтырмай құрбымның көп талғамы.

Таңғы шықтай сезімдерден тұратын —
Жаным гүлдей нәзік, әрі бұла тым.
Өнеріммен жанса жанар бағым да,
Өлең — менің өмірдегі мұратым.

Мен жырладым, тыңдағанды таң қыла,
Байымадым — бойымдағы бар кінә.
Ақыретте барамыз ғой лыпасыз,
Ол да, мен де Тәңірінің алдына...

СЕНІ ІЗДЕЙДІ ЖҮРЕГІМ

Сен қайтқан күн шаттығым тынған демде,
Мен де өмірден баз кешіп, түңілгенмін.
Сенен артық тірлікте кім бар менде?
Соның бәрін ұмыттым бүгінде енді.

Мен болып ем тағдырға тапсырарың,
Әлпештеген аялап жас құрағың.
Қалт-құлт етіп өзіңсіз келем, апа,
Өмір деген – мейірімсіз тасқын, ағын.

Сені аңсаймын – сүйеніш, тірегімді,
Жанарыма, жаныма мұң қамалып.
Шырқыратып қояды жүрегімді,
Аңдаусызда сол қайғы тырнап алып.

Әніме де шырқаған, бақ, жырыма,
Жаны қалмай енді ешкім қуанбайды.
Шаттансам да ырза боп тағдырыма,
Сені іздеген жүрегім уанбайды.

ЖҮРЕКТЕ — САҒЫНЫШ

Жүректе — сағыныш.
Ояумын.
Оралам сол өткен кездерге.
Көктем боп келші сен, аяулым,
Жапырақ сарғайған кездерде.

Өтпейді өзіңсіз әр күнім,
Қаншама асығыс дегенмен.
Самал боп желпісе ән-жырым,
Тезірек келер ме ең?..



ҒАРЫШҚА, АҚЫН, ҚҰМАРТПА...

Сиқыршыдай қолда бар жүз амалы,
Жер бетінде жасаймын ұзақ әлі.
Көздегені мүлт кетпес мерген, бірақ,
Жетпес маған Ажалдың тұзағы әлі!

Алынбаған өмірде ақым бардай,
Мұрша бермен өлімге тақымдардай.
Жерді қиып, ешқайда асықпаймын,
Ғарыш жаққа асыққан ақындардай.

Ақын еді-ау Тұрсын да ерекше тым,
Жыр желкенін жүрмес пе желектетіп?!
Ауызына қай құдай салған сонда,
«Кетем» деді — әкетті дедектетіп.

Ажал деген бір сәтте-ақ жетер індет,
Ойлама, Ақын, өмірден өтемін деп.
Жырдан ғажап ол жақта не бар дейсің,
Құмартпашы ғарышқа кетемін деп.



ҚОЙЛЫБАЙҒА

Қыз едім өнердің бір гүлі сынды,
Қу тірлік тарылатты ғой тынысымды.
Өзекке өнерімді тепкендей ем,
Кетті ме өлең алып ырысымды?
Сырттағы тіршілікті сәтке ұмытып,
Жазайын бойымдағы құрысымды.
Қойлыбай — жаны нәзік, текті ақын ғой,
Тыңдасан, қандыратын құрышыңды.
Тойыңды ести сала шауып келдім,
Қалдырып бас қатырған мың ісімді.

Кезінде біз, Қойлыбай, қандай едік?
Сөзіңе отырушы ем балдай еріп.
Жас жігіт қыз алдында күмілжитін,
Жүзіне бір қараса, қалмай ерік.

Таранып мен де аққудай сылаңдадым,
Талайың есің кетіп, жыр арнадың.
Кербезсіп, кермаралдай керілсем де,
Көрмесем өздеріңді, тұра алмадым.

Бұл күнде мен ешкімді жаратам ба,
Шабыт жоқ жыр нөсерін боратарға.
Жырыңмен үкідейін үлпідетіп,
Әлпештеп отырушы ең алақанда.

Өкпем жоқ кейінгі жас балаларға,
Балалар әй-шайыңа қараған ба?
Білдіріп қадірімді бағаларға,
Қарсылас, сірә, сендей таба алам ба?

Озарсың сан бәйгеде, ақтабаным,
Өзіңдей ақын бар деп мақтанамын.

Кетпесең болды әйтеуір бізді ұмытып,
Кеудеңе нан піскен бір шақта, жаным.

Қойлыбай, сый ұсынам тойда қандай,
Заманды алдап соғар айла қандай?
Арғымақ тартар едім белдеуіңе,
Жомарттың қолын жоқтық байлағандай.

Әйтсе де сеніміңді ақтай келдім,
Шамамның келгенінше мақтай бердім.
Сыйлықтың ең қымбаты – дос жүрегі,
Баяғы көңілімді сақтай келдім.



ЗАҒЫПАР ШӘКЕНТАЕВҚА

Жігіттің сұлтанысын, төресісін,
Білетіндер бағанды береді шын.
Ұрпақты тәрбиелеу – ұлағатты іс,
Биіксің еңбегіңмен, өрелісін.

Жарасар «елім» деген ерге айбыны,
Ақынсың өрт сезімді, елге әйгілі.
Сәкендей сәніңменен, әніңменен
Кетесің серіге ұқсап сен қай күні.

Жарың бар жарқын мінез Алуадай,
Себетін көңілге – нұр, жаныңа – арай.
Абыройын азаматтың асқақтатқан,
Аяулы Ай келбетті Ару Ана-ай!

Тоқтамай зулайды өмір ағындайын,
Жастық шақ қалды алыста сағымдайын.
Елу – бұл ердің жасы, ел ағасы,
Басыңда тұрсын деймін бағың дәйім!



МЕНІҢ ҚҰНЫМ

Ерке, сылқым қыз едім бала жастан,
Жақсыменен жанасқан, араласқан.
Шымкент жақтың қасқабас тіссағғышы,
«Жигулимен» талтүсте ала қашқан.

Көк дөнендей жүйткіді көңіл алға,
Әппақ айран – арымыз, төгіп алма.
Қасқабастың көздері жылт-жылат етіп,
Жүгіреді оң қолы омырауға.

Омырауда тізілген он бес түйме,
Ағыта алар сиқы жоқ он бес күнде.
Ақысына алтынмен аптамақшы,
Жібермеймін есемді мен де ешкімге.

Кермаралдай керілген керімді кім,
Ұнатпасын, өзіме сенімдімін!
«Он қыз берем орныңа» дейді ақындар,
Қасқабасқа алтын тіс – менің құным.

ЕРКІН ҰЛЫ САХАРАНЫҢ

Өндірі өмір.
Өркенді жұрт.
Жайлағандай өлкемді құт.
Бай ұлындай бұлғақтайсың,
Көзді тартып, көркем жігіт!

Әнмен әрлеп шаһар әрін,
Сәні болдың сахнаның.
Саңқылдай бер қыран құстай,
Еркін ұлы сахараның.

Сілкіп елдің марғау жанын,
Қанат қағып, самғауда әнің.
Жалға, жаным, бабалардың,
Аңыз-дастан, толғауларын.

Бозым жігіт бұлаң үнді,
Асқақтаттың жыр-әнімді.
Сақта, Тәңір, тіл мен көзден,
«Ұлтым» деген ұланымды!



ЕНЕМЕ

Ебелек көңіл елеңдей берді-ау елсізге,
Жақсылық жасай алмадым, тәте, мен сізге.
Алтынмен аптап, күміспен күштеп қояр ем,
Үлде мен бүлдеге оранғандардан кемсіз бе?

Уақыт өтіп барады жүйткіп, зуылдап,
Өшкенмен өмір, жаңасы қайта туындап.
Тынымсыз ойлар апшыдай жаңды қуырмақ,
Мәнсіз тірліктен көңілім кейде суынбақ.

Жақсылық жасай алмадым, тәте, сізге мен,
Бейбақ ем неткен сағымнан бағын іздеген?
Өзіңдей мен де үміттің жібін үзбеп ем,
Қыс өтер, көктем, жаз, сонсоң тағы күз келер.

Тұрғандай, бірақ, алдымда күліп жарқын күн,
Әп-сәтте ғайып болады мұңлы қалпым бұл.
Мен де өзің құсап алақан жайып Алладан,
Тілейін, тәте, саулығын ғазиз халқымның.



САРЫ ҚЫЗҒА

Бауырларым көп менің, сен бөлексің,
Елеңдеген еліктей елгезексің.
Саған деген, сары қыз, сағынышым,
Құстай ұшып қалықтап, елге жетсін.

Жүрген кезде басқалар құн сұрасып,
Көрген жоқпыз біз әлі бір сынасып.
Анамыздың тел өскен тентегі едік,
Табысамыз құлындай шұрқырасып.

Сезімсіздер сағымды сындырды анық,
Қас-қабағын солардың жүрмін бағып.
Шұғыладай көңілім жарқ етеді,
Сен алдымнан шыққанда сынғыр қағып!



ЖҮРСІНГЕ НАЗ

Ғашық боп қосылсам да сүйгеніме,
Малтығып қалдым тірлік күйбеңіне.
Өнерсіз өрге баса алмайтыным,
Мына сор маңдайыма тимеді де.

Өнерсіз тасым өрге домаламас,
Басыма бақыт құсы қона да алмас.
Батасын беріп еді Сәкен сері,
Айтысқа шыққанымда маған алғаш.

Кезімде ақылгөйсін уағыз айтар,
Несіне енді жұртқа арыз айтам?
«Сөзің де, өзің де әсем, әнің де әсем»
Деп ырза болып еді Фариза апам.

Атыңнан айналайын, Жүрсін аға,
Қамқор боп ақындарға жүрсін, аға.
Қаракөз қарындасың мына мендей,
Еске алар өткен күнін күрсіне, аға.
Айтыста біздің қатар сиреп қалды,
Өлеңмен айтушы едік мың сыр, аға.
Өреміз өзгелерден төмен бе, әлде,
Бұл күнде жұрт шетінен сыншыл, аға?
Шорабек, Құдайберлі, Мұқаш қайда,
Еске алып, хал-жайларын кім сұраған?
Әселхан, Жадыра, Лена, Ханыша қайда,
Әжімнен жүзіндегі қымсына ма?
Айтыстың Қарша қызы Әсия апам,
Аузынан маржан шашып күлсін әман.
Ақыны баяғының тоқсаңдағы
Айтыпты тоқсан шумақ құлшына, аға,
Ақыны кәзіргінің қырықтағы,
Қылағынып үйінде отыр – бұл шын, аға.

Әзімбек, Оразәлі, Ерік ақын.
Түк көрмей кете барды-ау қыршын, аға.
Дұға оқып, бет сипаумен шектелеміз,
О дүние тірілерге тылсым, аға.

Айтыстың көгіндегі күнсің, аға,
Байқаймын, мына бізден тыңсың, аға.
Жастарға аузыңызды аша бермей,
Бізге де мойныңызды бұршы, аға.



* * *

...Кетіп барам, хабарсызсыз сіз, бірақ,
Қимай мені мұңаяды күзгі бақ.
Талайсыздау тағдырыма қамығып,
Қарағанды жылап қалды тұнжырап.

Табан тірер мекен менде, сірә, жоқ,
Күзгі жауын сіркіреген күә боп,

Көздің жасы жуды бетті бұла боп...



* * *

Кешір мені, Сары Арқам — дастан далам,
Кеудесінде шырылдап қасқалдақ-ән —
Сені қиып, қиянға барады ауып,
Алаң да, алаң көңілі әу бастан балаң.

Аман-сау бол, ағайын, достар да әман,
Сықырлы әлем — шың-құздар, тастар маған.
Алматысыз отыз жыл ғұмыр кештім,
Алатауды аңсаумен аспандаған.

Көктөбеге қайтқым кеп, сан ойланғам,
Сая болған сайыма қарайлағам.
Өңімде де, түсімде көз алдымда,
Тұрушы еді Алматым арайланған.

Жегідей жеп кеудемді, күдік кеулей,
Көлеңкемнен көңілім үріккендей.
Еркімнен тыс жолымды кес-кестейді,
Менің киік-тағдырым ырық бермей.

Отарбада көз ілмей таңды атыра,
Нетүрлі ойлар басымды сан қатыра.
Отыз жыдық өмірді артқа тастап,
Мен әйтеуір жеттім-ау Алматыма.

Қүдіреті талайды ақын қылаған,
Алатаудан шырқалған шақырды да ән.
Мен тағы да ағысқа қарсы жүздім,
Астанаға ағылды ақылдылар.

Алда — ғажап өмірім, алда — бағым,
Неғыламын басқаның арбағанын?

Хош иісі басымды айналдырған,
Алматының сағындым алмаларын.

Ақын аға, мұнымды теріс деме,
Жүрегі – тас, сезімсіз, беріш дене.
Пері болып кетіп ем, ұжмағымда,
Айналайын қайтадан періштеге.



БІР ДОСҚА

*Көзімнен адал екенім байқалмады ма,
Сенбеймін мәңгі, сенбеймін сайқалдарыңа!*

С. Ақсұңқарұлы

Мен емеспін бетіңе айтар мықтың,
Ештеңені сезбеген жай таныттым.
Қас-қағым сәт жылт етті жанарыңда,
Бір ұшқыны әйелдік сайқалдықтың.

Досым деуші ем жанымды ұғынатын,
«Досыңмын» деп алдайды бүгін әркім.
Саған деген көңілім мөлдір бұлақ,
Кеудем толы алтын нұр, шұғыла-тын.
Жан екенсің, бірақ, мың құбылатын...



НЕКЕСІЗ ТУҒАН НЕМЕРЕМ

Баламның балалығынан,
Ақылы шалалығынан —
Жаралып, ботам, сен келдің,
Анаңның нала-мұңынан.

Алыстап менен бүгін бақ,
Жүрегім сыздап, шымырлап.
Жете алмай саған отырмын,
Көзімнің жасын сығымдап...

Ұшып-қонып ұлым жүр,
Шауқатын шашып, шығындап.
Зар болса сендей перзентке,
Қадіріңді ұғынбақ.
Әкенді іздеп өтерсің,
Екі дүниеде шырылдап...

Салып жүр ұлым сайран көп,
Қолымнан келер қайран жоқ.
Ақтарылып қалғаны-ай,
Абыройым айран боп.

Қаратып қойды-ау жерге ұдай,
Бетімді айтам елге қай?
Алаңсыз, ессіз шағымның,
Жазасын құдай бергені-ай...

Некесіз туған немерем,
Кеңейсе-дағы керегем.
Өміріңді ойлап алдағы,
Еңіремейін неге мен?!

Тағдырдың талай сынында,
144 Жоғалтпай қызын, ұлын да.

Жеткізген жарқын күндерге
Текті екен бабам шынында.
Тұқымын құмдай шаштық-ау,
Үрімге де, Қырымға.
«Бөлінгенді бөрі жер»
Деуші еді қазақ бұрында.
Ақылың болса, ұлым-ау,
Ұлыңнан қашып, бұғынба!



КҮЛКІМДІ КҮЛГЕ КӨМГЕМ...

Өнерім ел-жұртыма сүйікті еткен,
Ақындық абыройымды биіктеткен.
Аузыма Алла салған асыл сөзді,
Өлең ғып жыр-қоржынға үйіп-төккем.
Дертіне махаббаттың мен де ұшырап,
Жолына соның бәрін қиып кеткем.
«Барған жерге тастай бат, судай сін» деп,
Аптайым құлағыма құйып кеткен.
Қайын-жұртқа «қадірлі» келін болып,
«Қатын» деген атауға сыйып кеткем.
«Ақыннан қайбір қатын шығады» деп,
Бір жаман намысыма тиіп кеткен.
Мұртына мұрынының боғы тамған,
Наданға күлкі болу күйік неткен!
Күйеуім күнкілдейді көңілі толмай,
«Ей, мұнда қатындық бір сиық жоқ» деп.
Айырмасын ақындық пен қатындықтың
Жұруші ем көкейіме түйіп көптен.
Кең дүниеге шыға алмай шемен болды,
Өлеңім көкірегімде ұйып тектен.
Кешегі Қарқаралы орманындай
Өртеніп өкпе-бауырым, күйіп кеткен.
Бұл күнде сыртым – бүтін, ішім – түтін,
Күлкімді күлге көмгем күдікті еткен...

САРЫТЕРЕК

Армысың, сары алтындай Сарытерегім,
Сен де бір қасиетті өлкем едің.
Көлденең көк аттыға пана болған,
Көмкерілген көгілдір тал-терегің.
Сарытерек – Сары Арқаның сары алқасы,
Сарыала қаздай аңсап, сан келемін.
Жазира, жасыл алқап қызықтырған,
Назарын қараның да, хан-төренің.
Абылайдың әскері ат шалдырып,
Із қалдырған тасында әр төбенің.
Тоқырауыннан шөлдерін басып біраз,
Жауды қуып, найзалап, желкеледі.
Бабалар қанын төгіп, қорғап қалған
Біздерге жер еді ғой ең керегі.
«Ұлан-асыр даланың иесі – біз»
Десек, болып қала ма ертегі енді?!
Желтаудың жел тербеген сағымдары,
Қарасаң көз тоймайтын көркем еді.
Өткен күнде белгі бар – тау мен тасы,
Тілін тапса, шежіре шертер еді.

Ұрпағы – болашағы, ертеңі елдің,
Ел үшін еңбек етіп, тер төгер кім?
Болар бала айтқызбай табады өзі,
Тарихтың қойнауынан ең керегін.

У емес, мен тілімнен бал төгемін,
Фейсбуктен бұл баланы сан көремін.
Өлеңін оқып, әркез ырза болып,
Әржағында бірдеңе бар деп едім.

Әрине, «бала тілі – бал» деп едім,
Бір Алла болсын өзі жар деп едім.

Сөйткен балам өзіме қарсы шықты,
Көрейін бір кемпірге әлі келерін!

Демеймін сахнаға сән беремін,
Мерғазы-ау, мені босқа әуреледің.
Енемнің 90 жылдық тойы бүгін,
Мұрнымның ұшында тұр жан дегенің.

Енемнің «айтысыңа бар» дегенін,
Еске алсам, шабыттанып, әлденемін.
Сарытерекпен таласып туа қапты,
Отырмын басын ұстап әр кемеңнің.

Қайратжан анасымен сырлас екен,
Менің де айтқанымды тыңдаса екен.
Сәтінің түсуін-ай, қайран енем,
Сарытерекпен дәл түйдей құрдас екен.

Жай әйел емес, енем – Батыр Ана,
Мінезі, қылығы сай затына да.
10 бала, 32 немереден –
64 шөбере, 4 шөпшек туып,
Жайқалған бүршіктері, жапырағы.
Жаман айтпай, жақсы жоқ, жау шапса егер,
Бір өзі-ақ жасағымен жапырады!

Сондықтан, Қайрат жолын бізге берсін,
Жассың ғой, айтысқа әлі жүз келерсің.
Абысынымның құлағына – алтын сырға,
Қолыңдағы енеміз 100-ге келсін!

АҚЫНДАР ҒАНА ЖЫРЛАЙДЫ

Іркіп ап жасын көзімнің,
Аққулар әнін тыңдаймын.
Сілкіп ап шаңын көңілдің,
Ақын боп кейде жырлаймын.

Оралмай кеткен шаттығы,
Ақ қайың зарын тыңдаймын.
Қона алмай кеткен аққуы,
Мұңлық көл жайлы жырлаймын.

Мұңын да, зарын көңілің,
Қадірін жомарт өмірдің.
Қуанышын, қайғысын,
Сезімнің алтын ай-құсын,
Ақындар ғана жырлайды!



АЙТЫСКЕР ДОСҚА БАЗЫНА

Тұрғанда дақпыртыңды күллі ел біліп,
Қаласың құпияңды кімнен бүгіп?
Айтатын саған аздап базынам бар,
Қос-қостан темір тұлпар мінген жігіт.

Бұл күнде дүние құған ағайын көп,
Кім ойлар елдің бабын табайын деп.
Мен-дағы отырғам жоқ ақын менен
Халықтың арасына от жағайын деп.

Қозады айтыс десе делебеміз,
Тосылып, біз несіне бөгелеміз?
«Қазағым — қалың елім, қандайсың?» деп,
Ділмәрсіп, ақыл айта жөнелеміз.

Қолға алып домбыраны үкілейміз,
Қағынып етек-жеңді «үпілейміз».
Қабырғамыз қайысып, қамыңды жеп,
Қиналып кәдімгідей «ухілейміз».

Айтыссыз кей ақынның күні де жоқ,
Былайша ақынға ұқсар түрі де жоқ.
«Елім» деп еңіреген сол ерлердің
Ел үшін боқ бітірген түгі де жоқ!

Қу құлқын, қадіріңді білгізесің,
Аласың түнде ұйқысын, күндіз есін.
Қазағым, қазаққа тән жомарттықпен
Қос-қостан темір тұлпар мінгізесің.

Осы жайт қабырғама жаман батып,
Жүргені көңілімді алаңдатып.

Тұлпарлар темір емес, тері болса,
Ұяттан қалар еді арам қатып.

Басқадай оқ атпаймын тасадан мен,
Шындықтан басымды алып қаша алар ма ем?
Ел үшін соқыр тиын шығармаймыз,
Біздерге ел жомарттық жасағанмен.

Ақынға мәрт болған жөн бәрінен де,
Ерсілеу естіле ме әнім елге?
Жіліктеп бір тұлпарды бөліп берсек
Жетім-жесір, қауқарсыз кәрілерге.

Қу дүние құлқынды, тағатты алып,
Кей ақын абыройын жоғалтты анық.
Өзім әлі қотыр тай мінгенім жоқ,
Тіліммен отырмын ғой жомарттанып.
Бұйырса, тақымыма тиер бірі,
Қазағым сері халық, о, мәрт халық!

ТҰҢҒАҢА

*Жар құлағы жастыққа тимей, еліміздің,
жеріміздің тарихын, шежіресін жинақтап,
ұрпағымызға мұра етіп табыстап жүрген
Ақтоғайдың ардақты азаматы
Тұңғышбай Мұқан ағамызға*

Біз Сізді құрмет тұтып, «Тұңға» дейміз,
Ел үшін жаратылған тұлға дейміз.
Тұла бойы шежіре, тұнған тарих,
Бір өзі татиды ғой мыңға дейміз.
Туған жердің тарихын білгің келсе,
Тұңғанды мың күн, мың түн тыңда дейміз.
Аяқтан шалмақ болған шәлкестерге
Жақсы ағаның жолына тұрма дейміз.
Көмек қыл қолдан келсе, кергілеспей,
Жағың түспей жамандық қылама дейміз.
Ағамызға серпіліс, шабыт тілеп,
«Санасыздар сынға алса, сынба!» дейміз.
Тұңғанның жазған әрбір шежіресі
Арқау болсын айтылар жырға дейміз.



ҚҰЛПЫРАДЫ КӨҢІЛІМНІҢ КӨКТЕМІ

Жасана алмай жапырағын сырға ғып,
Аққайың тұр сұр бұлттардан сыр бағып.
Қарағанды – қаһарлы бір қария,
Өңін бермей, сызданады, сұрланып.

Дала, қала, үй де, күй де сұр бәрі,
Жиіледі табиғаттың сындары.
Көктем күліп келеді деп күтіп ек,
Қабак ашпай, діңкелетіп тұрғаны.

Ауа райы құбылмалы, өтпелі,
Мұңайтпайды бұл құбылыс тек мені.
Табиғатым өзгермейді өзімнің,
Құлпырып тұр көңілімнің көктемі!

* * *

Бар болғаны 30 жасында қастандықпен өлтірілген дағыстандық ақын қыз Кадрия Темірболатованың мына бір өлеңін орысшадан қазақшаға аударып едім. Кітаптары өз тілінде Махачкалада, Черкесте және орыс тілінде Москвада жарық көрген.

Я знаю,
Одним не прожить без Парижа,
Другие, возможно, восславят Бейрут.
О, мой Дагестан, о, Земля моя, ты же
Всех прочих земель мне с рождения ближе,
В тебя — моя жизнь, мое солнце, мой труд!

Ты — сердце планеты, в которм напевом
Звучит наполнение жизни самой.
Но если труба позовет нас на бой
За мир на Земле — ты поднимешься первым,
И я Дагестан, встану рядом с тобой!

Біреуге Парижсіз өмір жоқ,
Біреулер Бейрутты мадақтар.
Дағыстан – ғажайып әлемім,
Тәңірі мен үшін жаратқан!

Әуені әдилер әлемді
Жер-Ана жүрегі – өзіңсің.
Тыныштық бұзылса, кернейдің
Үнінен қалайша ел көз ілсін?

Майданға шақырса, оң қолың
Қашанда қылыштың сабында.
Дағыстан, тыныштық үшін мен
Даярмын тұруға сабыңда!



Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ

1961 жылы 10 қазанда Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Атасу теміржол станциясында дүниеге келген.

1984 жылы М.В.Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Облыстық, республикалық басылымдарда қызмет атқарған. Бірқатар кітаптары жарық көрген.

Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері.

«Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Қарағанды облысы әкімінің аппаратында 20 жылдан бері жауапты қызмет атқарып келеді.

ТӨЛЕУБАЙ ҚҰДАНЫҢ
ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН



ӨЛЕҢ

Бас ұрғызған періште, пендеге де,
Дәл өзіндей сиқырды көрген емен.
Еліктіріп, алдыма келіп тұрып,
Қайда бастап барасың сен мені, өлең?

Жеріткен ғой тірлігім, сірә, мынау,
Жер тарпыдың неліктен, пырағым-ау?
Жеті түнде төсектен жұлып алып,
Желігіп бір сөйледің құлағыма.

Жалтақтаймын артыма несіне мен,
Дүлдүл болсам армансыз кәсілер ем.
Марғау күнмен бағыңды байлап жүрсем,
Сен мені кешір, өлең!

Құбылаға көз салып күбірледім,
Құлағымда – тұяқтың дүбірлері.
Текті жырдың еліне өлең-тұлпар,
Алып бара жатыр-ау бүгін мені...

ЖҮРЕК СЫРЫ

Бармадым Лондонға да, Парижге мен,
Тамырым туған жерде – тәрізді емен.
Жүремін алшаң басып Сарыарқамда,
Елімнің алдындағы парызбенен.

Бармадым Стамбул мен Анкараға,
Біреулер сол үшін де таң қала ма?
Мен деген – ардақты дос, асыл бауыр,
Мен деген – ізетті іні, дархан аға!

Баспадым көшесін де Варшаваның,
Қазақтың Бурабайы – аңсағаным!
Арқаның самалына кеудемді ашып,
Сәкендей тау ішінде ән саламын.

Көкше тау, жасыл орман, күміс бұлақ,
Мен үшін – тым аяулы, тым ыстық-ақ!
Басқаның Жерұйығын не қылайын,
Қазақтың кең байтағы – ырысты бақ!

Қазақтың даласына құмар жаным,
Мен оған жүрегімнен жыр арнадым.
Өмірім өзінде өтсе арманым жоқ,
Бұйрығы болғанынша бір Алланың!

КҮЙ ҚҰДІРЕТІ

Жүр едім құшағында жасын жырдың,
Тағдырдың сен де өнерге басын бұрдың.
Бір тойда есінде ме көп сұратпай,
Күй тарттың, асыл құрбым!

Тыңдауы мүмкін емес күйді адам жай,
Сен мұндай болғаныңда, Дина қандай?
Ай ару тас төбеде тұрып алды,
Мынау күй-құдіретті кимағандай.

Бір сәтке үйіріліп көзінде мұң,
Боздаттың кер даланың бозінгенін.
Арман-ай, көптен бері аңсап жүрген,
Даламның бозторғайы өзің бе едің?

Көзіме елестеттің бұлбұл бағын,
Байқадым жанарыңда бір мұң барын.
Сыйдырып тал бойыңда мұнша ғажап,
Апыр-ай, қалай шыдап жүрдің, жаным?

Тараттың бойымызға Сүгір лебін,
Тәнті боп өнеріңе күбірледім.
Дариға-ай, Төлеш ағам аңсап өткен,
Бір тойым басталды ғой бүгін менің.

Қиялда қатар шауып елес, арман,
Жап-жасыл басталғандай белес алдан.
Айналып кетсе болар он саусақтан,
Мұншама құдіретті төге салған.

Жүздеген жүректерді табындырдың,
Өнерде өрге жүзсін бағың, құрбым!
Сол кеште біз тыңдаған сылқым күйлер,

АТАСУЫМ – АУЫЛЫМ!

Жазиралы Жаңаарқа жазығында,
Қайта айналып оралар қазығым бар.
Атасуым – ауылым алтын бесік,
Туған жердей не жетер өз ұғымға?

Құшағыма толтырдың гүлдеріңді,
Сағындым сол балалық күндерімді.
Қалай ғана есімнен шығарайын,
Асық атып, тай мініп жүргенімді?

Қызықтағам осында дала таңын,
Ұстағанмын алғаш қыз алақанын.
Жастығымның іздері сайрап жатыр,
Жағасында Сарысу, Манақаның.

Жүрегіме толтырған жыр ағынын,
Есімде сол бал дәурен бұла күнім.
Дертке шипа ауасы Атасудың,
Суы бал ғой Мәмбеттің бұлағының.

Іздеуменен аттанған басты арманын,
Перзентінің сабырмен тосқан жолын.
Көзге таныс, көңілге ыстық таулар,
Керегетас, Бәйешекен, Қостанқолым!

Бап шабатын, немесе бақ шабатын,
Аламанға қосылған жас қанатың.
Мен мәреден келгенде масайрады,
Аралтөбем, Қазантау, Ақшағатым.

Тауларым бар басынан бұлт ауаған,
Оттан ыстық мен үшін бұл тау маған.

Шөбін артып жан әкем келуші еді,
Алты қырдың артынан – Мыңқауғадан!

Бұлағынан су алған асыл анам,
Мәмбетбұлақ, бір елді асыраған!
Топырағынан айналдым туған жердің,
Тауы түгіл, ыстық қой тасы маған.

Ағаларым бәйгеге қосып атын,
Әсем әнге жеңгелер қосылатын.
Жусан иісі аңқыған жазығыңда,
Ала жаздай киіктер жосылатын.

Алтын ұям, аяулы Атасуым,
Сені ұмытып мүмкін бе шатасуым?
Келешекке керуен көш түзедік,
Арқасында аталар батасының.

Мұңаямын ауылды сағынам да,
Неге жүрмін ауылға тағы бармай?
Қорымдағы әкемнің ақ зираты,
Мен үшін бір киелі Қағбамдай.

Қай биікте перзентің жүрсін мейлі,
Атасу деп жүрегі дүрсілдейді.
Ешбір адам өзіңді жер бетінде,
Мен сияқты сағынып күрсінбейді.

Көз алдымда көрікті келбетің де,
Тартып кеткім келеді елге күнде.
Атасуым, сүймейді мен сияқты,
Ешбір адам өзіңді жер бетінде.

Атасуым – ардақты атамекен,
Ардақтаумен атыңды атап өтем.

Алты айналып шықсам да жердің бетін,
Атамекен бағалы, батаалы екен.

Атамекен жүрекке от береді,
Атамекен – жанымның көктерігі.
Аталардың Атасу жолын берсе,
Бұдан артық бақыттың жоқ керегі.

Толғанып бір жүректен жыр бастадым,
Туған жердің сүйемін нұрлы аспанын.
Атасуым, өзіңе арналады,
Ақ жүректен ақтарған жыр-дастаным.

Сылдыр қағып туған жер бұлақтары,
Құлпырады көз тартып қыраттары.
Атасуым мен үшін – Жерұйығы,
Атасуым мен үшін – жұмақ бағы.

Барам тағы Қазантау етегіне,
Қайран туған жеріме жетеді не?
Жырдан күмбез көтердім мен осылай,
Атасудай мәңгілік мекеніме.

Жазиралы Жаңаарқа жазығында,
Қайта айналып оралар қазығым бар.
Атасуым – ауылым алтын бесік,
Туған жердей не жетер өз ұғымға?

АҚТҮБЕГІМ — АРДАҒЫМ!

Айдарынан жел ескен Ақтүбектің,
Одан ескен ғажабы-ай тәтті лептің.
Жақсыгелді, Әмірхан, Аманжол мен,
Бекен ағам самғаған бақ түбек бұл.

Сарыарқаның сағымды даласында,
Ақын, әнші, палуан — бәрі осында!
Өнеріне өскенмін тәнті болып,
Атасу мен Ақтүбек арасында.

Өмір бойы айналар азығыңа,
Туған жердің ыстық қой қазығы да.
Аттылы адам шөбінен көрінбейді,
Су жайылса Әлменнің жазығына.

Жастығымның куәсі жалындаған,
Ауылымның әр тасы лағыл маған!
Бәйешекең тауына бас иемін,
Бәйеш батыр мәңгілік дамылдаған.

Атар таңын әнімен қарсы алады,
Тыңдаған ел еріксіз тамсанады.
Көмейіне бұлбұл құс ұялаған,
Ақтүбектің тасы да ән салады!

Мен туғанда анам да қуанды деп,
Ұландары бәйгеден ту алды көп.
Телі менен тентекті тезге салған,
Текебайдың Аману жуан білек.

Ақтүбек пен Атасу — туған жерім,
Бала кезде көбелек қуған белім.

Қай қиырда жүрсем де мені өзіне,
164 Тартады да тұрады думанды елің.

БҰҒЫЛЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Болмайды ақын жүрек жыры мұңды,
Туған жер, тыңда бүгін бір ұлыңды.
Атамыз Иманжүсіп әнге қосқан,
Жырлаймын Тағылым мен Бұғылымды.

Жанымның тебіrentіп тәтті арнасын,
Жүректен жыр бұлағын ақтарасың.
Бейне бір қазағымның шежіресі –
Қына мен қызыл мүкті жақпар тасың.

Жусаны бұрқыраған байтағым бұл,
Көркіңмен көңілімде шайқадың нұр.
Осынау абат бақты сен де жырлап,
Менімен бақ сынасып байқа, бұлбұл!

Құмарта тау қойнауын араладым,
Кеудемді кернеп жұпар барады ағын.
Қалайша тауып қойған атыңды да,
Бұғылы-Тағылы деп бабаларым?!

Көркіңе көрген сайын мың арбалып,
Қараймын қайта-қайта құмарланып.
Жарқырап ағып жатыр баурайыңда,
Шерубай-Нұра өзені сылаң қағып.

Ақсу мен Аюлының нұр алқасын,
Көргенше қайта айналып құмартасың.
Ел неге Шет ауданы деп атайды,
Шет емес, Сарыарқаның бір ортасын?

Аз емес перзенттерің мақтанатын,
Бұл өлке ұл-қызына бақ болатын.

Осында туған жерін жырлап өткен,
От ауыз, орақ тілді Қақпан ақын.

Көгінде қалықтайды қыран құсың,
Жауыңа мойындаттың Тұран күшін.
Бұғылы-Тағылым-ау, енді бүгін,
Қабыл ал ұрпағыңның мың алғысын.

Көргенше алып біткен сабырымды,
Сүйемін Бұғылымды, Тағылымды!
Баламның баласына айтып кетем,
Туған жер, сенің ғажап қадіріңді...



ӘЙНЕКЕ БАЙ

Самал желі көңілді құрайтады,
Туған жерде болсам-ау бір ай тағы.
Тасы түгіл, Ақтаудың құрайы да,
Әйнеке бай туралы сыр айтады.

Сыр айтады туған жер обалары,
Атасу мен Манақа қоғалары.
Заманыңда қымызды үріп ішіп,
Жылақы айдапсың үйірлеп көкалалы.

Сары қымыз жыл бойы сабасы ұдай,
Сайдалыға құт болған сабазым-ай!
Мендей де ердің арманы бола ма екен,
Өзі кедей болғанмен бабасы бай.

Бай болыпсың еліңе несібелі,
Әйнеке бай аяулы есім еді.
Бас сауғалап қалыпты-ау қайран елі,
Жатқан кезде қансырап есіл ері.

Арсыз ажал, осындай сұрқай ма едің?
«Інге кірген тышқандай жұрт-ай» дедім.
Әйнекеге мың жарым жылақы бітсе,
Бір бие мен еншімде бір тай менің.

Азайды ғой сұрайтын кісің бата,
Кешіре гөр болса егер ісім қата.
Ақ сақалың желбіреп, қолың жайып,
Бата беріп жүресің түсімде, ата!

Сыр айтады Арқаның самал желі,
Әйнеке боп жеткендей маған лебі.

«Қатарымнан қалдым деп қамықтың-ау,
Атқа сен де мінесің, балам!» деді.

Әйнекенің аяны құр кетпейді –
Бәйшешегім менің де бір көктейді.
Олжасына малымен олжа салған,
Әйнекесін ұрпағы құрметтейді.

Сыр айтады сіз жайлы бейіт маған,
Көктас қоймағаныма кейіп те алам.
Жырға қосқан атыңды шөберенді,
Аруағыңмен жебей бер, шейіт бабам!



СӘКЕН АҒА

Ән арнадың еліңе, жыр арнадың,
Сен сияқты сүйсінбес қыранға кім?
Құтылып ең атаман Анненковтан,
НКВД торынан шыға алмадың.

Адамзаттың сұлуы ең алабөтен,
Тұлпарға да, сұңқарға балап өтем.
Жезкиіктей көзіңді жәудіретіп,
Қалай сені түрмеге қамады екен?

Жемің болса, тауық боп жағалар да,
Жалт беретін залымға шара бар ма?
Тергеушіге орындық лақтырыпсың,
Шыдай алмай тағылған жалаларға.

Асыл туған атадан тектім едің,
Жығып салып түрмеде тепкіледі.
Өзегіңді өртеген өкініштің,
Кең кеудеңді күйдірді-ау кекті лебі.

Тау ішінде жүруші ең өлеңдетіп,
Ақбоз атың құлағын елеңдетіп.
Тас камера ішінде талықсыдың,
Дәрмен қалмай соққыдан денеңде түк.

Тайбурылдай, жан аға, тарпаң едің,
Қазағыңның өзіндей дарқан едің.
Кербез сұлу Көкшеңді сағындың-ау,
Сағындың-ау түрмеде Арқа белін.

Тар жол, тайғақ кешуден өтіп едің,
Сырсаңдық пен жыр саңдық – көкірегін.

Өз қолыңмен орнатқан қызыл билік,
Өлтірді ғой, жан аға!
Өкінемін!

Адамзаттың төресі Сәкен едің,
Жүрегімде атыңды мәпеледім.
Қалай сені атты екен қолы барып,
Қалай сені жұтты екен қатал өлім?!

Таза еді ғой жүрегің, тілегің де,
Аққу ұлын қиды екен кім өлімге?
Елің барда өлмейсің, Сәкен аға,
Қазағыңның жасайсың жүрегіңде!



ӘКЕ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

*Ардақты әкем Мәнсүр Ермеқбайұлының
рухына*

Бірінші өлең

Беймезгіл телефоным безілдеді,
Апыр-ай, секем алды сезім нені?
Жан апам Ләләм екен – Ләззат апам,
Сөзінен ет жүрегім езілгені.

«Қысылып жатыр дейді Ағатайым»,
Сұм ажал жеткені ме жазатайым?
Әкем жай науқастанып қалған шығар,
Көңілім жолатпайды қаза жайын.

Жо-жо-жоқ!
Мүмкін емес!
Сене алмаймын!
Аулақ кет, айналып өт менен, қайғы!
Жер шалғай, ауыл алыс, асыл әкем,
Жаныңа ұлың қазір келе алмайды.

Шынымен қайран әкем құлады ма?
Келгендей қоңыр даусы құлағыма.
Көзде – жас, көңілде – шер, бой қалтырап,
Үрейден сыймай кеттім тұрағыма.

Жанымда – Роза, Жамал, Марал, Әсел,
«Үйде қал, - деп қоямын балама, - сен».
«Атаға барамыз» деп олар да ерді,
Болса екен қайран әкем аман-есен!

Жылап жүр Айгерім мен Дастаным да,
Қорқыныш қоюлады аспанымда.

Қаңбақтай домалатты табан асты,
Қайғының қара бұлты қас қағымда.

Жаңаарқам, Атасуым – туған елім,
Сәні мен әні сәйкес думан елім.
Әкемді аман сақта мен жеткенше,
Жүзімді көз жасыммен жума менің.

2005-ші жыл.

Ақпан еді.

Тірліктің шығып кетті шат-шәлегі.
Ардақты жан әкемді сұм ажалға,
Тіпті де қияр емес патша көңіл.

Тас жолмен қос машина зырылдайды,
Сен біздің жолымыздан бұрыл, қайғы!
Әкетай, шыдай тұршы, біз келеміз,
Бағытым басқа жолға бұрылмайды.

Қайтейін, не қылайын арғыны айтып?
Ар жағы – жылау, жоқтау, зарлы қайғы.
Үзіліп кеткен екен әкетайым,
Аладан бұйрық келсе – Нар құлайды...

Екінші өлең

Көңіл – шер, жүрек – шемен,
жаным – мұңды,
Әкетай! Асыл бейнең сағындырды.
Жөнімен жүріп жатыр өмір көші,
Уақыт дегеніне бағындырды.

Өзіңмен биік еді бақ-талайым,
Бейнеңді қалай есте сақтамайын?

Ортадан ойып тұрып алып кеткен,
Қайтейін 2005-тің ақпан айын.

Әлі де дей алмаймын тыйылды мұн,
Өзіндей білген еді сыйымды кім?
Ортада орының тұр үңірейіп,
Біздерге өзің жоғы қиын бүгін.

Жан әкем!
Асыл әкем!
Ардағым-ай!
Қалам деп ойладым ба зарда бұлай?
Жақсы адам өлмесе деп ойлаушы едім,
Пенденің орындалған арманы қай?

Осылай бір арманым қиратылды,
Көтердік ақ кірпіштен зиратыңды.
Әкелік парызыңның өтеуіне,
Ағатай, өрнектеймін жырға атыңды.

Басына граниттен тас та қойдым,
Болмасын енді бұдан басқа қайғым.
Сын сәтте сыйынатын пірім — өзің,
Атыңды дұғамнан еш тастамаймын.

Жетпістің сегізіне келіп едің,
Сексенге толмады-ау деп еңіредім.
Қарайды құлпытастан үнсіз ғана,
Біздерге асыл бейнең еміреніп.

Ақшағат, Қужал тауы, Бәйешекен,
Көзге ыстық, көңіліме таныс мекен.
Туған жер, торқа еді ғой топырағың,
Әкемді өздеріңе табыс етем!

Өзіңсіз күн батады, таң атады,
Жатады жалпағынан дала тағы.
Он рет айналсам да енді жоқсыз,
Әкетай, Сарысу мен Манақаны.

Соққанда Сарыарқаның самаал желі,
Әкемнің жетер ме екен маған лебі?
Ажалға ара тұрар амалым жоқ,
Өлімге қиятұғын адам ба еді?!

Кең еді, көсем еді, кемел де еді,
Болмайтын өзі барда кемеде мін.
Әкелік парызыңды кешіре гөр,
Жұмақтың төріндегі кемеңгерім!

Ағатай!
Әкем менің!
Бәйтерегім!
Құласа бәйтерегің қайтер едің?
Алланың бұйрығына амал бар ма,
Көзім — жас, көңіл — қаяу, жай көнемін.

Зиратың болғанымен алыс маған,
Қалайша жоқтау жазбай қалыс қалам?
Жүректің жазған ыстық қаныменен,
Рухыңа дұғам осы бағыштаған.

Үшінші өлең

Азадан күмбір кеудем күйіп қалды,
Сапарың Қаражалда тұйықталды.
Әкетай, айтып жүрмін мен де бүгін,
«Ләйлім шырақ» сіз айтқан сүйікті әнді.



«Есен-аман жүрмісің, Ләйлім шырақ?»

Жел тимесе жан тимес деп жүргенде,
Қол ұстасып жатпенен кеттің жырақ».

Осы әнді айтушы едің төгілдіріп,
Көзіңнен көрінетін көңіл нұры.
Рухыңа дұға арнайды балаларың,
Жалғасып келе жатыр өмір жыры!

Әкетай!
Үзілген жоқ асыл әнің,
Өмірлік өнегеңе бас ұрамын.
Өзіңе деген іңкәр сағынышты,
Қалайша жүрегімде жасырамын?

Жан әкем, бізге өмір сыйладыңыз,
Алладан қабыл болды иманыңыз.
Ұрпағың жүрген жерде Сіз де барсыз,
Жүректе – Сіздің ғазиз дидарыңыз.

Тағдырдың білдірмеген мүлде ызғарын,
Аман-сау жүріп жатыр ұл-қыздарың.
Дұғаға сізге арналған қол жаяды,
Немере-шөберелер – жұлдыздарың.

Сенбейді сіз жоқ деуге көңіліміз,
Ортада ойсырап тұр орыныңыз.
Жүреміз өзіңізді еске алумен,
Басталды енді екінші өміріңіз.

Ойлаймыз, еске аламыз, сағынамыз,
Сізбенен өткен күннің бәрі де аңыз.
Ауылдың сыртындағы ақ зиратың,
Біздің бір бас иетін Қағбамыз.

Сырласып рухыңызбен, Ағатайым,
Осылай шерімді бір таратайын.

Аймақтың ардақтысы атансаң да,
Өмірде адам едің қарапайым.

Әкесіз енді бүгін жетегіміз,
Осылай өтеді жаз, өтеді күз.
Ағатай, мақшар таңда жолығармыз,
Мәңгілік тыныш болсын мекеніңіз!



ЖҮРЕК СЫРЫ

Апыр-ай, неге бұлай жай тұр ақын?
Арман қыз, тыңда мені!
Жүреkte саған ғана айтылатын,
Жауқазын сыр бар еді.

Шашады бізге жұлдыз-жақұттарын,
Түнгі аспан қара мақпал.
Ай ару жымың қағып бақыт бағын,
Дегендей аралап қал.

Сол түні қос жүреkte бүр атты арман,
Күәгер маржандай күз.
Жәнібек тоғайында сыр ақтарған,
Абай мен Тоғжандаймыз.

Жаныңның шұғыласын жарқыратып,
Сен тұрдың, асыл еркем!
Мен тұрдым бұла жырды шалқып оқып,
Болардай Қасым ертең.

Ал кейін қара жолдан шаңы шығып,
Жел-тағдыр күтіп алған.
Іздеймін көкіректен қаз ұшырып,
Қайдасың, үкілі арман?!

«ЖЕНПИДІҢ» ЖІБЕКТЕРІ

Алматы – ару қала, дәру қала,
Бүгінде жол түспей жүр баруға да.
Арнаймын бұл жырымды Ғалияға,
Айгүлге, Зәмзагүлге, Бануға да.

Пәк еді сол қыздардың тілектері,
Оларды қаншама ақын жыр етпеді.
Қайда екен қаз мойынды, қарақат көз,
ЖенПИ-дің мөлдіреген Жібектері?

Аяулы еді олардың Ай-арманы,
Қазақтың қай жерінде аялдады?
Ауылдың иісі аңқыған бұрымынан,
Қайда екен ЖенПИ-дің сол Баяндары?

Қимайтын қоштасуға абзал бәрі,
Тербелді Алматының вокзалдары.
Жүректі өртеуші еді қылығымен,
ЖенПИ-дің толықсыған Тоғжандары.

Еске алып сол күндердің тек елесін,
Қызыққа қиялыңда кенелесің.
Бүгінде ана болып, әже атанып,
Жүр олар еміреніп немересін.

Күлкісі сынғырлаған – қарулары,
Дәмімен тіл үйірген қауын бәрі.
Аман-сау болыңдаршы барлығың да,
ЖенПИ-дің алаулаған арулары!



АРАЙЛЫ

Қоштасарда күлімдедің,
Нұрға бөлеп маңайды.
Саған қойған бүгін менің,
Есімім бар — Арайлы.

Сені ойламай төзе алдым ба,
Өзің жоқта жол да ұзын.
Арай десем, көз алдымда,
Тұра қалар хор қызы.

Дауысына сен жүректің,
Құлақ салшы, Арайлым.
Жан-жүрегім елжіреп бір,
Келуіңді қалаймын.

Қысқа күнде жүз атылып,
Сыртқа шығып қараймын.
Кеткен қыздай ұзатылып,
Оралмадың, Арайлым.

Ақ қояндай үркек те едің,
Аққуыма балаймын.
Махаббаттың нұр көктемін,
Сыйладың сен, Арайлым.

Өзің жоқта иектеді,
Мені армансыз талай мұң.
Думанменен жиі өтпеді,
Күндерім де, Арайлым.

Арманым бар сірә қандай,
Бдыраса сонша мұң.

Шыңырауға құлағандай,
Алтын зерлі моншағым.

Ойлап жатып көз ілңді,
Осыншама тостырдың.
Ақша қардай сезімімді,
Еріттің бе бос, құрбым?

Сен Баяным болсаң бүгін,
Қозың болар тек мендей.
Қазыналы қолсандығым,
Жат қолында кеткендей...



ЛАҒЫЛ ЖАНАР

Сезімді өртер,
Тәтті мұңымсың,
Жез үнің көркем,
Пәк қылығың шын.

Лағыл жанарың,
Ұмыттырсын ба?
Сағынған әнім,
Тұнып тұр сырға...



ЖАҚСЫКЕЛДІГЕ АРНАУ

Ауылың – Ақтүбектің атырабы,
Ән салып, тоймен таңды атырады.
Сен едің сол өңірде тамыр жайған,
Байғозы батырдың бір жапырағы.

Сағымды Сарыарқаның даласында,
Палуан, ақын, әнші – бәрі осында!
Өскенмін өнеріне тәнті болып,
Сарысу, Манақаның жағасында.

Жасыңнан өнеріңмен дараландың,
Ауылдан қанат қағып, қала бардың.
Сен маған көзіндей боп көрінесің,
Біржан мен Ақан сері бабалардың.

Арқаның самалындай аңқылдаған,
Ұнайды сенің осы қалпың маған.
Әніңе тоят таппай тамсанады,
Теңіздей тебіреніп халқың, далаң.

Алпыстың шықтың бүгін асуына,
Не дерсің дос көңілдің тасуына?!
Мен саған жыр арнаймын шын жүректен,
Естайдай ән арнаған ғашығына.

Тарақтым сендей ерді жақсы берді,
Қанатын көгершін ән қақсын енді.
Аман-сау алшаң басып жүре берші,
Есімі өзіне сай Жақсыкелді!

АҚЫН АБЗАЛ БӨКЕНГЕ

Сөреде кітаптарын шаң баспады,
«Ақтоғай вальсімен» жалғасты әні.
Қазағын толғандырған ойды айтатын,
Жырлары – ақиқаттың алдаспаны!

Перзенті Тоқырауын жағасының,
Өрлеген поэзия дара шыңын.
Елімен кіндігі бір болғаннан соң,
Ақыны болды бүгін Алашының.

Мәрені кесіп өткен бәйгеде аты,
Басқаның айтар болса, қайда даты?
Елінің сөзін айтқан Абзал ақын,
Халықтың сыйлығының лауреаты!

Ардақты Абзал ақын!
Абзал аға!
Көліңде аққу ұшып, қаз қона ма?
Сен елдің зарын айтып мұңаясың,
Боздайсың бозаң тартқан боз далада.

Шабасың болып жатса далаңда ұрыс,
Жарқылдап Махамбетше жалаң қылыш.
Алдағы жақсы күндер еншісінде,
Болашақ ұрпақ айтар бағаң дұрыс.

ЗАҢҒАР БИІК ЗАРҚЫН АҒАМ

Қыраны Балқантаудың Зарқын ағам,
Ұнайды емен-жарқын қалпы маған.
Сексенге келіп отыр сырбаз күйде,
Кәрілік өрті мүлдем шарпымаған.

Ауылы Едірей ғой болған ұя,
Білімі – айдын шалқар мол дария.
Абылай заманынан ақтарады,
Тарихын Қазақия, Жоңғария.

Кеудесі – алтын сандық қазыналы,
Айтады әзіл-қалжың, базынаны.
Еліне том-том кітап сыйға тартып,
Кешіп жүр бұл өмірдің жазын әлі.

Ол менің заңғар биік Зарқын ағам,
Алтыннан ардақты ғой нарқы маған.
Жүреді жас жұбайдай қолтықтасып,
Жанында – Гүлнар жеңгем жарқыраған.

Ағалап соңына еріп, Зақа дедік,
Жүреді жақсы ініге бата беріп.
Алты атан тарта алмайтын атағы бар,
Журналист, профессор, академик.

АҚЫН ЖҮРСІН ЕРМАНҒА

Ассалаумағалейкүм, Жүрсін аға!
Жүректен ұсынамын жыр-сыбаға.
Ұнаса – бауырыңа батаңды бер,
Жүре бер ұнамаса, бір сыба да.

Қияға қанат қақтың Құлжанбайдан,
Жұлдызы дарындының бір жанбай ма?
Жасыңда Мұқағали көшіне еріп,
Жасадың Алматыда жырдан майдан.

Жүресің ортасында дүрмектердің,
Қазақтың байтағынан құрмет көрдің.
Себебі, сен халықтың қазынасы,
Айтыстың қоламтасын үрлеп бердің.

Достарың – қазақтың бай-бағыланы,
Жаныңнан серілер де табылады.
Қашанда жүрген жерің – ду мен думан,
Жыр мен күй, қазағыңның лағыл әні.

Қолдайтын дарындыны, баталыны,
Ақынсың, Азаматсың атағы ірі.
Аман-сау алшаң басып жүре берші,
Қыпшақтың бүгінгі бір баһадүрі!



БӨРІ АДАМ

Серік Ақсұңқарұлына

Жағаңыз – жайлауда!
Жарасып мұртыңыз.
Еліңіз – сайлауда,
Тойда еді жұртыңыз.

Елің де болды өзге,
Орыстың боданы.
Заманың ол кезде,
Советтер Одағы.

Жыр оқып барларда,
Үстіңде – ақ плащ.
Ақынға заң бар ма?
Жорықтар, шапқылас...

Солай бір шайқадың,
Бөрі адам, Сері ағам!
Көп еді айтарың,
Ресторан – аренаң.

Тегің де – жақсы есім,
Кеудеңіз – кекті әлем!
Орыстың ақшасын,
Тасыдың сеткамен.

Заманнан жерідің,
Солай бір сілтедің.
Ақсұңқар Серігі –
Бүгінгі Күлтегін!

НҰР ДИДАРЛЫ НҰРГҮЛІМ!

Аяулы қарындасым Нұргүл Шамаеваға

Ашық мінез, жайдары,
Жүрген жері пайдалы.
Елімізді сұрасаң,
Арғын Алтай Сайдалы!

Ойлы қызы Олжаның,
Биіктерде бол, жаным!
Ағатайлап ағанды,
Қарлығаштай қолдадың.

Қарындасым, тілекшім,
Кеудемдегі жүрексің!
Ағаң осы жырымен,
Жүрегіңе гүл ексін.

Тасада өскен бір гүлім,
Құлын мінез Нұргүлім!
Шабыт берген ағана,
Ұзақ болсын жыр-ғұмыр.

Қыз да болсаң — қалқаным,
Ару қызы Арқаның!
Ауылымды аңсасам,
Саған қарай тартамын.

Жусанымдай жұпарым,
«Ғалиядай» құт өнім!
Сен ұсынған қымызды,
Тоят таппай жұтамын.

Ажарыңа қайран қап,
* Сен жүрген жер — сайран бақ.

Жаздай жайнап жүре бер.
Жаңаарқамда жайраңдап.

Алдында дос-құрбының,
Абыроймен жүр, күнім!
Жырға қостым атыңды,
Нұр дидарлы Нұргүлім!



Жалауы желбіреген
25 жас!
1985 жыл, шілде.



Облыстық «Қарағанды жастары» газетінің
редакциясында. 1990 жыл, наурыз





Айтыскер Айгүл. 1988 жыл. Қарағанды.




Айтыскерлер Қасым Ботанов пен Айгүл Түсіпбекова. Қарағанды. 1986 жыл



Айтбай Жұмағұлов, Анар Жаппарқұлова, Айнұр Тұрсынбаева, Айгүл Түсіпбекова. Республикалық айтыс. Астана. 2000 жыл.



«Айгүл» халықтық, вокалды-аспаптар ансамблінің қыздарымен 40 жылдан соң кездесу. 2021 жыл. Алматы.



«Мәдениет қайраткері» атағын алған сәт.
Алматы.

«Атыңнан айналайын Қарқаралы»
— республикалық ақындар айтысы.
Қарқаралы. 2007 жыл





Ақсу-Аюлыда өткен республикалық
айтыстан соң, 2008 жыл



Әнші Айгүл»





Актоғайдын 90 жылдык мерейтойында



Академик Зарқын Тайшыбай ағамызбен



Жүрсін ағамыз бен Бакытжамал жеңгеміз.
Шортанды.



Халықаралық ақындар айтысы. 1989 жыл.
Алматы қаласы



2002 жылы Алматы қаласында өткен
командалық айтыстың жүлдегерлері



Өнерпаздармен. Әр
жылы суреттер





АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ

Осы кітаптың шығуына демеушілік жасаған Әбілқайыр бауырымызға үлкен алғысымызды білдіреміз!

Ғұмыры ұзақ, дені сау, мерейі қашанда үстем болсын!

Ошақбаев Әбілқайыр Тілеуғабылұлы — Моншақбай балуанның немересі. 1966 жылы 30 наурызда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарасу селосында дүниеге келген. 1983 жылы Жезқазған облысы, Приозерный ауданындағы №7 мектепті бітірген. 1984-1986 жылдары совет армиясы қатарында әскерде болған. 1986 жылы Целиноград ауылшаруашылығы институтының экономика факультетіне оқуға

түсіп, 1991 жылы оқуын аяқтаған соң, Целиноград облысы, Краснознаменский ауданы, Днепропетровский совхозының бас экономисі болып жұмыс істейді. 1994 жылдан 1997 жылға дейін осы ауданның Днепропетровск ПК-да төраға қызметін атқарады. 1997 жылдан 2001 жылдары Ақмола облысы, Бұланды ауданындағы «Партизанское» ЖШС-нің директоры, 2001 жылдан бастап Ақмола облысы, Егіндікөл ауданындағы «Днепропетровское» ЖШС-нің Бас директоры, 2002 жылдан бастап, осы уақытқа дейін Ақмола облысының Егіндікөл ауданындағы «Қоржынкөл-А» ЖШС-нің Бас директоры, «Қараменде би» қорының президенті, Ақмола облыстық мәслихатының директоры. Үш рет қатарынан Егіндікөл аудандық мәслихатының депутаты болып сайланған. Конституцияның 10 жылдығы құрметіне медальмен, «Еңбек даңқы» құрмет белгісімен, 2013 жылы «Тұлға» номинациясы бойынша «Табысты адамдар» халықаралық орденімен, «Шапағат» медалімен, сондай-ақ, 2015 жылы мәслихаттың 20 жылдығы құрметіне, Конституцияның 30 жылдығы құрметіне және т.б. медальдармен марапатталған.

ҚР Президентінің, Ауылшаруашылығы министрлігінің және Ақмола облысы әкімінің бірнеше алғыс хаттарын алған.

2012 жылы Балқаш қаласында Қараменде би бабамызға ескерткіш орнатқан. 2013 жылы Ақмола облысының Егіндікөл ауданында Абылай ханның 300 жылдық құрметіне өз қаражатына 7 миллион теңгеге ескерткіш орнатты. 2021 жылы Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында Көкбай Жаңатайұлы ақынның 160 жылдық мерейтойында ақын ескерткішін орнатуға 500 000 теңге мөлшерінде демеушілік жасады. Ақмола 199

облысындағы қайырымдылық істерге көмек көрсетіп жүрген белгілі меценаттардың бірі.

2007 жылғы 27-28 қыркүйекте Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында Қараменде бидің 300 жылдық мерейтойына арнап шаралар өткізіп, өз қалтасынан 10 миллион 500 мың теңге бөлді. 47 киізүй құрылып, бас жүлделерге 4 ВАЗ-07 автомобильдері тігілді. Ат спорты, қазақша күрес, айтыс және басқа да түрлі шараларға бағалы жүлделер қойылды. «Билер мектебі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіліп, оған көптеген ғылым мен мәдениет қайраткерлері, облыстардың сот төрағалары қатысты.

2022 жылы Ақмола облыстық мәслихатының депутаты бола жүріп, Егіндікөл ауданындағы ауызсу және автомобиль жолдары мәселелері жөніндегі жобаларды жүзеге асырды. 6,5 миллион теңгеге Егіндікөл-Степняк бағытындағы 15 км су құбырының жобалық-металық құжатын жеке өз қаражатына жасады. «АМАНАТ» партиясының мүшесі ретінде қоғамдық істерге белсене қатысып, қоғамдық қабылдаулар жүргізеді.

Ел үшін атқарар істе Құдай қуат берсін!

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|-----|
| Жаңғырған дәстүр | 3 |
| Құдағи, бір партия | 5 |
| Оңаша қалып өлеңмен... .. | 95 |
| Айгүл құдағидың жыр дәптерінен | 97 |
| Төлеубай құданың жыр дәптерінен | 157 |



Айгүл ТҮСІПБЕКОВА
Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ

ЖЫРҒА ҒАШЫҚ
ЖҮРЕКТЕР..

(Өлеңдер, айтыс, естеліктер)
Қазақ тілінде

Редакторы: Серік САҒЫНТАЙ.

Қаріп түрі: Лазурьский, 12 кегль.

Шартты баспа табағы: 12,6 б/т.

Таралымы 500 дана.

Басуға 24.02.2023 қол қойылды,

Қарағанды қаласы,

«TengriLTD» ЖШС баспаханасы.

